

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ИНСТИТУТЫ**

Ә. Нысанбаев

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ**

**Тәуелсіз Қазақстанның
20 жылдығына арналады**

Алматы, 2011

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ**

А. Нысанбаев

**МИР ЦЕННОСТЕЙ
НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА**

**Посвящается 20-летию
независимости Казахстана**

Алматы, 2011

УДК 32.001

ББК 66.2

Н 90

Составители:

доктора философских наук, профессора

Е.Е. Бурова, С.Е. Нурмуратов,

научный сотрудник А. Мейрманов

Рекомендовано к печати Ученым советом

Института философии и политологии КН МОН РК

Н 90 Нысанбаев Ә. Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б. – қазақша, орысша.

ISBN – 978-601-7082-40-6

В книге представлены отдельные статьи, интервью и материалы, опубликованные А.Н. Нысанбаевым на страницах республиканской печати на казахском и русском языках.

В предлагаемой работе анализируются ценности современного казахстанского общества, среди которых независимость автором рассматривается как главная ценность. Особое внимание обращается на соотношение национальных и общечеловеческих ценностей в изменяющемся обществе.

В ходе комплексного междисциплинарного анализа экономических, социально-политических проблем периода трансформации экономического уклада, политической системы, социальной структуры выявлены особенности формирования нового ценностного измерения жизни, раскрыта специфика путей и методов поиска и обретения новейшей казахстанской идентичности.

Издание будет интересно как специалистам в области обществознания, так и широкому кругу читателей, интересующихся современными вопросами политологии, социальной философии, социологии, культурологии.

УДК 32.001

ББК 66.2

ISBN – 978-601-7082-40-6

© Нысанбаев А.Н., 2011

ПРЕДИСЛОВИЕ

В Республике Казахстан происходят системные преобразования, возникли первые демократические институты гражданского общества и социального государства. При этом в процессе становления гражданского общества особое внимание было обращено на критическое освоение социокультурных ценностей, духовного наследия прошлого, на сложный и противоречивый процесс переоценки ценностей в стране.

Переход на путь коренного преобразования всей политической системы общества, основанной на рыночной экономике, потребовал преодоления тотального отчуждения человека, развития тех форм его жизнедеятельности, которые позволили бы преодолеть тотальное давление государства, т.е. формирования институтов гражданского общества.

Преодоление тотального отчуждения в период осуществления рыночных преобразований в экономике, демократических – в политической системе, плюралистических – в идеологической сфере вызвало к жизни необходимость утверждения ценностей либерализма – ценностей свободного труда, раскрывающего творческие способности человека, а, следовательно, развитие чувства хозяина, собственника, создающего своим трудом материальное благополучие как основу жизнедеятельности человека, на основе которой единственно и возможно создавать интеллектуальный и духовный потенциал общества.

Осуществление системных коренных преобразований казахстанского общества должно происходить не как бездумное копирование западного опыта трансформации, а на основе учета конкретно-исторических условий развития Казахстана в эпоху глобализации. Поэтому для становления гражданского общества в Казахстане, раскрывающего творческие способности личности, важно использовать положительный в этом смысле потенциал нашего прошлого, как советского, так и традиционного, сформированные им ценности, на основе которых возможен консенсус и дальнейшее формирование институтов гражданского общества.

Создавать условия для частнособственнического интереса, введения института частной собственности на землю, развития индивидуализма, воспитывать чувство хозяина и собственника – все эти задачи осложняются тем, что в рамках традиционного общества таких условий еще не было, а идеология советского общества на протяжении своей истории искореняла из практики и общественного сознания эти необходимые для становления демократического Казахстана ценности. Задача исследователей

– возродить социокультурные ценности прошлого, способные отвечать этим запросам современности.

Для того, чтобы современное казахстанское общество успешное осуществляло выбранный курс общественно-политического развития, необходимо, на мой взгляд, активизировать и усилить идеолого-пропагандистское обеспечение осуществляемых преобразований с целью закрепления тех ценностей нашего прошлого, которые возрождаются в свете становления институтов гражданского общества и социального правового государства.

Понятие «мы» в традиционном казахском обществе всегда было сильнее «я». Такими же были и отношения собственности, с сильнейшим акцентом на коллективистские начала. Вместе с тем при всей сложности механизма землепользования собственность на землю четко регламентировалась. Три основные формы собственности (частная, общинно-групповая и общественная) были свойственны Казахстану и ранее. Для гармонизации интересов коллектива и личности должны быть объективные условия. Для становления гражданского общества важно создание многоукладной экономики. Равноправные и разнообразные формы собственности, регулируемые рыночными механизмами, реализуют право свободного выбора формы и способы экономической деятельности, экономическую свободу. Надо восстановить подлинную коллективность и объективным основанием этого процесса явится развитие коллективной формы собственности (кооперативная, акционерная, арендная).

Главной ценностью для формирующегося в Казахстане гражданского общества является независимость, а свобода – единство, согласия, толерантность, процветание являются базовыми ценностями; именно свобода, дает каждому индивиду возможность творческой самореализации. Номаду изначально был присущ свобододолюбивый дух. Чувство свободы рождало особое отношение к окружающему его пространству, формировало открытость мировоззрения всему новому, рождало глубокий интерес к миру.

Гражданское общество представляет собою разного рода культурные, национальные, трудовые, территориальные и иные объединения, ассоциации и общности, осуществляющие свою деятельность на основе реального самоуправления. Из истории известно, что в казахском ауле в свое время имел место своеобразный институт самоуправления, который сосуществовал наряду с традиционной властью и формировался в результате выборов членами общины своего «аксакала», решавшего разные вопросы совместной жизни соплеменников. Надо отметить, что в

этой форме самоуправления современные исследователи видят рациональное зерно и возможность ее применения в современном обществе.

Процесс становления демократических институтов гражданского общества невозможен без формирования общеказахстанского патриотизма, на основе консолидирующей общенациональной идеи, который имеет глубокие корни в культуре, психологии, историческом прошлом всех казахстанцев. В традиционном казахском обществе также были сильны такие ценности, как любовь к родной земле, поклонение ей и бережное отношение, уважение старших.

Среди объединительных ценностей, доставшихся нам из прошлого, особое значение имеют ценности межэтнического и межконфессионального согласия и социально-политической стабильности. Они представляют тот ценностный базис полиэтнического казахстанского общества, в сопряжении с которым возможно углубление демократических ценностей в Казахстане, и на их основе должны формироваться институты гражданского общества.

Религиозная веротерпимость, отсутствие фанатизма и религиозной агрессии в исторической традиции казахского народа, уважительное отношение к духовной свободе других народов – благо и важнейшая ценность, которую важно принять на вооружение для развития продуктивного диалога между конфессиями и признания религии в качестве важнейшего элемента гражданского общества.

Таким образом, возрождение утраченной в период тоталитаризма культуры и духовности казахского и других народов, развитие казахской философии в связи с универсалиями традиционной культуры в условиях социально-политической трансформации играют важную роль в обеспечении духовной свободы и независимости Казахстана в контексте мирового развития; они важны для роста национального самосознания, консолидации народа, национальной и культурной идентичности народа.

В этой книге, написанной на основе переработанных отдельных статей, интервью и других материалов на казахском и русском языках, говорится о необходимости критического освоения духовного и культурного наследия казахского народа в процессе системного реформирования Казахстана в эпоху глобализации, переоценки ценностей нашей страны с позиции построения казахстанской модели гражданского общества и социального государства. Диалог с ценностями прошлого есть важнейшее средство укрепления духовной и культурной безопасности посткризисного Казахстана в системе глобальных отношений.

В ней дается обоснование и формирование новой системы ценностей в процессе становления и развития независимого Казахстана. При этом особое внимание уделяется концептуальному анализу независимости как главной ценности нашего государства, духовных ценностей ислама и православного христианства в процессе модернизации и трансформации современного казахстанского общества.

В этой работе не ставится задача полного охвата всех материальных и духовных ценностей независимого Казахстана. Само название книги говорит о необходимости обоснования и формирования новой системы отдельных ценностей в процессе строительства нового государства, нового интегрального мировоззрения и новой евразийской интегральной философии взаимопонимания.

В заключение хочется выразить искреннюю признательность докторам философских наук, профессорам Е.Е.Буровой, С.Е.Нурмуратову, Г.Г.Соловьевой и научному сотруднику А. Мейрманову. Кроме того, выражаю огромную благодарность руководителю Компьютерно-издательского центра нашего института Г.Нусиповой за квалифицированную подготовку рукописи настоящей книги.

1. ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Тәуелсіздік – басты құндылық

Халқымыз үшін күрделі және жауапты кезең болған ХХ ғасырдың соңында егемендіктің, дербестіктің де күні туды. Адам бойындағы даралықты, шығармашылыққа деген еркіндікті мо-йындаған демократиялық елде ғана мемлекеттік егемендікке, тәуелсіздікке ауадай қажетті төзімділік те, бірлік те, достық та, ынтымақтастық та нығая түседі. Адамдар қоғамдағы қарапайым тобыр, бұқаралық мәдениет өкіліне айналмайды, олар бұл тір-шілікте өзінде лайықты өмір жолы бар еркін ойлайтын азаматтар қауымдастығына айналды. Республика азаматтары өздерінің мәдени және ұлттық бірегейлігін егемен еліміздің болашағымен байланыстыру арқылы ғана жасампаздық жолына түсе алады. Осылайша, саяси-әлеуметтік орнықтылықтың, мәдениетаралық, этносаралық және дінаралық келісімнің тереңдеуіне себепкер болады.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың кемеңгер басшылығымен біздер дүние жүзіне танымал егемен ел болдық. Осы жетістікке жету үшін Қазақстан халқының, соның ішінде негізгі шешуші орны бар қазақ ұлтының рухани және материалдық игіліктерін арттыруға байланысты ауқымды жұмыс атқарылды және атқарылуда. Республика атауын берген қазақ ұлтымен бірге елімізде басқа халықтардың өкілдері де жемісті еңбек етуде. Міне, осы қазақ ұлтының құндылықтары, тілі, мәдениеті төңірегіне барлық қазақстандықтарды іштей топтастыру, ортақ саяси құндылықтар негізінде оларды бірегейлендіру құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру үшін өте маңызды. Өйткені бәріміз ежелгі қазақ топырағында өмір сүрудеміз. Сондықтан, қазақтардың ата дәстүрін, дала заңын, саяси мәдениетін, шежіре-тарихын білетін Қазақстан халқының жаңа демократиялық санасын қалыптастыру қажет. Осыған орай, «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының бәсекеге қабілетті қазақ ұлтын, Қазақстан халқын қалыптастырудағы маңызы айтарлықтай.

Қазақ халқы өзінің ұлттық бостандығы мен егемендігі үшін 260-тан астам ұлт-азаттық қозғалысқа, көтеріліске шыққан, соның соңғысы 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі. Еліміздің барша азаматтары, тілі шығып, бір нәрсені түсінуге жараған бүлдіршіннен бастап жүз жасаған ақсақалды қарияларымызға дейін – бәріміз тәуелсіз дербес мемлекетіміз бар екендігін осы жиырма жыл ішінде анық сезінетін болдық.

Осы жиырма жыл ішінде өзіне тән барлық институттары бар түбірінен жаңа демократиялық құқықтық мемлекет құрылды. Сөй-

тіп, егемен Қазақстан әлемдік қауымдастықта дербес даму жолымен нық жүріп келеді.

Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи санасы мен жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымы мен дінін, ана тілі мен ерекше ділін, бай дәстүрлі төл мәдениетін, соның негізінде қазіргі бәсекеге қабілетті мәдениетті дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет.

Үш жүз жыл бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп егемен елін, дербес мемлекетін орнатып, айналасы жиырма жылдың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күш еді, – деп таңқалатындар болса, сол ұлы күш осы – ғасырлар бойы халқымыздың көкірегінен өшпеген ұлттық намыс пен азаттық рухы.

Декларация жаңа 1995 жылғы Конституцияны, республиканың егемен мемлекет ретінде мәртебесін іске асыратын заңнамалық актілерді жасаудың, елдің ішкі және сыртқы саясатын анықтаудың негізі болды. Ендеше, ол халықаралық қатынастардың шынайы субъектісі ретінде Қазақстанның конституциялық құқықтық мәртебесін анықтады.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация бойынша мемлекеттік билік атқарушы, заң шығарушы және тәуелсіз сот сияқты үш тармаққа бөлінген. Сонымен қатар, егемен елдің өзіндік елұраны, елтаңбасы, жалауы, біртұтас территориясы, ұлттық энциклопедиясы, ұлттық валютасы, ұлттық философиясы бар.

Қазақстанның өткен жиырма жылғы дербес, егемен ел ретінде дамуының басты нәтижелері: жүйелі әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды қарқынды жүргізу арқылы нарықтық қатынастар мен институттар құрылды, саяси жүйеміздің институттары қалыптасты, егемен елдің демократиялық саяси жүйесін қалыптастырудамыз, этносаралық үйлесімділік және саяси тұрақтылық, рухани келісім мен бейбітшілік, әлемдік дағдарыс жағдайында экономикалық даму, ұлттық мүддені қорғау негізінде ішкі және сыртқы қауіпсіздікті одан әрі нығайту, мемлекет құрушы және қоғамды іштей топтастырушы қазақ ұлтын барынша дамыту. Шынында да, қазақ халқының ұлттық сана-сы жаңғырып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай, ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін қастерлеу мен құрметтеу, біртуар ұлттық тұлғалары мен құндылықтарын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру, ұлттық бірлікті нығайту бағытында қыруар шаруалар атқарылды.

Алдымызда «Қазақстан–2030» Стратегиясы аясында егемен елімізді инновациялық индустрияландыру, ұлттық экономиканы әртараптандыруды жалпыұлттық идеяға айналдыру арқылы Қазақ-

стан Республикасын өркениетті бәсекеге қабілетті державаға айналдыру міндеті тұр. Ол үшін біздерге қазақстандықтардың бірлігі, төзімділігі, ынтымақтастығы ауадай қажет.

Тәуелсіздік философиясы хақында

– Еліміздің тәуелсіздігінің іргетасы нығая түсу үстінде. Үстіміздегі 2006 жылы жаңа тарихымызға 15 жыл толып отыр. Осы тарихи кезеңде көптеген қиындықтарға кезіктік, сонымен қатар табысты нәтижелерге де қол жеткіздік. Бәрінен бұрын халқымыздың қоғамдық ой-санасының бағыт-бағдарында түбегейлі өзгерістер жүзеге асты деуге болады. Сондықтан, осы саяси-әлеуметтік, рухани жаңа жағдайлар қисыны қоғамымызда ерекше философиялық жүйеге деген зәрулік туғызды емес пе? **Міне, осылар жайындағы әңгімеден сұхбатымызды бастасақ.**

– Тәуелсіздік деген ұғым кез келген халық үшін өте қадірлі ұғым болып табылады. Бұл құбылыстың терең астарларын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арманынан іздегеніміз абзал. Сонау ежелгі заманда Қазақ хандығының тұтастығын сақтауға тырысқан әрекеттерден, оның ішінде жоңғарлармен, қоқандықтармен, ресейліктермен болған текетірес тартыстардан осы тәуелсіздікке деген ұмтылыстарды аңғарамыз. Ақыры түбінде халқымыз үшін күрделі кезең болған ХХ ғасырдың соңында «Алмас қылыш қап түбінде жатпас» дегендей жарқ етіп тәуелсіздіктің, дербестіктің де күні туды. Өзінің құбылыстық мәні жағынан әрбір халықтың өмір сүру тәсіліне, дүниетанымдық жүйесіне барынша алтын өзек қызметін атқаратын тәуелсіздіктің өзінің лайықты тұғырына қонып, әдеттегі саяси-әлеуметтік, этникалық ділдік құбылысқа айнала қоюының өзі оңай нәрсе емес екен. Өйткені, бұрынғы қоғамдық меншікке үйренген дәуірде халықтың санасына ондаған жылдар бойы үйреншікті болып кеткен дүниені түсіну әдеттері мен әлеуметтік психологиясы қатпарланып жатқаны байқалды. Ол қисын бойынша бұқара халық мемлекет тарапынан патерналистік (әкелік) қамқарлыққа үйреніп алған болатын. Яғни, бұндай жағдай кейбір әлеуметтік топтар үшін үйреншікті бойкүйездікті, жауапсыздықты, тіптен, масылдықты қоғамдық психологияға бойлатып үлгірген болатын. Енді жаңа тарихи жағдайда дамыған, өркениетті елдердегі сияқты әрбір азаматтың жеке белсенділігі мен жауапкершілігіне негізделген кәсіби біліктілігін өрбіту қажеттіліктері туындай бастайды. Бұл тәуелсіздіктің іргетасын бекіте түсетін, әрбір азаматтың жеке бостандығын қорғай алатын жаңа заманның әлеуметтік болмысына сәйкес келетін философияның қалыптасуына итермелейді.

Міне, сөйтіп, жалпы халқымыз бен тұтас мемлекетіміз шын мәнінде тәуелсіз болуы үшін алдымен әрбір азаматтың құқығы мен оның жеке даралылығын қорғай алатын қоғамды қалыптастыру қажеттілігі туындай бастайды. Сонда ғана адамға қарай бетбұрыс та жасалады, орта тап та дүниеге келеді, кәсіпкерлік те биік деңгейде өркендейді, әлемдік мәдениет мойындай бастайды және діни дүниетанымға деген бостандығымыз нығая түседі. Міне соның арқасында, өз кезегінде атеистік бағдардан толығымен бас тартып, ұждан бостандығын кеңейтетін діни негіздерімізді жаңғырта алатынымызды байқадық. Осындай адам бойындағы даралықты, шығармашылыққа деген еркіндікті мойындаған демократиялық елде ғана тәуелсіздікке ауадай қажетті бірлік те, ынтымақтастық та нығая түседі екен. Адамдар қоғамдағы қарапайым тобыр мүшесіне, бұқаралық мәдениет өкіліне айналмайды, олар бұл тіршілікте өзіндік лайықты өмір жолы бар, еркін азаматтар қауымдастығына айналады. Әрине, осындай адамдар арасындағы өзара түсіністіктердің тереңдей түсуі әркім үшін қажет дүние және оның шынайы мағынада көрініс беруі өте маңызды. Республика азаматтары өздерінің мәдени және ұлттық бірегейлігін тәуелсіз мемлекетіміздің болашағымен байланыстыру арқылы ғана жасампаздық жолына түсе алады. Осындай саяси-әлеуметтік үрдіс қана Қазақстандағы саяси-әлеуметтік орнықтылықтың, этносаралық келісімнің тереңдеуіне себепкер болады. Қазақстан өзінің тәуелсіздік мәртебесіне қол жеткізген кезеңнен бері әр түрлі ірі кикілжіндерден, қақтығыстар мен тартыстардан аман. Ондай теріс векторлы үрдістерден қорғап келе жатқан рухани күшіміз халқымыздың бірлікке деген ұмтылысында. Мемлекеттік басқару мен қоғамның құндылықтық бағдарлары осы нысандардан таймаса ғана әлем мемлекеттері арасында 9-шы орын алатын үлкен геосаяси кеңістікте тәуелсіздік философиясының қисынымен жүре аламыз. Ал, енді тарихтың доңғалағын кері бұрып, одан басқа соқпақтарға түсіп кетуге тырысқан әрекеттеріміз түп негізінде өзімізге де, өзгелерге де тиімді емес, әрбір азаматтың жеке өміріне де нұқсан келтіреді.

– **Елімізде соңғы уақытта мемлекеттік мәні зор рухани мәселелерге көңіл бөліне бастады. Солардың қатарына мемлекеттік деңгейде қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы жатады. Бұл бағдарламаны орындау барысында қазақ халқының тарихы, этнографиясы, сәулет өнері, философиясы, мәдениеті, фольклоры, әдебиеті, құқығы, психологиясы аясындағы құнды дүниелер мен әлемдік рухани байлықтың інжу-маржаны қамтылады. Енді осыған байланысты өзіңіз жетекшілік ететін салалар жөнінде айта кетсеңіз?**

– «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге аса бастауы үлкен тарихи маңыздылығы бар құбылыс. Ол қазіргі та-

рихи белесте Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асуда. Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – гуманитарлық білімнің әлемдік мол қазынасын, халқымыздың рухани байлығын мемлекеттік тілде жинақтау екені белгілі. Міне, осы әрекеттер арқылы еліміздің рухани қауіпсіздігін нығайтып, тәуелсіздіктің іргетасын барынша ізгі-лікті жолдармен қалай түсу болып табылады. Кезінде біршама теперіш көрген ұлттық тарихымыз бен тіліміздің тарихы осы бағдарламаны жүзеге асыру арқылы бір сатыға болса да биіктеп, ұлттың рухани байлығы молая түсер деген үміттеміз. Ал, енді тікелей менің жетекшілігіммен орындалуға тиісті салаларға философия мен психология секциясы жатады. Атап айтқанда, «Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» деп аталатын 1-ші блок 20 томнан тұрады және оған халқымыздың көне заманнан қазіргі дәуірге дейінгі қордаланған даналық үлгілері, философиялық ойдың інжу-маржандары енеді. 2-ші блок та 20 томнан тұрады және ол «Әлемдік философиялық мұра» деп аталады. Оған сарапшылардың таңдаулары арқылы әлемдік философиялық ойдың ең озық үлгілері іріктеп алынып қазақ тіліне аударылады. Платон, Аристотель, Кант, Гегель сияқты философияның ғұламалары қазақ тілінде сөйлейді. Бұл таңдаудағы негізгі принцип – ұлы философтардың шығармаларындағы тәуелсіздігімізге демеу болатын, рухани жетілуімізге көмек беретін идеяларды жас ұрпаққа барынша төлтумаға жақын нұсқада жеткізу болып табылады. Бұл қадамдарымызды жүзеге асыру үшін философиялық мәтіндерді қазақ тіліне тәржімелей алатын Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы кәсіби мамандар жұмылдырылуда.

Сонымен қатар, 10 томнан тұратын «Әлемдік психологиялық мұра» блогы бойынша алғашқы рет мемлекеттік тілде психология саласының әлемдік классиктері аударылып, олар қазіргі таңда бірнеше том болып жарияланып та үлгерді. Жоғары мектептің қазақ тілді студенттері мен магистранттарына, аспиранттары мен докторанттарына жоғарыда жасалып жатқан игілікті істердің шапағаты мол боларына сенімдіміз. Тек айта кететін бір жайт: жарық көріп жатқан томдардың елімізде таралу даналары өте аз көлемде болып отыр. Сондықтан, Қазақстанның барлық түкпірлеріндегі қалың оқырманға «Мәдени мұра» бағдарламасының өнімдерін жеткізуді, оларды кеңінен насихаттауды үкіметіміз өз қолына алғаны жөн деген пікірдемін. Әрбір ұлт өзінің мәдени мұрасын жоғары деңгейде қадірлеген сайын ол әлемдік жұртшылық алдындағы, Ұлы адамзат тарихы алдындағы мәртебесін биіктете түседі. Руханият әлеміне барынша толыққанды көңіл бөлгенімізден ешқашан ұтылмаймыз. Осындай тарихи қадамдардың арқасында халқымыз өзінің ұлттық тіліндегі білімін жетілдіру бағытында асқақ биіктерге көтеріліп,

Орталық Азияның нағыз рухани жетекшісі рөлін атқаратын тарихи субъектіге айналары анық деген ойдамын.

– Қазақ халқы сан ғасырлық тарихы бар, өзіндік философиялық ой-санасы бар шығыс халықтарының қатарына жатады. Оның ділінде сонау түркілік заманнан келе жатқан құрылымдар да, мұсылмандық дінмен келген дүниетанымдық әмбебаптар да кездеседі. Осылардың бәрін кеңестік дәуірде тереңдеп ашып көрсетуге, жан-жақты зерттеуге мүмкіндіктер болмады. Ал енді қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ философиясының тарихын зерттеудің жай-күйіне тоқтала кетсеңіз.

– Мемлекетіміз өзінің тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылы сол кездегі Ұлттық Ғылым Академиясының құрамындағы Философия институтында қазақ философиясы бөлімінің ашылуына себепкер болған едім. Оның алғашқы бөлім меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор М.С.Орынбеков болатын. Міне, сол кезеңнен бері қазақ халқының философиялық ойының тарихы біздің институтта кешенді түрде, жүйеленген сипатта зерттеліп келеді. Қазіргі кезеңде бөлімнің қазақ тілді ғылыми ұжымының арқасында 5 томдық «Қазақ даласының ойшылдары» топтамасының 4 томы жарық көрді. Қазіргі кезеңде осы жобаның соңғы томы баспаға дайындық үстінде. Жалпы қазақ халқының ойлау мәдениеті тарих қойнауындағы сақтар мен ғұндар замандарынан басталып түркілік тайпалардың қалыптасқан кезеңінде айқын көрініс береді. Қорқыт, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қадырғали Жалайыри және т.б. көптеген түркілік ғұламаларымыз қазақ хандығы кезіндегі ақын-жыраулар мен би-шешендерге өздерінің даналыққа толы философиялық ойларын сабақтастықпен табыстады. Одан әрі Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім сияқты дүлдүлдеріміз тарих сахнасына келді. Ал, енді ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының қалыптасуы да өзінше керемет құбылыс емес пе? Міне, осындай үлкен рухани белестердің, рухани байлығымыздың философиялық тұрғыдан ұзақ жылдар бойы терең зерттеусіз қалуы және оларға жан-жақты пайымдаулар жасалмай келуі тарих алдындағы күнә іспетті болатын. Осы қарызымыз бен парызымызды орындауға асықтық. Тіптен, кезінде «қазақ философиясы» деген ұғымның айтылуына да қарсылық болған кезеңдер де өткені тарихи шындық. Ал, енді қазіргі кезеңде ғылыми ізденістердің арқасында осы «ақтаңдақтардың» орны толығуда. Ғылыми-зерттеу жобаларының орындалуымен қатар қазақтың ғұламаларының дүниетанымына арналған бірталай кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Қазіргі заманда Қазақстанда интеллектуалдық саладағы шын мәніндегі

бәсекелестікке қабілетті, биік деңгейі бар кәсіби философия қалыптасу үстінде. Бұлардың бәрі көңілге демеу болады, болашақтан үміттендіреді. Ал, енді қазақ философиясының басқа халықтардың философиялық жүйелерінен айырмашылығына тоқтала кететін болсақ, онда оның екі айрықша қасиеттерін атап өту керек. Біріншіден, қазақ халқының сан ғасырлық философиялық ойы, негізінен, этикалық бағдарларға, моральдік құндылықтарға сүйенгенін атаған жөн. Екіншіден, әл-Фарабидің рационалистік философиясынан басқа қазақ даласының даналарында, негізінен, поэтикалық формадағы әлемді игеру, пайымдау, зерделеу көрініс береді, көркемдік образдармен бейнелеу басымдық танытады. Бұл біздің шығыстық ділімізге, әлемді көркем образдармен өрнектеуге бейім келетін ерекше түсініктерімізге толық сәйкес келетін сипаттамалар болып табылады. Бұндай ерекшеліктер жалпыадамзаттық мәдени жүйені байытпаса, ешқандай деңгейін төмендетпейді.

– Қазақ халқы жалпы түркілік әлемнің бір бөлігі екені белгілі. Сондықтан оның түркілік негіздері мен философиясы бар екеніне күмән келтіруге болмайтын сияқты? Түркі халықтары осы қисындағы мақсатта ынтымақтастық танытуы қажет сияқты?

– Әрине, қазақ халқының сан ғасырлық тарихын түркілік кезеңінен бөліп қарастыруға болмайды. Сонымен қатар, түркілік негізіміз бір болып келетін көрші жатқан халықтардың ділі мен дінін, дүниетанымы мен философиялық әлемді игеру тәжірибесін қазіргі пәрменді дамуымызда, тәуелсіздікті нығайту аясында толығымен ескеруіміз қажет. Түркілік философияның басқа дүниетанымдардан өзіндік төлтумалығы сонау Тәңірге сенген тарихи кезеңдерден басталады. Түркілер тарихи процесте әртүрлі діни дүниетанымның құрылымымен таныстығы да белгілі. Түркілер ислам дінін қабылдағанымен өзінің төлтума мәдениетінің ерекшеліктерін ұмытқан емес, тіптен, оның барлық мән-мазмұнын еркіндікке, даналыққа құмар кейпіне қарай бейімдеді, дамытты. Сондықтан, араб-мұсылман мәдениеті де өздерінің діни құрылымдарын таратушы ғана емес, сонымен қатар түркілерден көптеген рухани дүниелерді қабылдады деуге болады. Сөйтіп, мәдениетаралық байланыстар Тұран жерінде екі жақты өзара байланыс сипатында өрбігенін байқаймыз. Айта кететін бір жәйт: Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгінеки және т.б. түркі әлеміне ортақ тарихи тұлғаларға туысқан халықтар өзіншілдікке салып таласпағаны жөн. Одан ұтарымыз шамалы. Оның орнына бұл ғұламалардың дүниетанымын, философиялық жүйелерін тереңдей ашып беруге біріге ғылыми-зерттеу әрекеттерін жасағанымыз тиімдірек. Міне, сол арқылы барлығымыздың да рухани дүниеміз байи түсетіні анық. Ал жас ұрпақ шығыстық даналық үлгілерінің қайнар бұлағынан сусындауға мүмкіндік алады. Біздің

ғылыми жобаларымыздың құндылықтық бағдарлары қазіргі жаһандану заманында осындай принциптерді басшылыққа алады.

– **Тарихтың күрделі сынағына бірнеше рет түскен қазақ халқы XX ғ. басы мен ортасында әр түрлі саяси үрдістердің әсерінен өзінің демографиялық тұтастығын жоғалтып алу-дың алдында болды. Сондықтан қазақ диаспорасы деген құбылыс дүниеге келіп, халқымыздың үштен бір бөлігі өзінің тарихи Отанынан шет елдерде өмір сүретіндігі анықталды. Ал енді осы мәселенің теориялық-әдіснамалық, әлеуметтік-практикалық қырларын зерттеуді алғашқылардың бірі болып қолға алдыңыз. Осылар жөнінде айта кетсеңіз?**

– Қазақ диаспорасы мәселесін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолға алып зерттеуге атсалысқанымыз рас. Жаңа диаспорану (диаспорология) ғылымын ашып, оның зерттеу пәні мен әдістерін анықтадым. Оны «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына енгіздім. Ол қазір әлемдік гуманитарлық ғылымда кеңінен пайдалануда. Бірнеше кітаптар жарық көрді. Оның үстіне, осы 20 жылдың ауқымында осы мәселе бойынша бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларының орындалуына жетекшілік жасап, жалпы диаспорану мәселесінің әлемдік деңгейдегі теориялық-әдіснамалық тұстарын ашып көрсетуге тырыстық. Әсіресе, қазақ халқының тарихына байланысты диаспоралық мәселелердің қыр-сырын ашуға әр түрлі саладағы ғалымдарды жұмылдырумен айналысқандығымыз өз жемісін берді. Қазіргі кезеңде қазақ диаспорасы мәселесінің тарихы, құқықтық, құндылықтық, әлеуметтік психологиялық, демографиялық, дүниетанымдық қырлары біршама айқындалды. Ал, енді оралмандар үшін квотаның жылдан жылға көбеюі еліміздің тәуелсіздігінің нығая түскендігінің бір белгісі деуге болады. Дегенмен, Қытай мен Өзбекстандағы, Ресей мен Еуропадағы бірнеше миллиондаған қандастарымыздың хал-жағдайына көңіл аудару мәселесі, олармен байланысты жан-жақты салаларда (білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени және экономикалық салаларда) нығайту мәселесі әлі де өзінің өзектілігін, маңыздылығын сақтап отыр. Ұлттық болмысы мен тілін, діні мен ділін, ұлттық бірегейлігін сақтау өзекті мәселелер қатарына жатады. Өйткені, олар бір сәтте және тез шешіле қойылатын шаруалар қатарына жатпайды. Олар біршама шыдамдылықты, этникалық төзімділікті, халықаралық дипломатияның ұтымды тұстарын тиімді пайдалануды қажет етеді. Қазақстан тәуелсіздік алысымен Германия мен Израиль сияқты үшінші ел болып, өзінің диаспорасына мемлекеттік қамқорлық жасап келеді. Шын мәнінде өзінің ұлттық диаспорасының жағдайына шынайы мән беріп, көңіл бөле бастаған халық қана нағыз есейген, жетілген ұлттың қатарына жатары анық. Осы мағынада алдымызда

алынатын асулар әлі де көп екенін де ескергеніміз жөн. 2005 жылы жарық көрген «Қазақ диаспорасы: бүгіні мен ертеңі» және «Еуразия интеграциясы жүйесіндегі қазақ диаспорасы» деп аталатын ұжымдық монографияларда көптеген күрделі мәселелер көтеріледі. Бұл жинақтарда қазақ диаспорасының этникалық және рухани-мәдени ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Дегенмен, бұл тақырыпты зерттеуді әрі қарай теориялық және қолданбалы сипатта жалғастырып, қаңдастарымызға нақты көмектер беріп отырғанымыз абзал.

– Қазіргі кезеңде әлемде жүріп жатқан жаһандану процестері еліміздің тәуелсіздігіне, ұлттық мәдениетіне, экономикалық дербестігіне және жалпы болашағына қалай әсер ететіні барша қауымды алаңдатады. Осы мәселелерге де философиялық-саясаттанулық тұрғылардан тоқтала кетсеңіз деген қолқамыз бар.

– Қазіргі замандағы ғаламдық үрдістердің ішінен жаһандану процестерін ерекше атап, оған әрқилы сипаттама беріп келеміз. Жалпы жаһандану дүниежүзілік тарихтың қисынына сәйкес, тарихтың қойнауынан туындаған өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басында кеңінен көрініс берген объективті процесс. Жаһандану процестерінің оңды жақтарын да, теріс қырларын да айқындап беруге болады. Оңды дейтін себебіміз бұл процестер әлем халықтарының мәдениетін, экономикасын, саяси және ақпараттық жүйелерін барынша жақындата, кіріктіре түсетін қасиеті бар құбылыстар қатарына жатады. Өкінішке орай, жаһанданудың теріс жақтары да аз емес. Мәселен, ол ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық мәдениетті барынша бедерсіздендіруге итермелейді және саяси, әлеуметтік тәуелсіздіктің принциптеріне барынша немқұрайлылықпен қарайды, экологиялық үйлесімділікті сақтаудан гөрі прагматикалық пайданың соңына түскен корпорациялардың, концерндердің мүддесін күйттейтін қадамдармен өрбитін қасиеттері де бар екенін байқаймыз. Сондықтан, кез келген ұлттық мәдениет жаһанданудың игіліктеріне, оның барынша бойлап еніп келе жатқан үрдістеріне сақтықпен қарайды және олардың әрқайсысы нигилистік кейіптегі бұқаралық мәдениеттің құрбаны болып кетпеуді ойлайды. Сөйтіп, бір жағынан, жаһандану елімізге Жер бетіндегі интеграциялық процестердің нәтижелерін, әлемдік дамудың игіліктерін алып келсе, екінші жағынан, кейбір әлсіздеу мәдениет пен өркениеттерді жұтып қоюға дайын тұратын қасиетімен этникалық келбетімізді жойып жіберуге бейімдігімен қауіпті. Әрине, тәуелсіздіктің туын биіктетеміз деген желеумен әлемдік өзара байланыстан шеттеп, оқшауланып қалуға болмайтыны анық. Ондай жолды таңдаған мемлекеттер өздерінің әр түрлі салалардағы даму мүмкіндіктерін шектей түсетіндігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Еуразиялық кеңістіктегі көршілеріміз Ресей мен Қытай экономикалық, саяси-

әлеуметтік жағынан маңыздылығын сақтайтын державалар болып қала бермек. Әрине, түркілік әлемге жататын елдермен де байланысымызды өрбіте түскеніміз абзал. Жалпы үнемі тең дәрежедегі, яғни паритеттік нұсқадағы халықаралық қатынастарды дамытудан ұтылмасымыз анық. Дегенмен, дербестігімізді, тәуелсіздігімізді мықтап нығайтудың жолдарын іздегеніміз де абзал. Ол – әлеуметтік өмірдің барлық салаларындағы сапалы және жүйелі дамумен байланысты құбылыстарға барынша назар аудару. Ал, енді сондай саланың бірі ғылым болып табылады. Ғылымға және сапалы білімге терең мән беріп қана, оларға барынша шынайы назар салу арқылы басқа елдердің жетістіктеріне тәуелді болмаймыз, тәуелсіздігіміз нағыз іргелі құрылымға айналады.

– Ғылыми кадрларды дайындау мәселесі де маңызды мәселелер қатарына жатады. Олардың кәсіби деңгейінің жоғарылығы жалпы ғылымның деңгейін көтеруге негіз болады. Ал, енді ғылымның білім саласымен, әсіресе, жоғары мектеппен байланысы қандай? Жаңа үлгідегі философия мен саясаттануға негізделген оқу құралдары студенттер мен магистранттарға қажет емес пе?

– Қазақстандағы кәсіби философияның қалыптасуы өткен ғасырдың 50-шы және 60-шы жылдарының еншісінде. Сол кезде академик Ж.М.Әбділдин бастаған бірнеше білікті мамандар диалектикалық логика мектебінің қалыптасуына себепкер болды, өзінің беделі жағынан бұрынғы Кеңес Одағына белгілі ғылыми орталықтардың қатарында болды. Тоталитарлық принциптеріне сәйкес келмейтін шығармашылық еркіндікті танытқан қазақстандық мамандар қазіргі тәуелсіздіктің құндылықтарын сол тарихи кезеңде-ақ білдіре бастаған еді. Аспирантура мен докторантура арқылы ғылыми кадрларды дайындау ғұрпымыз сол уақыттан бері институтымыздың жақсы дәстүрлерінің қатарына жатады. Мамандарымыз нағыз қазіргі заманғы интеллектуалды бәсекелестікке дайын деңгейге көтерілуде. Ғылыми жұмыстар ғылыми мекемемізде терең сараптаулардан өтіп барып оқырманына ұсынылады немесе диссертация түрінде қорғауға ұсынылады. Біздің ғалымдарымыз жоғары мектептегі оқу процесіне белсене араласады және оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға да атсалысуда. Жалпы философияның өзі қазіргі заманда біршама өзгерістерге ұшырап, руханият пен рухани мәселелерді жоғары көтеруге бағдар ұстануда. Ол дегеніңіз адамдарды өзара түсінісуге, толеранттық санаға қарай шақыру болып табылады. Қазіргі заманның негізгі қайшылығы – қоғамдағы шынайы өзара түсіністіктің жоқтығы, адамдар арасындағы әлеуметтік қашықтықтың ұлғая түсуі болып табылады. Оның себебі адами

руханилықтың социумда өрбімей, өзімшілдіктің тереңдеп кетуінде. Өкінішке орай, нарықтың дамуы бұл процестерді одан сайын күрделендірді. Ал қазіргі заманда осы өзара түсіністіктер мен төзімділіктер сипаты ислам мен христиан діндерін уағыздаушылар арасында орнықпай заманымызға түнектей болып отырған терроризм мен экстремизм көріністерінен толық құтыла алмаймыз. Сондықтан, этносаралық және конфессияаралық келісімді орнықтыруға ұмтылу, солардың теориялық жолдарын іздеу қазіргі заман философиясы мен саясаттану ғылымының негізі болып табылады. Бұрынғы кейіптегі жалаң рационалдыққа сүйенген философиядан гөрі адами мәселелерді тереңірек ашып көрсететін, рухани болмыстың қыр-сырын анықтайтын жаңа формадағы, гуманистік негіздегі теорияның студенттер мен магистранттарға дәрістелгенін қалаймын. Еліміздің болашағы да осындай кейіптегі мәдениетті, философияны, саяси бағдарларды дамытуда деп білемін. Жалпы еліміздің ішкі бірлігін нығайту идеясын тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық дамуының көшбасшы бағдары етіп алатын уақыт та келген іспетті.

Өңгімелескен Серік Нұрмұратов,
философия ғылымдарының докторы
«Егемен Қазақстан», 18 сәуір 2006 ж.

Ұлттық рухты асқақтата түсу керек

– Қазаққа фәлсафа таң емес, ақынның жыры, жыраудың термесі, бидің шешімі, шешеннің байламы – тұнған фәлсафа. Біз осы Ұлы Дала фәлсафасын қаншалықты зерттеп, қазақтың рухани бейнесін әлемге таныта алдық?

– Қазіргідей өтпелі қоғамда өмір сүрген жағдайда, кез келген елдің немесе халықтың болашақ өркениеттік дамуы сырттан енгізілген саяси технологиялар мен экономикалық реформалау әдістерінің көмегімен емес, ұлт болмысының терең рухани қыртыстарын қамтитын дүниетанымдық тұрғыда шешіледі. Ал, біздің қазақ тумысынан философ халық қой. Сондықтан, ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық тұғырларын қалпына келтіруде философия маңызды орын алады.

Жекелеген ғылым салалары табиғат пен қоғамның нақты қырларын зерттеумен айналысса, ал, философияның пәндік аумағы адам мен әлемнің жалпы арақатынасын қамтиды. Осыған сәйкес кейбір ғылым салалары ұлттықтың ауқымынан тыс жатса, ал философия өзінің бастауын мифологиядан, діннен алатындықтан, әлемге

деген қатынастың этностық сипатымен, мәдени ерекшелігімен тығыз байланыста болады. Демек, әлемде қанша ұлттық жетілген мәдениеттер бар болса, сонша ұлттық философиялық жүйелердің болатындығы белгілі. Ал, қазақ халқының кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасын ескерсек, қазақ философиясы туралы сөз қозғау орынды да әрі маңызды.

Қазақ мәдениетінің өткені, оның терең рухани қыртыстары мен болмысы, бүгінгі мәдени ахуалдың қайшылықтары мен келешегі мәселелерін зерттеу өзінің көкейтестілігімен көзге түсіп, отандық философия ғылымына маңызды міндеттер жүктейді. Егер Батыста кәсіби формадағы университеттік философия үстемдік етсе, қазақтардың ұлттық дүниетанымы көркемдік және діни мәтіндердің дәстүрлі түрлерінде, өзіңіз айтқан ақын-жыраулардың, би-шешендердің, ағартушылардың шығармашылығында басым болып келеді. Бұл қазіргі кезде еуроорталықтық ойлау тәсілінен арылған қазақ философиясының болашағы туралы мәселені күн тәртібіне қояды. Қазақтың бай тәлтума мәдениетін қалпына келтіру, халықтың тарихын жан-жақты түсіну үшін де, оның дүниетанымдық негізі мен әдіснамалық құралын қалыптастыру қажет.

Осы орайда, қазақ философиясының ерекшеліктерін сараптай келе, оның мынадай жіктемелік белгілерін атап көрсетуге болады: қазақ философиясы философиялық емес сарындағы даналық тәжірибесіне жатады; қазақ даналығы табиғатпен үйлесімде өмір сүруімен, оны киетұтумен сипатталады, оның терең экологиялық мазмұны бар; қазақ философиясы көшпелілік менталитетімен тығыз байланысты; қазақ философиясы онтологиялық және гносеологиялық мәселелерден гөрі, этика мен антропологияға көбірек көңіл бөледі, аксиологиялық мәселелерге, әсіресе, рухани құндылықтарға ерекше назар аударылады; қазақ философиясы өзінің ғарышпен, әлеммен үндестігі арқылы сипатталады; философиялық мәселелер, қазіргі тілмен айтқанда, негізінен, экзистенциалдық, дидактикалық және прагматикалық сипатта қарастырылады, қазақ философиясында нәпсіден, байлықтан, табыстан гөрі, ар-намыс, қанағат, тәубе, әділеттілік және тағы басқалары жоғары қойылады, алудан гөрі беру дәріптеледі; ұжымдық мүдде жеке мүддеден жоғары қойылады.

Кеңестік тарихымызда көптеген жылдар бойы барлық гуманитарлық және қоғамдық ғылымдарда қазақ халқының рухани тарихындағы үрдістерге үстірт көзқарас қалыптасып келгені белгілі. Тәуелсіздікке қол жетісімен біз өз институтымызда «қазақ философиясы және эстетикасы» бөлімін ашып, осы уақытқа дейін айтылмай келген қазақ философиясының проблематикасын ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналдырдық. Соның нәтижесінде, бірнеше ұжымдық монографиялар жарық көрді: «Қазақ даласының

ойшылдары: IX–XII ғғ.» (1995), «Қазақ даласының ойшылдары: XIII–XV ғғ.» (2001), «Қазақ даласының ойшылдары: XVI–XVIII ғғ. (2001), «Қазақ даласының ойшылдары: XVIII–XIX ғғ.» (2004). Сондай-ақ, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 20 томдық «Қазақ халқының философиялық мұрасы» антологиясын аяқтап қалдық. Антологиялық ұстынмен құрастырылған осы сериядан іріктеп, үш томын ағылшын тілінде келесі жылы шығарсақ па деп отырмыз. Бұл шаралар қазақтың рухани бейнесін әлемге танытуға жағдай жасайды және қазіргі қалыптасқан заманауилық ахуалда қоғамның рухани даму жолын дербес таңдауға, ұлттық мәдениетті қайта түлетуге көмектеседі, сонымен қатар қазақтардың тарихтағы өткенін руханилық тұрғысынан кеңінен пайымдауға септігін тигізеді деген ойдамыз.

– Қазақтың философия ғылымының қарашаңырағы – Философия және саясаттану институтына жарты ғасыр толды. Өзіңіз басшылық ететін Философия және саясаттану институты қазаққа не берді? Басты жаңалығы қайсы?

– Иә, біздің ұжым 1958 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының «Философия және құқық» институты болып құрылды. Кеңес дәуірі тұсында маркстік-лениндік рухтағы философияның тек қоғамдық-саяси өмірдегі идеологияның негізгі құралы болып қана қоймай, бүкіл жаратылыстанулық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық негізі болғаны да белгілі.

Ол кезеңде Қазақстанда өзіндік кәсіби философиялық мектеп қалыптасып, оның өкілдері жалпы кеңестік, әлемдік философиялық білімнің дамуына да өз үлестерін қосты. Маркстік-лениндік философияның жалпы теориялық және түбірлі мәселелеріне, олардың ішінде материалистік диалектикаға қатысты, диалектикалық логиканың маңызды мәселелеріне қатысты академик Ж. Әбілдиннің басшылығымен жиырмадан астам монографиялық жұмыс жарияланып, одақтың философиялық қауымдастығынан өзіне лайықты бағасын алды. Диалектикалық логика бойынша Бүкілодақтық симпозиумдардың 1968, 1977, 1990 жылдары Алматы қаласында өтіп, симпозиумның материалдары жеке-жеке екі кітаптарда жарияланды. (Проблемы диалектической логики. Наука, Алма-Ата, 1968, 281 бет және «Актуальные проблемы диалектической логики.» Алма-Ата, 1971, 670 бет, «Материалистическая диалектика как методология»). Бұл симпозиумдарға Мәскеуден, Ленинградтан, Киевтен, Ташкенттен және т.б. қалалардан белгілі ғалымдар қатысты.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталады. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен

мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру.

Биылғы жылы жартығасырлық мерейтойымызға орайластырып, ғылыми қызметкерлеріміздің мақалалары жарияланған «III мыңжылдық табалдырығындағы әлемдік және қазақстандық философия мен саясаттану» атты жинақ дайындап қойдық. Бұл жыл біз үшін жауапты жыл болып отыр. Біріншіден, «Философиялық-гуманистік және әлеуметтік-саяси өлшемдегі Қазақстанды жүйелі жаңарту» деген тақырыпқа топтасқан 18 іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарымызды аяқтаймыз. Екіншіден, «Қазіргі Қазақстанның ішкі саясат саласындағы үдерістерді іргелі зерттеу» деген тақырып төңірегіндегі қысқа мерзімді ғылыми-зерттеу жобаларымызды сараптамалық баяндамалар түрінде Президент Әкімшілігіне дайындаудамыз. Үшіншіден, «Ұлттық идея – Қазақстанның орнықты дамуының негізі» деген тақырыптағы 10 қолданбалы-ғылыми зерттеу жобаларымызды жалғастырамыз. Төртіншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы зерттеулеріміз бен аудармаларымызды аяқтап, соның төңірегіндегі жаңа философиялық-дүниетанымдық жұмыстарымызды өрістетеміз.

Институттың басты ғылыми жаңалығы: университеттердің философтарымен біріге отырып, жүйелі зерттеулер негізінде жиырма томдық қазақ халқының философиялық мұрасын тұңғыш рет жинақтап, баспадан шығару. Сонымен қатар қазіргі өзекті кешенді мәселелер бойынша «Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ» (2006) және «Общественная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа» (2006) сияқты жаңа қомақты еңбектер жарық көрді.

2008 жылы 50-жылдығымызға орай, өзімізде конференция өткізіп қана қоймай, шетелдерде өтетін ірі симпозиумдарға қатысу ойымызда бар. Мақсатымыз өзімізді өзіміз және басқаны терең тани отырып, өзімізді басқаға таныту. Біз өз ішімізде қайнап қана қоймай, шетелдерге жиі шығып, өз ғылымымыз бен мәдениетімізді де насихаттай білуіміз керек. Мамыр айында Түркияның Стамбұл және Анкара қалаларында ортағасырлық ғұлама ғалымдарымыз Ибн Сина мен Махмұт Қашқариға арналған үлкен симпозиум-

дар өтіп, оған мен өзім қатысып, баяндамалар жасап қайттым. Ал шілде-тамыз айларында Оңтүстік Кореяның астанасы – Сеул қаласында бес жылда бір өтетін XXII Әлемдік философиялық конгреске де үлкен дайындықпен бармақпыз. «XXII Әлемдік философиялық конгресс: қазақстандық делегацияның баяндамалары» деген тақырыпта орыс және ағылшын тілдерінде кітап жарияладық, соны ала бармақпыз. Ақырында, қыркүйек-қазан айларында Ресей Федерациясының астанасы – Мәскеу қаласында Ресей Ғылым академиясы Философия институтының 80 жылдығына арналған халықаралық конференция өткізіледі. Оған біздің бір топ ғалымдарымыз қатыспақшы. Институтта атқарылып жатқан осындай қыруар жұмыстар шетелдерге таңсық болып отырған қазақ халқының философиясын танытуға мүмкіндік береді.

– Заманның қиындығы және күнкөріс қамымен жастар ғылымнан алшақтап кетті. Ғылыми ортадан жастарды емге таппайтын болдық. Кейінгі буын аға буыннан ажырап бара жатыр. Осы ел болашағы үшін қауіпті құбылыстан қалай арылуға болады?

– Жекелеген жетістіктерді есепке алмағанда, жалпықазақстандық ғылымның жай-күйі әлемге танымал дейтіндей мақтанарлықтай жағдайда емес. Ғылыми-техникалық дамудың қарқындылығы нәтижесінде әлемдік қауымдастықтың жаңа ақпараттық-интеллектуалдық қоғамға қадам басуы және сонымен қатар, еліміз егемендік алғаннан кейінгі он шақты жыл ішіндегі өтпелі қоғамға тән реформаларға сәйкес жаңалықтар лебі отандық ғылымға жаңа талаптар қояды. Қазақстанның ғылымын ілгері дамыту үшін, буындар арасындағы сабақтастықты сақтау үшін, менің ойымша, төмендегі ұсыныстарға құлақ асу керек сияқты:

– ғылыми зерттеулер республикада барлық қаржы, кадр және материалдық-техникалық мәселелерге қатысты бірінші кезектегі мәселе болуы, оларға деген көзқарас, олардың әдіснамасы мен технологиясы, зерттеу бағдарламаларын қалыптастыру мен қаржыландырудың стратегиясы түбегейлі өзгеруі тиіс;

– ғылым саласындағы мемлекеттік емес сектор құруға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларды қажетті мемлекеттік тапсырыспен, үй-жаймен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету арқылы ғалымдар арасындағы бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту керек;

– ғалымдардың жалақысын басқа дамыған елдердегідей көтермейінше, әлеуметтік мәселелерін шешпейінше инновациялық дамуға көшу мүмкін емес;

– техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша қазақ тілінде жаңа оқу бағдарламаларын, оқу құралдары мен оқулықтарды шығаруды үдету керек.

Жалпы, білім беру жүйесінің жалпыны қамтитын сипатына сәйкес әрбір әлеуметтік бірлікті ұлттық тарих пен рухани мәдениет аясына енгізу арқылы, елімізде біртұтас мәдени-ағарту және ақпараттық кеңістікті қалыптастыру арқылы білім мен ғылымды қоғамдық талапқа сай етіп жаңаша құруға болады. Сонда отандық жаңалықтар да шет жерге сатылмайтын болады, жастар ғылымнан қашпайтын болады.

– Сан ғасырлық азаттық идеясы Тәуелсіздікке қол жеткізді. Ал тәуелсіздікті нығайтушы идея қандай болуы керек? Қазіргі қазақ философиясының мәні не?

– Бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін құрайтын сияқты. Соңғы екі-үш ғасырларда отаршыл саясатқа қарсы жүргізілген үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, дербес елге айналдық. Алайда, қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке төтеп беру де оңай шаруа емес. Ұлттық намыс пен жігерді жани түсу керек, ұлттық рухты асқақтата түсу керек деп ойлаймын. Бұл үшін өз қазаныңның ішінде қайнап қоймай, одан асып төгіліп, өзіміздің тамаша ұлттық құндылықтарымызды сыртқы әлемге де сіңіре білуіміз керек. Қазіргі қазақ философиясының мәні барлық жағынан алғандағы еркіндік және еркін ойлайтын тұлғаны қалыптастыру мәселесі болуы керек деп ойлаймын.

– Әбдімәлік аға, білуімізше, әу бастағы мамандығыңыз математик екен, даналыққа құштарлық ғылымы – философияға қалай келдіңіз?

– 1955–1960 жылдар аралығында Қызылорда педагогикалық институтында оқыдым. Сыр бойындағы бұл білім ордасында сол кездері мықты білімді ұстаздардан дәріс алдым. Қызылордада мен оқыған кезде талантты да тамаша ұстаздарым болды, солардың арасында Ә.Тәжімағамбетов, Ә.Оразалиев, Е.Махмұтов, Ж.Беркімбаев, И.Бекбаев, С.Сарманов, Ж.Сәтбаева, С.Елубаев сынды ұстаздарымды ерекше атап өткім келеді. Озат студент ретінде сталиндік стипендиат болдым, институт қабырғасындағы студенттік ғылыми үйірмелерде физика-химиялық зерттеулермен, аздап математиканың философиясымен айналыстым. Студент кезімдегі суретім осы оқу ордасында әлі күнге дейін ілініп тұр. Химия ғылымдары институтының электрохимия лабораториясымен біршама байланысып тұрдым. 1960 жылы мені жолдамамен ҚазКСР ҒА Химия ғылымдары институтының электрохимия лабораториясына қабылдады.

Химия да менің оянып келе жатқан кәсіби қызығушылығым орай, маған жақын болды. Алхимияның қашанда жаратылыстану-

лық ғылымдар мен философияның одақтасы болып келгені құпия емес. Уақытында алхимиямен Раймонд Луллий, Галилей, Ньютон және т.б. айналысты. Мәңгіліктің элексирін, философиялық тасты тауып алу ғасырлар бойы ғалымдарды, адамзаттың озық ойлы өкілдерін толғандырып келгені сөзсіз. Менің ойымша, ғылымның әр алуан саласындағы ізденістер біздің танымымызды, біздің дүниетанымымызды, біздің әлемге деген қатынасымызды кеңейте түседі. Менің Қазақ КСР ҒА Химия институтындағы жұмысым құр кездейсоқтық емес, мені философияға жетелеп әкелген сатының бір баспалдағы болды.

Менің философиялық жолым оңайға соққан жоқ, бұл ізденістің, күмәнданудың, адамгершілік және шығармашылық ширығудың жолы болды. Әкем сталиндік саясаттың құрбанына айналып, жоқшылықтың ащы дәмін татсам да, мен жастайымнан сталиндік стипендиат болып, бүкіл кейінгі өмірімді білім алумен, ғылыми ізденіспен байланыстырдым. «Елу жылда ел – жаңа, жүз жылда – қазан» деп данышпан қазақ айтпақшы, осы елу жылға жуық менің саналы шығармашылық өмірімде заманның өзгерісінің куәсі болдық, соның жартысын кеңестік дәуіріндегі жастық жігерге толы ғылыми-философиялық ізденістерім қамтыса, ал қалған жартысына жуығы ақыл тоқтатқан байсалды қалыптағы рухани ізденістерім тәй-тәй басқан еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға арналды. Менің философия мен ғылым жолындағы шығармашылығымды шартты түрде осылай екіге бөліп қарастырған дұрыс болар.

1961 жылы қазақ халқының маңдайына біткен майталман ғалымы, заңгері деп айтуға да болады, бүгінгі академик Салық Зиманов ағамыз мені Философия және құқық институтына жұмысқа қабылдады. Бастапқыда аға лаборант, кейін кіші ғылыми қызметкер болып қызмет істедім. Философиядан дәрістер тыңдай жүріп, күшті толғаныстарға келетінмін. Бұл дәрістер мені қатты мазалайтын, менің ақыл-ойым мен сезімдерімді буырқантып, толқытатын. Мен көп нәрсені ұққым келді, өмірді, әлемді, өзімді өзім түсінгім келді. Біздің қазақстандық философтармен жүздесу және сұхбаттасу, классикалық философиялық мәтіндерді оқу мені жүзеге асып та үлгірен өзімнің таңдауыма, философияны таңдауыма алып келді. Философия тарихында, есіңізде болса, Бозэций үшін философия жұбаныш болған. Менде ол тек жұбаныш қана емес, бүкіл өмірімнің мәніне айналды. Институттың ұжымы мені жылы шыраймен қарсы алды. Мен тамаша шығармашыл ұжымның ортасына түстім: Жабайхан Әбділдин, Мамия Баканидзе, Лев Науменко, Герасим Югай, Ағын Қасымжанов – бұлар менің пікірлестеріме, үзеңгілес серіктеріме, достарыма айналды. Өз өмірімнің бұл кезеңінде мен қазақстандық философияның барлық даңқты ғалымдарымен та-

нысу бақытына ие болдым. Олардың көпшілігімен осы күнге дейін достық қатынастарымыз сақталып қалды.

Тағдыр маған оң көзімен қараған сыңайлы. Алпысыншы жылдары, кеңестік қайта өрлеу дәуірінде мен философиялық және ғылыми өмірдің қайнаған орталығы Мәскеуде болдым. Сол ұмытылмас жылдары Мәскеу қаласы менің аспиранттық өміріме де дендеп кірген қысқа ғұмырлы жылымықтың рухани астанасы болып еді. КСРО ҒА Философия институты шындығында да, ең танымал мекеме, зиялылардың ордасы болды. Кеңестік философиялық элитаның ең көрнекті өкілдері дәлосы жерде жұмыс істеді, шығармашылықпен айналысты. Бұл кездері тағдыр маған И.В.Кузнецовпен, Э.В.Ильенковпен, В.А.Лекторскиймен, А.Ф.Зотовпен, В.С.Готтпен, Г.И.Рузавинмен, В.В.Давыдовпен және өзге де әйгілі ресейлік тұлғалармен кездесудің және достасудың қуанышын тарту етті.

– Антик дәуіріндегі грек философтары адамзат түсінігін, ал кешегі Маркс пен Энгельстің фәлсафасы бүкіл бір қоғамдық құрылысты өзгертіп жіберді. Қазақтың болашағынан осындай ой қуатын байқай алдыңыз ба?

– Жоғарыда айттық, қазақтар даналыққа құштар, философ халық деп. Әл-Фарабиді, М.Қашқариді, Ж.Баласағұнды, Қ.А.Иассауиді дүниеге келтірген топырақ, одан бері адамзат деп сөйлеген Абай мен Шәкәрімді өмірге әкелген сайын сары дала әлі де небір даналарды тудырар. Біздің қазіргі егемен дамуымыз болашақтан көп үміт күттіреді. Әлемдік қауымдастықтан өзіндік орын алып үлгірдік. Озық өркениетті елдердің қатарына кіреміз деген мақсатымыз және бар. Л. Гумилевтің «пассионарий» теориясына сүйенсек, біз кемеліне келіп тасуға қабілетті жас халықпыз.

– Сіз «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын енгізу төңірегінде, Қорқыт Ата, әл-Фараби, Иассауи, Иүгінеки, Баласағұн, Қашқари, Абай, Шәкәрімдерді өзге тілде сөйлетіп, әлемге танытуда әжептәуір іс тындырдыңыз, өткенде Елбасы айтқандай, осы бағдарламаны жаңаша жандандыру жолын саралап көрген жоқсыз ба?

– Президент Н.Ә. Назарбаевтың кемеңгер бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңін аяқтап, екінші кезеңіне бет бұрдық. Мен бұл іс-шараны атқару жөніндегі құрылған Қоғамдық кеңестің мүшесімін, «Философия және психология» секциясын басқарамын. Біз 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» сериясын аяқтауға жақын қалдық, дәлірек айтқанда, оның 17 томы жарияланды, қалғаны осы жылдың аяғы, келесі жылдың басында «Жазушы» баспасынан шығады. Біз ұлттық мүддемізге және рухани қажеттілігімізге сай іріктей отырып, әлемдік ақыл-ойдың інжу-маржандарын қазақ тілінде сөйлеттік, сол арқылы өз мәдениетімізді

де байыта түсеміз деп ойлаймын. Бұйыртса, оның тұсаукесерін жасаймыз. Осы тамаша бағдарламаның арқасында Платон мен Конфуцийден бастап, Батыстың да, Шығыстың да ғұламалары қазақ тілінде сөйледі. Аудармаға білікті мамандар тартылды, әлемдік философиялық ақыл-ой мұрасын жариялауда барлығын бірдей емес, бүгінгі күні өзекті болып келетін, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет пен демократия идеялары дүниетанымдық тұрғыда негізделген еңбектерді антологиялық ұстынмен іріктеп алуға тырыстық. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен көтерілген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының әлемде теңдесі жоқ жоба екендігін мойындау қажет. Тоталитаризмнен босап, жаһандануға тап келген қазіргі заманымызда ұлттық болмысымызды, төлтума келбетімізді сақтап қалу үшін тереңге тартқан тамырдан нәр алып, мәдени мұраны игерудің маңызы зор.

Бұл бағдарлама аясында қыруар жұмыстар жасалып жатыр. Біз тұңғыш рет әрқайсысы отыз баспа табақтан тұратын «Көне заманнан қазіргі кезге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасының» 20 томдығын жариялауды қолға алдық. Оны жүйелеп құрастыруға еліміздің танымал ғалымдары атсалысты. Бұл серияның да 18 томын аяқтадық, енді екі томы қалды. Астана қаласындағы «Аударма» баспасы біздің өнімдерді түгел басып бітірсе, мұның да үлкен тұсаукесерін жасаймыз ба деп отырмыз.

Біздің «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша атқарып жатқан үшінші ірі жұмысымыз даңқты бабамыз әл-Фараби шығармаларының 10 томдығын жариялаумен байланысты. Ол да биыл баспадан шығады. Осылайша, біз осы бағдарлама бойынша 50 том еңбек жарияламақпыз. Бұл оңай шаруа емес. Бұл еңбектің басым көпшілігін аудармалар мен түсініктемелер құраса, болашақта біз, кешегі Елбасының бұл бағдарламаны жаңаша жандандыру жолында осы мәдени-рухани мұра бойынша жаңа ғылыми зерттеулерді өрістете түсеміз.

– Сіздің жетекшілігіңізбен 90-нан астам кандидаттық диссертация қорғалыпты, 67-ден астам шәкіртіңіз ғылым докторы көрінеді. Солардың ешқайсысы атыңызға кір келтірмейтініне сенімдісіз бе?

– Маман даярлау мәселесі – мәңгі де өзекті мәселе. Жақсы маман болу, менің ойымша, тек кәсіби ұстаздың ғана құзырына тиесілі емес, сонымен қатар шәкірттің де өз қолында. Тұлғалық күшжігер, өз ісіңе деген шығармашылық құштарлық – ағартушылық қызметтің ажырамас бөлігі. Бірақ, сонымен қатар шәкірттің кәсіби қызығушылығын оятатындай кәсіби мамандардың мектебі де қажет. Өкінішке орай, философ-мамандарды даярлауда келеңсіз құбылыстарды аңғаруға болады. Оның өзіндік себептері де бар:

мысалы, болашағы мол талантты ғалымдар әрқилы себептермен бизнеске кетті, күнкөріс қамымен кетті, университеттер қаржылық, моральдық-психологиялық және тіпті кәсіби білім берушілік дағдарыстарға ұшырап жатты. Бірақ, соңғы кездері философияға қайта бет бұру бар. Мамандар даярлау саласындағы жүйелі-классикалық, әрдеңгейлі және жаңашылдық үрдістерді мен ерекше атап өтер едім. Кезінде Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, М. Монтессори, Ы.Алтынсарин білім берудің гуманистік тұжырымдамасын құру мәселелерін көтерген болатын. Бұл бүгінгі күнгі «ашық білім беру» феноменін білдірсе керек.

КСРО ғылымы мен білімі кезінде әлемде бәсекеге қабілетті жетекші орындардың бірін алғаны белгілі, ал ғылыми мамандарды даярлау мен бақылау жүйесін де тиімсіз болды деп айтуға ауыз бармайды. Дегенмен, ғылыми дәрежелерді берудің кеңестік жүйесі қатаң мемлекеттік қадағалаумен, шектен тыс орталықтандырылуымен және идеологияландырылуымен ерекшеленді. Ол ғылымның дамуымен, оның демократияландырылуымен, жеке бастамамен қайшылыққа келіп отырды. Қазір біз ғылыми кадрларды даярлау мен қадағалаудың батыстық жүйесіне бірте-бірте көшсек деп отырмыз.

Өзімнің шәкірттеріме келер болсам, Конфуцийдің екі мыңға тарта шәкірті болған екен. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» демекші, бұл жағынан мен де кенде емеспін. Мен философия, социология және саясаттанудың әртүрлі мамандықтары бойынша 150-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттарын ғылыми жетекші ретінде даярлап шықтым. Шәкірттерімнің географиялық таралуымен де мақтана аламын. Шәкірттерім жақын шетелдерді айтпағанның өзінде, Түркияда, Ресейде, Қырғызстанда және т.б. елдерде қызмет етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, халықаралық философиялық мектеп құрдым деп айта аламын. Менің жетекшілігімнің басты ұстыны бұл – шәкірттеріме шығармашылық еркіндік беру. Өз шәкірттеріммен біздің өміріміздегі философияның орны мен философиядағы біздің өміріміз туралы пікір таластырғанды ұнатамын. Шәкірттерім атыма кір келтіреді деп әсте ойламаймын. Олардың алды қазір ел басқарып отырған танымал азаматтар.

– Сіздің ғылыми еңбектеріңізді Американың, Францияның, Иранның, Ресейдің, Түркияның, Қытайдың және басқа елдердің ғалымдары жоғары бағалапты. Халыққа шын керек ғылым туғызған ойшылдардың өз мектебі қалыптасып жатады, Сіз сол өз мектебіңізді қалыптастырдым деп ойлайсыз ба?

– Институттың басым бағытының бірі ретінде біз әуел бастан халықаралық ғылыми байланыстарды дұрыс жолға қоя білдік. Кеңестік дәуірдегі байланыстар туралы жоғарыда айтып кеттік. Сол байланысты ұстап тұрып қана қоймай, оны кеңейтуге де тырыстық.

Бүгінгі күні біз «Жаһандану ауқымындағы философия» жобасын іске асыру барысында Ресей Ғылым академиясы Философия институтының ғалымдарымен тығыз бірлікте жұмыс жасаймыз. Сондай-ақ, Түркияның, АҚШ-тың, Иранның, Мысырдың, Қытайдың ғалым-философтарымен байланысымыз бар. Әлемнің бәсекеге қабілетті елу елі қатарына ену міндеті біздің еңбектеріміздің, ізденістеріміздің шетелдерде де жариялануын талап етсе керек. Біздің институттың қызметкерлері шетелдердегі конференцияларға, симпозиумдарға үзбей қатысып тұрады. Менің өзімнің еңбектерім де әлемнің жиырмадан астам тілдерінде жарияланды. Олардың соңғылары мыналар: «Kazakhstan: Cultural Inheritance and Social Transformation» (Washington, 2004), «Казахстан и Россия в XXI веке: опыт модернизационных реформ» (Новосибирск, 2005), «Kazak turklerinin felsefesi» (Ankara, 2002) және тағы басқалары. Соңғы жылдары көбіне тұлғалық фактор басымдылық көрсететін халықаралық байланыстың философиялық, мәдениеттанулық және саясаттанулық мектептері қалыптаса бастады деп айтуға болады. Мен өзімнің халықаралық ғылыми мектебім қалыптасты деп толық айта аламын.

Сұхбаттасқан Әділбек Қаба
«Айқын», 26 шілде, 2008.

Қазақ бай болмай, Қазақстан бай болмайды

– **Әбдімәлік аға, гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар саласында қандай кемшіліктер бар? Батыс ғылымынан қандай модельдерді отандық ғылым игілігіне жаратуға болады? Индустриялық-инновациялық бағдарлама аясында ғылымның алар орны қандай болмақ?**

– Алдымен гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдарды ілгері ба-
стырмай тұрған кемшіліктер қандай? Сол жайлы айтайық. Кеңес Одағының құлағанына 20 жыл өтседағы аталған саладағы ғылымда толыққанды өрлеу байқалмайды. Мәселен, ғылыми ортада 3-4 адамның басын қосқан жеке Тұлға өте сирек болады. Топ жетекшісі белгілі бір мәселені таңдап алып, өзгелер қолдап жатса, әрі қарай үлкен жоба ретінде салыстырмалы түрде қанша қаражат, қанша мерзім қажет, әдіснамасы қандай болуы керек, бағыт-бағдары, динамикасы қалай өрбиді, түпкі нәтижесі не береді дегендей, бас-
аяғын әбден ойластырып барып, кешенді, терең, жан-жақты зерттеулер жүргізуге тәуекел етеді. Біздің ғылымда жетекші ғылыми тұлға зерттелуге тиіс проблеманы таңдауда кемшіліктерге бой алдырып жатады. Я болмаса, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» деген-

дей, жарым-жартылай шешіліп қойған, маңызы шамалы, ғылыми құндылығы төмен мәселелерге босқа күш-жігерін, қайран уақытын зая кетіреді. Сондықтан, проблема таңдауда қателік жібермеу керек. Біздегі ғылыми зерттеулерде көбіне баяндау басым болып жатады. Батыс елдеріндегідей баяндаудан гөрі компаративистік (салыстырмалы), герменевтикалық әдісті кеңірек қолдануға ұмтылуымыз керек. Мәселен, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шығып жатқан ұлы Абайдың «Қырық бес қара сөзін» немесе Шәкәрімнің сырлы шығармаларын герменевтикалық талдау жағы бізге жетіспейді. Баяғыда әл-Фарабидің, әл-Ғазалидің герменевтикасы батысқа жеткен. Қазақта да герменевтикалық талдау болған.

– **Осы арада герменевтикалық талдау дегенді түсіндіре кетсеңіз...**

– Герменевтикалық талдау дегеніміз – өлең немесе поэтикалық формадағы туындыда, мифологияның мәтінінде тұнып жатқан философиялық, дүниетанымдық, құндылықтық, рухани ой-пікір інжу-маржандарының мәні мен мазмұнын ашып көрсету деген сөз. Кеңестік ғылымның барлығында қолданылған маркстік әдіснаманы белгілі бір салада ғана кәдеге жаратуға болады. Мысалы, қазақтың дәстүрлі қоғамын зерттеуге өркениеттік әдіснама керемет ыңғайлы, ал формациялық әдіспен қазақтың болмысын терең зерделей алмаймыз. Бұдан басқа, ғалымдардың шенеуніктерге тәуелділігі ғылымды ұйымдастырудағы кемшіліктердің бірі болып отыр. Бұрын ғалымдарға қаржыны Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитетіндегі шенеуніктер бөліп келді. Былтыр 4 қыркүйекте Елбасы Н.Назарбаев ғылым бойынша үлкен жиын өткізді. Бұл жиынның қорытындысы бойынша бұдан былай шенеуніктер ғылыми жұмыстарды қаржыландыруға қатыстырылмайды, ғалым мен ғылым шенеуніктерден тәуелсіз түрде жұмыс істеуі керек. Сол жиынның үлкен жаңалығы – құрамы мықты отандық және шетелдік ғалымдардан тұратын тәуелсіз ғылыми кеңес құрылып жатыр. Оның бір ерекшелігі – ғылыми кеңестің өзінің аппараты болады, ғылыми зерттеулердің бюджетін ғалымдардың өздері айқындайды. Министрліктерге, Ғылым комитетіне, жалпы, шенеуніктерге бағынбайтын ғылыми кеңесті ғалым басқаратын болады. Ғылыми жобалар тіркеліп, сарапталып отырғанда ғана ғылымда шынайылық пен объективті шешімдер жасалады. Қазіргі кезде Үкіметтің жанында Премьер-министр басқаратын жоғары ғылыми-техникалық кеңес бар. Қазақстанның ғылыми жобаларының жүзеге асуы үшін елдің инновациялық-индустриялық дамуын біз ғылыми жағынан қамтамасыз етуіміз керек. Отандық ғылым инновациялық, технологиялық дамудың негізі болуы керек. Ғылыми технологияларды Батыс пен Шығыста ғана

екен деп іздей бермей, отандық ғалымдардың өнертапқыштық жаңалықтарын игілікке жұмсаған абзал болар еді. Ғалымдармен санаспайтын қасаң көзқарасты өзгертуіміз қажет. Білім және ғылым министрлігінің басшылығына көрнекті ғалым, академик Б. Жұмағұлов келіп, Президентіміздің былтырғы 4 қыркүйекте ғылым турасында айтқан ойлары мен қонымды пікірлері іс жүзінде қолға алына бастады. «Ғылым туралы» жаңа заң жобасы бір жылдан бері талқыланып жатыр. Президент айтқан ұсыныстар тез орындалуы керек деп ойлаймын. Шенеуніктерден тәуелсіз болу ғылымды дамытудың аса маңызды факторы болады деп есептеймін.

– **Мұндай қадамға шенеуніктер дайын ба?**

– Қазір дайын емес, дегенмен Елбасының тапсырмасына сай, министрліктер осыған дайындалып, ғылымды реформалауға күш салып жатыр. Біздің елімізде нағыз ғылымға бағдарланған, тұрпаты бөлек, бұрын-соңды болмаған Назарбаев университеті ашылды. Онда іргелі, кешенді жұмыстар жүргізетін үш зерттеу орталығы бар. Жаңа университеттің өзінің дербес жарғысы бар, министрліктерге бағынбайды. Назарбаев университетінің студенттері бірінші курстан ақ алаңсыз ғылыми зерттеумен айналысып, тәжірибе жинақтайды. Назарбаев университеті айрықша үлгідегі, әлемдік деңгейдегі беделді оқу орны болады деп үміттенеміз.

– **Қазіргі кезде жастар ғылымға бармайды. Өйткені кеңестік кездегідей жас маманның үлкен ғалым болып қалыптасуына жағдай жоқ, оның ғалым болуына игі ықпал ететін ғалым тұлға, ғылыми мектептердің жүйесі жоқтың қасы. Ғылымда жаңалық ашуға деген құштарлық азайып бара жатқан жоқ па?**

– Рас, бізде талапты жастың ғалым болып қалыптасуының жүйесі жоқ. Кеңес дәуірі кезінде керемет ғылыми мектептер ғылымды алға сүйреді. Мысалы, академик Қ.Сәтбаев негізін қалаған металлалогиялық мектептің бүкіл әлемге мәшһүр болғаны белгілі. Ғылым академиясының тұңғыш басшысы болған Қаныш Имантайұлы Қазақстандағы ғалымдардың ғалымы еді. Ол ешкімге бағынбайтын, сол үшін таяқ та жеді, теперіш те көрді. Ол кісі Менделеев кестесі секілді Қазақстанның металлалогиялық картасын жасады. Осының арқасында елдегі ашылғаны-ашылмағаны бар пайдалы қазбалар ел игілігіне жұмсалды. Ғылымды алға жетелеуші маңызды жайт – жаңалық ашуға ұмтылу. Ескі және жаңа теорияларға тұжырымдама сыни көзқарас әманда қажет. А.Эйнштейннің ғылымға төңкеріс әкелген екі бірдей теориясы, Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясы сыналып жатыр. Бұрынғыға сыни көзқарас арқылы жаңалық ашылып, жаңа бағыттағы іргелі зерттеулерге соқпақ салынады. Р.Декарт айтқандай, күмәнданбайтын адам жаңалық аша алмайды.

– **Физика, математика секілді жаратылыстану ғылымдарында ашылған жаңалықтар бірден көзге түседі, жұрт оның игілігін сезінеді. Ал гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдарда ашылған жаңалықтардың жемісін қаншалықты байқап жүрміз?**

– Әлеуметтік-гуманитарлық салаға адамзаттың тұтас өткені, бүгінгі мен келешегі, саяси-қоғамдық, рухани-мәдени өмірінің барлық саласы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, жаратылыспен байланысы кіреді. Философиядағы сана, адам болмысы, адам не үшін дүниеге келді деген сұрақтар – талай ғасырлардан бергі пікірталасқа өзек болып келе жатқан мәңгілік мәселе. Мысалы, адамның санасына тәжірибе жасай алмайсыз, оның ішіне кіре де алмайсыз. Өйткені, адамның миы өте күрделі, онда 14 миллиард нейрон бар. Сол арқылы ойлайды, бар нәрсе материалдықтан идеалдыққа айналады. Баяғы антикалық заманда Грекияда Милеттен шыққан Фалес деген жұрттан асқан данышпан кісі өмір сүрген. Гректердің бәрі соған жүгінетін. Сол данагөй Фалес өзіне-өзі үш сұрақ қояды. Бірінші, «Бұл дүниедегі ең жеңіл нәрсе не?» деген оның сауалына ешкім жауап бере алмайды. Сонда ол: «Ең жеңіл нәрсе – кеңес беру» дейді. Сол айтқандай, ақыл айтқыштар көп қой. Екінші, «Дүниедегі ең қиын нәрсе – өзін-өзі тану» деген екен. Расында, өзін-өзі тануды мақсат тұтпай, Абай айтқан қоғамдағы өз орнын бағамдамай, өзгелерге зиянын тигізіп жатқандар көп. «Дүниедегі ең қымбат не?» деген сұраққа Фалес: «Алтыннан да, бәрінен де қымбат – уақыт» деп жауап берген екен. Адам өз уақытының қадірін біліп, артына із қалдыруы керек. Фалестің замандасы, эфестік Гераклит «Көп оқығандық ақылға ақыл қоспайды» деп қандай дәл айтқан. Сондықтан, гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдардың зерттейтін проблемасы мәңгі, ал оның жемісі Абай айтқан «толық» адами қасиеттерге жетелеуі керек.

Бізде ғылыми зерттеудің технологиясын, әдіснамасын өзгерту қажет. Әлемдік деңгейде зерттеулер жүргізуді жолға қою керек. Мысалы, Түркияда бір кісі белгілі бір мерзімдік ғылыми жоба бойынша грант ұтып алып, шетелден ірі ғалымдарды, соның ішінде, мені де шақырды. Бізде ондай жоқ, өзіміздің университеттерден ғана шақыра аламыз, ал отандық ғылым дамуы үшін жобаларға шетелден ғалым шақыру керек. Біздегі ғылыми жобалар ұлттықпен шектеліп қалмай, ауқымына қарай халықаралық деңгейде болғаны жақсы. Еліміз әлемдік қауымдастыққа етене кіріп, ашық қоғам құрып жатырмыз, ал ғылым жағынан өзімізді шектеп, бұрынғы кеңестік формада қалып қойды. Мен сізге айтайын, кеңестік ғылым өзінің қоғамына сәйкес жасалды, өз алдына бәсекеге қабілетті болды, физика мен математика қатты дамыды, ең алғаш болып ғарышқа адам ұшырды. Қазір біз экономика мен заңды оқитын болып кеттік. Ал, дамыған шетелде компания немесе әскери кешен-

дер мамандарға өздері тапсырыс беріп, оқу кезінде тәжірибеден өткізіп, бітірген соң дайын кадр қылып жұмысқа қабылдайды. Бізде оқу процесі мен өндірістің арасында сабақтастық жоқ. Біздегі үлкен компаниялар тек теорияны оқыған түлектерді жұмысқа алмай жатады. Бізге қайтадан инновациялық даму үшін физика мен математикаға бетбұрыс жасау керек. Нарықтық ғылым жасақтап, ол Президентіміз айтқан 2020 жылға арналған индустриялық-инновациялық дамудың басында тұруы керек. Бұрын біз ғылымға мән бермей, білімге ден қойып келдік. Ғылым жетекші орынға шыққанда ғана бәсекеге қабілетті бола аламыз. Президенттің ұсынысымен қазіргі кезде ғылымды қаржыландыру үш түрлі болайын деп жатыр. Бірі – шетелдегідей гранттық, екіншісі – базалық, ал үшіншісі – мақсатты бағдарламалық қаржыландыру негізінде болмақ. Бұрын бір-ақ мемлекеттік қаржыландыру болатын. 2-3 жылға межелеген гранттарды топ құрып, ғылыми зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндік туады. Базалық қаржыландыру арқылы ғылыми зерттеу институттарының инфрақұрылымын, керек-жарақтарын жабдықтай аласыз. Ғалымның техникалық құрал-жабдықтарды қайдан аламын деп басы ауырмауы керек. Мысалы, мен директор бола тұрып, ғылымға керек қаражатты іздеп, әркімге алақан жайып жүремін, олай болмауы керек. Мақсатты бағдарламалық қаржыландыру ұлттық қауіпсіздік, сыртқы-ішкі саясат мәселелерін, ұлтаралық татулық, дінаралық түйткілдерді зерттеуге бағытталады. Құдайға шүкір, еліміз тыныштықта, татулықта өмір сүріп жатыр, осылай жүре береді деп қарап отырмау керек, оны жетілдіріп, зерттеген жөн. Мысалы, көрші Қытай елінде 100 пайыз мемлекет қаржыландыратын Қоғамдық ғылымдар академиясы бар. Бұл академия Қытайдың тарихын, даму динамикасын, қытай ұлтының рухын зерттеп, 10 томдық еңбек шығарды. Мен «сіздер ежелгі өркениеттің, бәйтеректей мәдениеттеріңіз бар, миллиардтан астам үлкен халықсыздар, кімнен қорқасыздар?» деп сұраймын ғой. Сонда олар «ойбай, біз жаһандануға жұтылып кетеміз бе деп қорқамыз» дейді. Ал, біз отарлық, одан бері тоталитарлық дәуірдегі жаншылған рухымызды неге зерттемейміз? Қазақ – тумысынан дарынды халық, біздің жастарымыз шетелдегіден асып түспесе, кем емес. Баланың басына білімді шелектеп құйып тастау мақсат болмауы керек. Әл-Фараби айтқандай, тәрбиесіз берілген білім – қауіпті. Білім тәрбиемен бірге берілуі тиіс. Ұлттық негізде ғана батыс пен шығыстың әмбебап құндылықтарын игерген абзал. Бірақ, білім әлемдік деңгейде, тәрбие ұлттық деңгейде болса деген тілегім бар. Қазақ бай болмай, Қазақстан бай болмайды.

– Елбасымыз ЕҚЫҰ-ға қатысты батыс пен шығыстың арасында әлі де сеңі сөгілмеген қасаң стереотиптер барын айтты ғой. Сол сияқты ғылымда да өзге мәдениетке мұрын шүйіре

қарайтын еуроцентристік көзқарас, пайымдау үстемдік құрып келеді. Еуроцентристік көзқараспен қазақтың өзіндік болмысын, дәстүрлі қоғамын бағалау мүмкін емес қой...

– Дұрыс айтасыз. Әсіресе әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бойынша бел алып кеткен еуроцентристік көзқарастарға қарсы күресіп келе жатырмыз. Еуразиялық кеңістікте отырған бізге батыстың ақыл-ойы, озық технологиясын да, шығыстың имандылығы, даналығы мен адамгершілігін ұштастыра білген тиімді. Алла нәсіп еткен стратегиялық, алтын көпір іспетті орнымызды орайлы пайдалануымыз керек. Осы аралықта түркілік бастауларымызға және болмысымызға терең үңілуіміз керек. Батыс дүниетанымы сыртқы дүниені өзгерту арқылы өзінді өзгертуге басымдық берсе, шығыста өзінді өзгерту арқылы сыртқы әлемді тануға болады деген қағиданы ұстанады. Сондықтан еуроцентризмге де, шығысцентризмге де бой ұрмай, қазақтың болмысын, сырлы әлемін мәдени-өркениеттік зерделеу деген іргелі әдіснама арқылы ашуға болады. Жақында Ш.Уәлихановтың 175 жылдығына арналған конференцияда баяндама жасадым. Сонда айттым, Қазақстанның тарихы бар, ал қазақтың тарихы жоқ деп. Бұл үшін қазақтың шығу тегі, қалыптасуы, яғни этногенез проблемасы шешілуі керек. Башқұрттар өздерінің этногенез мәселесін шежіреден тарқатып, зерттеп қойған. Осы бағытта қазақтың нағыз тарихын зерттейтін мемлекеттік емес орталықтар жұмыс жасап жатыр. Мысалы, он шақты жыл бұрын кәсіпкер Хайрулла Ғабжалилов деген азамат «Алаш» тарихи-зерттеу орталығын құрып, қазақтың ру-тайпаларының тарихына түрен салды. Осындай мемлекеттік емес, ұлттық мүддені темірқазық еткен, тамаша тәуелсіз зерттеулер бізге ауадай қажет. Қазақ тарихында өткір дискуссиялық мәселелер, ашылмаған ақтаңдақтар өте көп. Сондықтан, тарихты зерттейтін мемлекеттік және мемлекеттік емес зерттеу орталықтары бірлесіп, қазақтың ортақ тарихын жазып шықса, көп мәселе шешілер еді. Біз де осы уақытқа дейін ғылыми-зерттеу жұмыстарын бір пәннің төңірегінде жүргізіп келдік, пәнаралық зерттеулер болған жоқ. Бұл мәселені мен таяуда өткен Білім және ғылым министрлігінің мәжілісінде көтердім. Әлеуметтік-гуманитарлық бағдардағы институттар арасында пәнаралық кешенді зерттеулерді бастау қажеттігін ұсындым. Әйтпесе, тіл мамандары өз қазанында қайнап, әдебиетшілер өз бетінше, тарихшылар мен археологтер өз алдына, философтар өз бетімен кетіп, бас-басына үй тігіп, бірін-бірі білмейтін де, оқымайтын да халге жетті. Бастама ретінде барлық қоғамдық-гуманитарлық институттардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы: тәжірибесі, мәселелері мен келешектері» деген атпен көлемі 35 баспа табақтан тұратын ғылыми зерттеулер жинағын ұйымдастырып, осы атауда конференция ұйымдастыруды ұсындым.

– Шетелде бүкіл қоғамдық пікірге, саяси шешімдер қабылдауға ықпал ететін КАТО, Брукингс, Карнеги, Ранд корпорациясы секілді танымал ақыл-ой орталықтары бар. Бізде осындай ақыл-ой орталықтарының жұмыс істеуіне алғышарт бар ма?

– Өкінішке қарай, осындай ақыл-ой орталықтарына алғышарт болатындай отандық бизнес елдегі ғылымға қарай бет бұрған жоқ. Алпауыт бизнесмендер ғылымды онша жақсы көрмейді. Біздегі үлкен бизнес Алла Пугачева секілді ресейлік әртістерді, Италиядан ариялар орындайтын әншілерді шақыруға бейім тұрады. Бәлкім, бұл да дұрыс шығар. Бірақ Тәуелсіздігімізге бақандай 20 жыл болған кезде бизнес ғылым-білімге қарай, мәдени кешенді жасауға, ұлттық мәдениетті көтеруге, қазаққа қарай бет бұруы керек қой. Айналып келгенде, жиған дәулеті қазақтың ақшасы емес пе? Шетелде не көп – қаптаған қор көп, көрші Ресейде толып жатқан арнайы ғылыми гуманитарлық қорлар жұмыс істейді. Бізді жобаларға қатысуға шақырып жатады. Біздің министрліктің олармен ынтымақтастық туралы келісімінің мерзімі өтіп кетіп, жобаларға атсалыса алмай жатыр. Сол сияқты отандық бизнес мемлекеттен бөлек, бір-бірімен бәсекеге түсетін қорлар құрып, байқаулар жарияласа, ғылымның өркендеуіне үлес қосып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

– Өзіңіз елдегі кәсіпкерлерге ғылымға қаржылай қолдау білдіру жөнінде салмақ салып, өтініш жасап көрдіңіз бе?

– Айтып та, хабарласып та көрдім. Конференциялар өткізуге дегендей, аздаған көмек береді. Көмектескенде де, баспасөзге өзінің аты-жөнін жазуды сұрайды, «міне, 60 мың теңге беріп қолдап жатырмын», осы арқылы өзін өзгелерге насихаттағысы келеді. Әлбетте, зерттеу кітапқа қаржы бөліп жатса, біз де осындай еңбек жанашыр азаматтың қаржылай демеушілігінің арқасында жарыққа шықты деп жазып қояр едік. Бір кезде «Қазақ энциклопедиясын» басқарып тұрғанымда «Түркістан» энциклопедиясын шығармақ болып, қолдау білдіруін сұрап, ЮНЕСКО-ға арнайы хат жаздым. Сонда ЮНЕСКО 10 мың доллар берді. Бұдан бөлек, Түркиядағы Намык Кемал Зейбек деген азамат «Қожа Ахмет Иассауи» қорынан 25 мың доллар бөлді. Сол кезде министр болып отырған марқұм Алтынбек Сәрсенбаев мемлекет тарапынан біздің жұмысымызға қолдау көрсетті. Сөйтіп, тұңғыш рет құрастырылған «Түркістан» энциклопедиясын Елбасына көрсетіп, ол кісі біздің еңбегімізді жоғары бағалады. Оны түріктер өз тіліне де аударып, Анкарада басып шығарды.

– Еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына байланысты Үкімет ғалымдар қауымына ұсыныстар жасап жатыр ма? Ғалымдар бұл жобаға қалай атсалыспақ?

– Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов мырза ғалымдармен өткізген үлкен жиынында 15 желтоқсанға дейін жа-

на «Ғылым туралы» Заң қабылданып қалатынын айтты. Бұдан соң алдағы жылы 1 қаңтардан бастап ғылымды қаржыландыру жоғарыда айтқан үш бағытта жүргізілетін болады. Осыған байланысты ғылыми-техникалық ресурстар инновациялық дамуының негізгі факторы болуы қажет. Индустриялық-инновациялық бағдарлама негізінде байқаулар жарияланады, соған дайындалуымыздың қажеттігін айтты. Бұған ұсынылған жобаларды Ғылыми кеңес сараптаудан өткізеді. Сондықтан, жаңа реформа отандық ғылымға үлкен серпіліс әкеледі деп ойлаймын.

Ұсыныс: Ұлыбританияда Лондон университетінің жанында XIX ғасырдан бері үзілмей келе жатқан деңгейі өте жоғары ғылыми семинар өткізіліп тұрады. Сол сияқты XX ғасырдың 50-жылдарынан бері Италиядағы Рим клубында дүниежүзіне әйгілі ғалымдар бас қосып, әлем дамуының тенденциялары мен динамикасын, ғаламдық экологиялық мәселелер бойынша дискуссия жүргізеді, іргелі еңбектер жариялайды. Олардың мүшелерінің көбі Нобель сыйлығының иегерлері болып саналады. Бұдан басқа, Лондонда физиканың негіздері және философиясы деген әлемге әйгілі ғылыми семинар өткізу дәстүрге айналған. Мен Орталық Азияда шетелдік ғалымдардың басын қосып, жаңа пікірлердің алаңы болатын Алматы семинарын ашсақ деп армандаймын.

Құбаш Сағидоллаұлы
«Алаш айнасы», 13 қараша 2010

Қазақ зиялыларына ой еркіндігі жетіспейді

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Российская газета» атты басылымда жарияланған «Дағдарыстан шығудың кілті» деген концептуалдық мақаласы шетелде және ел арасында үлкен қоғамдық пікір туғызды. Дағдарыстан шығудың жолы ретінде ұсынылған Елбасының ортақ валюта идеясы Астанада өткен Экономикалық форумға қатысушылар тарапынан қолдауға ие болды. Әлем транзитализм арқылы акметализмге өтуі керек. Дағдарыс әлемді мүлде жаңартуды, жаңа сапаға өтуді қажет ететін сияқты. Дағдарыстың қаржылық-экономикалық салдарын ауызға алып жүрміз. Бұл туралы ой-пікіріңізді бөліссеңіз.

– Мен жаңаша ойлауға жетелейтін, соны идеяларға бай Президенттің мақаласын оқып шықтым. Елбасының жаңа идеяларын «жаһандық постдағдарыстық модернизм» деп атауға болар. Бұл жолғы дағдарыс адамзатқа ескі стереотиптерден арылып, қаржылық-экономикалық басқарудың жаңа тетіктерін қарастыруды та-

лап етіп отыр. Ақпарат көздерінің мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік дағдарыс ұзаққа созылатын сияқты, ал ұзаққа созылатын ауру жағдайды тым күйзелтіп жібереді. Капиталистік дамудың өзі дағдарыссыз мүмкін емес. Бұл формация әлемдік, аймақтық және ұлттық шеңберде циклды және құрылымдық дағдарыстарды өткеріп тұрады. Бүгінгі әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс ауқымы мен сипаты бұрынғыдан мүлде өзгеше. Осындай жағдайда, ең алдымен бізге жаңаша ойлау, жаңаша ұғымдар мен теориялық түсініктер ауадай қажет. Бұрынғы түсініктер мен ұстындар аясында әлемдік дағдарысты түсіну, оның мәні мен пайда болуының себептерін анықтау мүмкін емес. Өркениетті мемлекеттер басшылары дағдарысты еңсеру үшін қаржылық-экономикалық әдістерді іздестіру үстінде, сөйтіп, жаңа сападағы капитализмді құруға талпыныс жасалуда. АҚШ президенті Барак Обама «Жаңа Америка» құрамыз десе, Германия канцлері Ангела Меркель неміс жұртын қайта түлетпек ниеті барын мәлімдесе, іргедегі Ресей басшылығы да түбегейлі жаңарудың қажеттігін мойындап отыр. Жалпы алғанда, әлемдік дамудың жаңа моделін табу бірдіңгекті жаһанданудан көпдіңгекті жаһандануға көшу әлемдік дағдарыстан шығудың тетіктері ретінде қарастырылуы керек. Мәселен, АҚШ тіпті супердержава болса да, ақшасы әлемдік валюта қызметін атқара алмайды, оның арты дағдарысқа душар ететініне көпшіліктің көзі жетті. Түптеп келгенде, бұл жолғы дағдарыс адам мен оның санасының дағдарысы, құндылықтар жүйесінің дағдарысы дер едім. Сондықтан, қазіргі кезде адамзат баласының ізгілік пен ортақ мүдделестікке негізделген жаңаша ойлау жүйесіне сусап отырғаны анық.

– Қазіргі әлемдегі елдер мен халықтар арасында өзара тәуелділік күшейіп, шекара талғамайтын жаһандану үрдісінде ұлттық мемлекетке үлкен қауіп-қатер төнген тұста, ата-бабамыздан мирас болып қалған кең-байтақ жерімізді қалай сақтап қаламыз?

– Жаһандану дәуірінде ұлтқа түзу жол сілтейтін бағдаршам, қараңғыда адастырмайтын темірқазық – Алаш идеясы. Өз ұлтыңды шынайы жүрегіңмен сүю, ар-намысыңды жоғары ұстау, кісілік деңгейге көтерілу, туған халқыңның мүддесі мен болашағы үшін құрбандыққа дейін баруға әзірлік, кең-байтақ жерінің тұтастығын сақтау үшін күрес – ХХ ғасыр басындағы демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының өмірлік мұраты еді. Олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды кемеңгер алыптар болды. Оларды топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан құтқару, ұлттық тәуелсіздікті алу арқылы

өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Мағжан былай дейді:

Кел қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,

Отырайық жиылып, оңдасайық...

Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,

Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ,

– деп, отырықшы тұрмысқа, қала салуды, ел-жерді ешкімге бермей, сақтап қалудың бірден-бір жолы ретінде ұсынады. Мына бір өлеңінде ақын:

Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,

Малды аяма оқу-білім жолына.

Өнер асып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей азаматтың жолына!

– деп, қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді. Мағжан ақынның осы ойларының қай-қайсысы да дәл бүгінгі заманымыз үшін де маңызды. Астана қаласын аз уақыттың ішінде салу, оны әлемнің рухани астанасы ретінде қалыптастыру, тәуелсіз елдің бас қаласын бүкіл әлемге паш ету біздің Президентіміздің данышпан көрегендігі мен батырлығының көрінісі деп білемін. Мағжан ақын өзінің тамаша өлеңдерінде қалалықтардың мінез-құлқынан жасандылықтың белгісін байқаған, далалықтардың табиғи бұлақ сезімінің ұлылығын асқақтата жырлаған ақын енді келіп, «жерінді сақтағың келсе, қала сал, бір жерге жиылып, қалада тұр» деп халқына үндеу тастайды.

– **Жуырда Нұрсұлтан Назарбаевтың «Постиндустриалдық қоғамның қалыптасу стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» атты жаңа кітабы жарық көрген болатын. Адамзат баласы америкалық ғалым Самуэл Хантингтон негіздеген «өркениеттер қақтығысына» ұрынбай, Нұрсұлтан Назарбаев бастама көтергендей, «өркениеттер үндестігіне» ұмтылуымыз керек сияқты. Сіздіңше, постиндустриалды кезеңді өткеріп жатқан адамзат қоғамы жаңа бір саты немесе кезеңге өтудің алдында тұрған жоқ па?**

– Өлбетте, жаңаша ойлау мен жаңаша басқаруды жетілдіру тетіктерін қарастыру келесі сатыға өтудің қажеттігін дәлелдеп отырған жоқ па? Адам қоғамының бүгінге дейінгі даму жолын үш кезеңге бөледі: «дәстүрлі қоғам», «индустриялық қоғам» және «постиндустриалдық қоғам». Шетелдік Арон, Ростой, Тойнби сияқты ғалымдардың пікірінше, қазіргі «постиндустриалдық қоғамда» шешуші тетік ақша емес, білім мен білік, яғни жеке адамның қарымы мен қабілеті. Мысалы, соңғы 15-20 жыл шегінде әлемдегі ең ауқатты адамдар қатарына қосылған америкалық Билл Гейтс осыншама мол байлыққа білімі мен біліктілігі арқасында қол жеткізіп отыр. Алысқа бармай-ақ, өз

еліміздегі күнделікті баспасөзді шолып шығыңызшы. Білікті мамандарды жұмысқа шақырған жарнамалардан көзің тұнады. Отандық фирмаларға да, шетелдік компанияларға да қазіргі заманғы техниканың құлағында ойнайтын, бірнеше тілді меңгерген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген әмбебап мамандар ауадай қажет. Әлемдік сауда ұйымына кірген соң өз жастарымыз бен шетелдік мамандар арасындағы бәсекелестік одан сайын күшейеді. Өкінішке қарай, біздің жастардың оқығаны болғанымен тоқығаны өте аз, тіпті жоқ десе де болғандай. Артында атын өшірмейтін ұрпақ қалдыруды бұл пәнидегі адам өмірінің негізгі мәні деп ұғынатын әрбір ата-ана өз баласының болашағын өзі ойлауы шарт. Бір жағынан, шетелдік әріптестерімізбен бәсекеге түсе алатындай әмбебап маман, екінші жағынан, ата-бабасының тілі мен ділін, дәстүрі мен мәдениетін бойына сіңірген отаншыл азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгілердің адами парызы ғана емес, ұлттың алдындағы борышы да. Мағжан ақынның «адамзаттың тобына қосылу үшін балаңды оқыт, оның жолында малыңды аяма» деген сөзінің астарында осындай ой жатыр.

– Дүбірлі санақ науқаны аяқталды. Ұлт, тіл, діл мәселесін қопара шешіп тастамасақ та, Құдайға шүкір, ортамыз толып, қарамыз көбейген сияқты. Мамандар қаланың қазақтануын екі ұдай үрдіс деп бағалап жүр. Қаланың «қазақи» кенттену үрдісін қалай бағалайсыз?

– Кенттену – әлемнің барлық халықтары өткеріп жатқан процесс. Әлеуметтік зардаптарына қарамастан, бұл үрдіс қазіргі заманғы жеке ұлттардың дербес мемлекет құруы ісіндегі болмай қоймайтын құбылыс деп саналады. Өз мемлекетін екі ғасырдан соң қайта құрған қазақ халқының «кенттенуі», яғни Қазақстандағы орташа қалалардың «қазақтану» үрдісінің екіжақты салдарын жоққа шығаруға болмайды. Бұл үрдісті оңды бағалай отырып, әлеуметтік зерттеулер орталықтарының назарына алынып, мемлекеттік бағдарлама аясында жүргізілгені дұрыс. Оның әлеуметтік зардаптары (ауылдан қалаға келгендердің қара базар маңындағы арзан жұмыс күшіне айналуы, қылмыстық топтарға қосылу, нашақорлық, жезөкшелік және тағы басқа) күрт асқынып кетті. Өсіресе, бұл жағдай қазіргі әлемдегі қаржылық-экономикалық дағдарысқа байланысты тым өршіп бара жатыр. Сондықтан, ауыл жастарының жаңа кәсіптерді, мамандықтарды меңгеруіне жәрдемдесу, оларды нысаналы түрде өнеркәсіп орындарына жұмысқа тарту, жатақханамен, баспанамен қамтамасыз ету сияқты шаралар да жүзеге асырылуы қажет. Еліміздің «Жастар саясаты туралы» жаңа заңында ауыл жастарына қамқорлық мәселесін түбірінен қарастыру керек. Жалпы қазақтардың «кенттенуі» немесе қалалардың «қазақылануы» дербес мемлекеттігін орнатқан ұлт мүддесінің айқын бедерленуіне қажетті шарттардың

бірі. Мысалы, еліміз ішіндегі саяси кеңістікте, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде әртүрлі жиындарды қазақ ұлтының мүддесін көздеген топтардың, әсіресе, басқа этнос өкілдерінің үні неге бәсең? Мұның себебі мынада: кез келген үлкен саясат үлкен қалаларда жасалады, Содан да қалалықтар ең ықпалды әлеуметтік топ болып табылады. Еліміздегі жаңа мемлекетті құраушы ұлт болып саналатын қазақ халқы өкілдерінің қалалықтар арасында сандық басымдыққа ие болмауы ұлттық мүдденің білдірілмеуінің себебі болып отыр. Қазақ ұлтының басымдығы ұлт мәселесіндегі олқылықтың орнын толтыруға септігін тигізеді. Бұл әлем елдері үшін қалыпты жағдай болып есептеледі. Бұдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын Мағжан ақынның «жерінді сақтағың келсе, қала сал, қалаға жинал» деген ойының мәні міне, осында.

– Қазақ зиялысы мен Парламенттегі халық қалаулыларының бойынан Абылай заманындағы «үш би», Бұқар, Үмбетей жырау, Махамбеттердің әр де елдік мінезін көре алмай жүрміз. Қазіргі қазақ зиялысына не жетіспейді?

– Кез келген белгілі бір кезеңдегі даму бағдарын бұқара халық емес, сол бұқараның сеніміне ие болған, халық арасынан өсіп шыққан қоғамның «қаймағы» сынды элита айқындайды. Ғалымдар оларды «саясаткер (немесе шенеуніктер) игі жақсылар», «әскери игі жақсылар», «бизнестегі игі жақсылар», «интеллектуалдық игі жақсылар» деп топтап жүр. Бір қызығы, осы топтардың әрқайсысы әр елде әрқалай абырой-беделге ие. Мысалы, Түркия және Пәкістан, Латын Америкасы сияқты елдерде күні кешеге дейін әскери төң-керістер жиі болып, Үкімет саясатын қалыптастыруға әскери топтың ықпалы жүрді. Сол себепті бұл елдерде әскери игі жақсылардың беделі мығым, үлкен құрметке ие. Ал, қазіргі Чехия, Балтық бойы елдерінде неге билік басына жазушылар, музыканттар, тағы басқа шығармашыл топ өкілдері жиі келеді? Өйткені бұл сол қоғамдағы «интеллектуалды игі жақсылардың» абырой-беделіне байланысты. Ал, қазіргі Қазақстанда ше? Қандай игі жақсылар тобы ықпалға ие? Әрине, «саясаткер игі жақсылар». Халқымыздың өзіндік діліне байланысты болды ма, әлде заманның ыңғайы солай жасалды ма, әйтеуір кеңестік кезеңде-ақ қазақ халқы өкілдерінің қызметке құмарлық, басқарушы іске бейімдігі байқалатын және мұның өзі ықпалды «саясаткер игі жақсылардың» қалыптасуына жетеледі. Еліміздің тәуелсіздік алуының басы-қасында тұрғандар да, дербес мемлекетіміздің іргетасын қалыптастыру мен нығайтуға зор үлес қосқандар да әлемге әйгілі Президентіміз бен басқа да азаматтар болғанын білеміз. Тек соңғы жылдары әлгі «саясаткер игі жақсылар» қамқорлығымен өсіп-жетілген «бизнестегі игі жақсылардың» өз үнін сездіруге тырысуы, халық арасында бедел алуға ұмтылуы байқалады. Біздің ойымызша, ХХ ғасырдың басындағы

қазақ зиялыларының халық құрметіне бөленуіне ең алдымен, ұлттық мүддеге қалтқысыз адалдық, олардың бойындағы туған халқы үшін шынайы ұлтжандылық пен отаншылдық қасиеттің барлығы және осы қасиетті көпшіліктің анық сезінуі негіз болған.

– **Қазақ болмысын әлі танып болған жоқпыз. Дана Абай қазақтың жаман мінезін жақсы болсын деп сынады, оның шәкірті Шәкәрім қазақтың болашағына үлкен сенім артып кетті. Қазақтың елдік еңсесін биіктетер жақсы мінезі мен кежегені кері тартар жаман мінезі қайсы?**

– Қазақтың батыр, ержүрек, философиялық ой-өрісі кең, талантты, төзімді, намысшыл, бауырмал, мейірімді, қонақжай халық екенін шет жұрттар да мойындап отыр. Өнердің барлық түрлерінен сөз өнері мен саз өнерін жоғары қойған қазақтың еңсесін биіктетер асыл қасиеттері осылар. Қазақ еркіндікті, әсіресе, ой еркіндігін, жеке басының бостандығын жоғары қоятын халық. Жағымпаздық сынды жаман әдет бізге кейін жұққан. Халқымыз «жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген даналықты баяғыдан өсиет етіп кетсе де, қазіргі ұрпақ кім-кімнің де жамандығын атын атап, түсін түстеп, көзге шұқып көрсетуден, сөйтіп бүкіл халықтың рухани тазару үрдісін бастаудан тайсақтап-ақ келеді. Еліктегіш, мансапқұмар, қызғаншақ адамдар қазақ ұлтына үлкен кесірін тигізіп жүр.

Сұхбаттасқан Құбаш Сағидоллаұлы.
«Алаш айнасы», № 34. 17 наурыз, 2009.

Қасіретті аналардың арқасында жеңдік

1932 жылдардағы аштық пен 1937 жылдардағы қуғын-сүргін қасіреті сол кездегі зиялы қауымға қаншалықты азап арқалатқаны тарихтан бізге біршама таныс. Ал, олардың ұрпақтары хәм бүгінгі қазақ зиялыларының өмірінде сол зұлматты жылдар қалдырған ізді бажайлай бермейтініміз бар. Осы ретте аталған тақырып аясында айтары бар Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық кеңесінің мүшесі, Философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі Әбдімәлік Нысанбаев көңіл төрінен мәңгі орын алған, шексіз мейірімі мен шапағатын төккен асыл да аяулы аналары мен әжелерінің аялы алақаны туралы ой бөліседі.

– **Сіз бүгінде біз қасіретпен еске алатын 1937 жылдың төлісіз. Оның алдында ғана аштықтың тауқыметін артқызған сол зұлматты жылдар көріністерін көзбен көрмесеңіз де, көңіліңізде қалдырған сызын оқырманмен бөліссеңіз...**

– Ел басына төнген бұл зобалаңды бастан кешпеген қазақ отбасы кем де кем шығар. Еріксіз жаппай күштеп ұжымдастырудың, индустрияландырудың нәтижесінде күн көріс көзінен айрылған қазаққа қолдан жасалған бұл нәубетті тұтас ұлтқа қарсы геноцид деп бағалауға болады. Немесе сол кездегі саясатты ақсақалдар «қуатты ел бағынбайды, қуатсыз халық қана бағынады» деген астармен түсіндіретін. Тәуелсіздік тұсындағы тарихи сананы қайта қалпына келтіру мақсатында ұлттық тарихты жандандыру барысында талай ақтандақтың беті ашылып, бұл сойқанның да ақиқаты анықталды. Табиғи-материалдық ресурстар мен мал шығынын айтпағанда, белгілі демограф-ғалым М.Тәтімөвтің есептеуінше, қазақ халқының жартысына жуығы аштан қырылды. Бұл нәубет қазақ тарихының қасіретті беттерінің бірі ретінде сақталып қалған «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» да асып түскен зұлмат болды.

Жолшыбай нәр татпай, қалжырап өлгендердің мәйіттерін көмүсіз қалдырып кете берген осы дүрмектің қатарында біздің отбасымыз да болған. Әкем Нысанбай мен Рысты анам балаларын жетелеп Өзбекстанға ауды. Бұл қасіретті сапардағы сұмдық оқиғаларды (есектің етін жегенді, құрт-құмырсқа жегенді, далада торғайдың тұқымын іздегенді, баласынан безіп кеткенді және т.б.) бала кезімде әжемнің аузынан талай естідім. Менің ата-аналарым жат жұртқа жерсіне алмай, туған еліне қайта оралады, бейнеті көп, зейнеті жоққа жақын колхоз жұмысына орналасады. Балалардан Үміт пен Қатира апаларым ғана тірі қалды. Мен өте текті Өстемір Сарғасқа руынан шыққан, діни сауаты бар өз анам Рыстыны әже деп атадым. Өйткені себебі бала тұрмағасын осылай атауды бәрімізден өзі өтінген. Бұл да болса қазақы ырымның бірі болса керек. Әкем Нысанбай екеуі қосақтасып өмір сүргенде анамыз 17 құрсақ көтеріпті. Солардан екі-ақ қыз қалған, менің апатайларым – Үміт, Қатира, қалғандары өткен ғасырдың отызыншы қолдан жасалған ашаршылық жылдары шетінеп кете берген.

Менің ата-аналарым да бала тұрақтамағасын сол маңайдағы әулие-әнбиелерді жағалап, әруақтардың басына түнеп, Құдайдан жалбарынып ұл сұраған. Аласапыран заманда алда не күтіп тұрғанынан күдіктенгені де болар ұрпақ жалғастығын әкем де, шешем де уайымдаған тәрізді. Қамкөңіл пенделерінің мұңына құдай құлақ асты ма, 1937 жылдың 1 мамырында мен дүниеге келіппін, артымнан інім Мәлік өмірге келді. Сол жылы астық, қауын-қарбыз бітік шығып, өзен-көлдерде балық мол болып, Нысанбай әулетінің жағдайы да түзеле бастады. Рысты әжем де мұны жақсы ырымға балағанды.

– Алайда жадау көңілге медет болған бұл қуаныш ұзаққа бармады ғой. Кеңестік идеология еркіндік пен бөтен ойлаушылықты аяусыз жазалап, бодандық пен тоталитарлыққа көнбіс сананы

тәрбиелеуге тырысты. Қуғын-сүргін жылдары халықты ұлт ретінде ұйытуға тырысқан қазақтың бетке ұстар қаймақтары қамауға алынып, жер айдалып, атылып кете барды емес пе?

– Менің әкем Нысанбай да осы саясаттың құрбанына айналды. Ұжымның төрағасы Жүзелбай деген кісі өр мінезді, әділет сүйгіш Нысанбайға бұрыннан тісін қайрап, ұрымтал сәтті күтіп жүрген екен. Ұлы Отан соғысы басталар шақта «Германия Кеңес Одағын жеңеді» деп айтты деген жалған жаламен «халық жауы» ретінде әкемді ұстатып, ақырында ол Термез қаласында атылып кетті. Қызылорда қаласының жанындағы Қарауылтөбе колхозында тұратын әкемді түнде алып кеткені, әжемнің жылағаны еміс-еміс есімде қалыпты. Ол мені «әкең таяуда қайтып келеді» деп жұбатқанымен, оның хабарын бірнеше жылдан кейін соғыстан соң тоталитаризм тозағынан босап шыққан әкеммен бірге болған адамнан естідік. Шарасыздық пен өкініш өзекті өртеді, амал қанша?! Әкемнен мен осылайша айрылдым, кейінірек мектепте оқып жүргенімде «халық жауының ұлы» ретінде көрсетілген қорлыққа іштей қарсыласа жүріп, ақырында Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген кезімде Литвадан келген досым Альберт Райбекас екеуіміз жабылып КСРО Бас прокуроры Руденкоға хат жаза жүріп, әкем Нысанбайдың есімін жаладан тазартып, ақтап алдым. Менің ғалым болуыма себеп болған ғылыми кітаптар жазу арқылы әкеме мәңгілік ескерткіш қою болатын. Ол жөнінде тәуелсіз Қазақстанның 10 жылдығына байланысты «Тамаша адамдар ғұмыры» сериясы бойынша орыс тілінде жарық көрген профессорлар Грета Соловьева мен Сергей Колчигиннің «Әбдімәлік Нысанбаев» атты көлемді кітапта және қырық минуттік «Философ Нысанбаев» фильмінде кеңінен айтылған.

– Қазақтың басына төнген қара бұлт аштықпен, қуғын-сүргінмен сейіле қоймады. Бүкіл адамзатты дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған адамдардың өмірін жалмады. Әрбір қазақ отбасындағы бас көтерер ересек адамның барлығы дерлік соғысқа аттанған шақ еміс-еміс болса да есіңізде болар?

– Иә, алғашқылардың бірі болып Қатира апамның күйеуі, жездем – Қалмағамбет өзінің тұңғышы – Есеннің дүниеге келгенін көрмей, соғысқа кетті. Жездем Сталинград түбіндегі қырғын соғыста ерлік көрсетіп, сол соғыстан оралмады. Қатира апам әрі әкенің, әрі ағаның орнында болды, әжеммен бар ауыртпалықты бірге көтерді. Жалғыз ұлы Есен үйлі-баранды болды. Екінші апам Үміт Өзбекстанға тұрмысқа шыққан-ды. Оның да күйеуі Күзембай соғысқа барып, аман оралғанда, өзі бала үстінде қайтыс болды. Өмірден озғанша бізді – бауырларын, әке-шешесін, туған жерді сағынып, аңсап, суреттерін көздің қарашығындай сақтап кетіпті.

Осылайша, менің балалық шағым соғыс жылдары әкесіз, әжем мен апамның қамқорлығындағы тәрбиемен өтті. Әйел тәрбиесін көрген баланың психологиясы, дүниетанымы, құндылықтар жүйесі өзгеше болады екен. Әдетте, кез келген баланың күтетін асқар тау секілді әкелік қорғанды, сүйеніш пен тіректі, әжелердің мейірлі жүрегі мен аялы алақаны айырбастады. Бұл да біздің замандастарымыз бастан өткізген сол қиын-қыстау уақыттың бір белгісі. Осының өзі адамды жастайынан өмірмен бетпе бет келгенде, өз бетіңше шешім қабылдап, өз отбасыңды қызғыштай өзің қорғап, оның өміршеңдігін қамтамасыз етуге итермелеп, батыл әрі ақылды әрекет етуге тәрбиелейтін тәрізді. Мен өз басым Алла жаққан отты адам үрлеп сөндіре алмайтынына тәнті болдым.

Соғыс жылдары да, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары да ауылдағы ауыр еңбекті әйелдер арқалады. Салықтың салмағы да еңсе көтертпейтін. Малының бар-жоғына қарамай сегіз келі сары май және елу алты килограмм ет өткізуге тиіс болатынбыз. Қыстың күнінің бір кешінде әжем сиыр сауып отырғанда жауыр атқа мініп алып қоқандаған салық инспекторы салық төлеуді талап етіп дікендеп, қоқан-лоққы жасады. Әжем шамалы уақыт кідіре тұруды өтінгенде, ер-азаматынан айрылған әйел затын сыйлаудың орнына, керісінше, басынатын әлгі қасиетсіз аяғымен бір шелек сүтті ақтарып тастады. Сонда ашуға булыққан менің үйдегі мылтыққа жармасып, қарсы кезенгенім есімде қалыпты. Кеудесіне кезенген мылтықтың ұңғысынан қорықты ма, жас баланың ызаға толы көзінен сескенді ме, әлде өзінің әділетсіз ісін түсінді ме, әлгі шолақ белсенді бұрылып жөніне кетті.

Әжем Рысты кезінде Жалағаш төңірегінде аты елге өткір әділдігімен, туралығымен танымал болған Қондыбай бидің қызы болған. Қондыбай бидің әйелі Жібек анамыз қызы Рысты тұрмыс құрарда жасауына қосып, алда-жалда балаларың үшін жаратарсың деп шағын бір дорба алтын, бір дорба күміс теңгелер берген екен. Оны әжем ұнның ішіне тығып ұстаған. Николай патшаның дәуірінен қалған бұл теңгелерді мен де көрдім. Аштық жылдары бұларды әжем қажетіне жаратқан. Содан қалғандары соғыс жылдары да кәдеге асты. Есімде қалғаны әжем есекке мініп алып, темір жол бойындағы орыс әйелдеріне барып, тіл білмесе де сол алтын-күмістерді нанға айырбастап жүретін. Алтын-күмістің де қадірі қалмай, талғажу ететін ас табу мұң болған заман ғой. Сол кездері шыққан «алтын, күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген сөздің төркіні осыны білдірсе керек.

Рысты әжем мен Қатира апам колхозда күні-түні еңбек ете жүріп, мені де жастайымнан әділдікке, парасаттылыққа, қайсарлыққа, еңбекқорлыққа, қиыншылықты жеңуге үйретті. Бұл Қызылорда қаласы маңындағы Қызылжарма деген каналға жақын жердегі

«Кооператор» колхозы болатын. Қаршадайымыздан беліміз бүгіліп отын арқаладық, малға қарадық, диірмен тарттық, егінді күттік, күбі пісіп, келі түйдік. Үйдің жанынан қоралап, картоп, пияз ектік, базарға сатып күн көрдік. Мылтықты алып, кейде сонымен аң-құс ататынбыз, оның етін тамақ ететінбіз.

Жұрттың айтып жүрген бойымдағы бір қасиетім тазалық, дарындылық, қиындықты жеңе білу, қажырлылық, тынымсыз еңбексүйгіштік болса, онда ол осы Рысты әжемнің ақ сүтінен және сіңірген жүйелі тәрбиесінен болса керек. Ол кісі кез келген істің көзін тауып, тындырымды жұмыс істеп бітіруді, еріншектік пен жалқаулықтан бойды аулақ ұстауды үйретті. Әжеміз бізге бірыңғай шапағат шуағын төгіп қана қоймай, өкенің аңсап кеткен арманын, үмітін ақтау үшін сапалы білім алуды және еңбектенуді талап ететін, шектен тыс еркелікті жазалап та қоятын. Кейде диірмен тартып отырғанда, балалыққа, ойынға салынып, бидайды көбірек салып, алаңдап ұнды бұзып алатынбыз. Сондай кездері қатаңдықтың да дәмін татып қалатынбыз.

Анамның күш-қуаты мол, ерік-жігері мықты болатын, оның негізгі мақсаты екі ұлына – Әбдімәлік пен Мәлікке – ұлттық тәрбие, мүмкін болғанынша жақсы сапалы білім беру, оларды еліміздің қажырлы азаматтары етіп өсіру еді. Ол арманы іске асты, екі баласы танымал азаматтар болып өсті. Екеуі де халқына сыйлы, Аллаға шүкір, тамаша ұл-қыздары, немерелері мен шөберелері бар отбасылар. Менің ақылды да текті келіншегім Мұстафа Шоқай әулетінен, оны халық «Ақ Зейнеш» деп атап кеткен. Ол химия ғылымының кандидаты, белгілі электрохимик-ғалым болды. Ұрпағымыз: ұлым Назар – заң ғылымының кандидаты, Стамбулда тұратын қызым Динара – философия ғылымының кандидаты, бес немерелерім: Шыңғысхан – экономика ғылымының кандидаты, Данияр – юрист, Айжан – былтыр Англиядағы Рединг университетін Президенттің «Болашақ» бағдарламасы бойынша үздік бітірген, содан кейін – Әмір мен Дәмір. Шөберем – Абылай.

– Дәстүрлі қоғамда ер азаматтың іс-әрекеті қашанда түзде өтсе, бүкіл үй шаруашылығы мен ержеткенге дейінгі бала тәрбиесі әйел-аналардың мойнында. Қазақы апалар, әжелер мен аналардың бейнесі заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере мен Ұлжанның кейпінде тамаша берілді емес пе?!

– Бүгіндері дәстүрлі ұлттық тәрбие деген ұғымды жас ұрпаққа халықтық салт-дәстүрлерді үйрету аясында ғана шектеп жүрміз. Шын мәнінде бұл ауқымды ұғым. Дәстүрлі қазақ қоғамында зерделі жасты жан-жақты дамытудың, сөйтіп оны зиялы азамат етіп қалыптастырудың өзіндік жүйесі болған. Бұған зердесін байыту, еркін ойлай білуді қалыптастыру, жаны мен тәнін шыңдау, көкі-

регіне ізгілік пен даналық дәнін егу, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыру, өнер мен білімге баулу сияқты мақсаттар енген. Міне, бұл қазақ халқының дәстүрлі зиялылары мен ғалымдары өсіп шыққан ұлттық-гуманистік тәрбие мектебі еді. Қазіргі заманда да дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтарын батыс өркениетінің либералды-демократиялық құндылықтарымен үйлестіру біздер үшін өте өзекті мәселе. Бұл – бір. Екіншіден, қазіргі уақытта ұлы даламызға дендеп енген батыстық өркениет сәулесі қазақтың дәстүрлі зиялы қауымына оң ықпал етіп, олардың жаңа тұрпатты өкілдерінің рухани жағынан көптеп өсіп шығуына жағдай жасағанын ешбір ұмытуға болмайды. Оған өткен ғасырдың 40-50 жылдардағы жастардың ертерек есеюі мен рухани жағынан шыңдалуы кепіл.

– Ашаршылық, қуғын-сүргін, қиямет қырғын соғыс – аумалы-төкпелі осы заманда балалық дүниетанымыңызға ықпал етіп, жақсы азамат, тұлға болып тәрбиеленуіңізге әсерін тигізген тек аналарыңыз ба?

– Иә, өмірім мен санамда өшпес із қалдырған Қатира және Тазагүл апалар, Рысты, Мәрия және Бибіңұр әжелеріме қарыздармын. Соғыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары тұрмыс-тың ауыр тіршілігін арқалай жүріп мектепте де өте жақсы оқыдық. Тұрмыс тауқыметі де, жоғарыда айтып кеткендей, «халық жауының баласы» ретіндегі шеттету де, әдетте жас балаға тән болып келетін көп білуге және даналыққа деген құштарлықты тануға деген үздіксіз қызығушылықты өшіре қоймады. Сабақты түнде майшаммен текемет пен алашаның үстінде жатып оқитынбыз. Үлгірімім өте тәуір болды, әсіресе, математикаға құмарлығым ерте оянды. Рысты әжем түнде маған «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» туралы кітаптарды оқып бергізетін. Осылай біздің еркін ойлау қабілетіміз қалыптасқан болар. Балғын балалықтан тағы бір есімде қалғаны осылай сабаққа дайындалып жатып, сия сауытты қызықтап айналдырып қарап жатқанымда, сияның сол көзіме тамып кетіп, бір әбігерге калғаны. Мектепте сабаққа барғанымда мұғалім Шәркіл апайымыз сөзімдегі сияны байқап мені үйге жіберді. Әжем бастапқыда дәрігерге, кейіннен емшіге ертіп апарды. Бұл емші Мәрия әже болатын. Осылайша менің балалық өміріме тағы бір әже етене жақын еніп кетті.

Менің өмірімнен үлкен орын алған тағы бір кісі Тазагүл апамыз Мария әжемнің қызы болатын. Мектепті жақсы бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түстім. Бастапқы бір-екі жылда ауылдан қатынап оқып жүрдім. Курстан курсқа өткен сайын білімімді теңдетіп, уақытты бос жібермес үшін қалада жатып оқуға тура келді.

Осылайша сол кездегі қаланың Некрасов көшесінің төртінші үйінде тұратын Тазагүл апаның үйіне тап болдым. Төрт-бес жыл бойы осы кісінің қолында тәрбиелендім. Студенттік кезімде Батырхан Остаев, Сұлтан Үсенов, Бекраш Жүсіпов, біздің группаның мәңгі старостасы Шыңғыс Айбосынов сияқты тамаша достарым болды. Сол достық бүгінгі күндері әрі қарай жалғасуда.

Тазагүл апа менің сабақтағы үлгерімім мен жеке бас тәртібіме дейін қадағалады. Соның да ықпалынан болар, мен 3-5 курстарда өте жақсы оқып, сталиндік стипендияның иегері болып жүрдім. Бұл сол кездері өте үлкен жетістік болған. Маған дәріс берген Ә.Тәжмағамбетов, Е.Махмутов, И.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Ж.Беркімбаев, С. Сарманов, С. Елубаев, Ж. Сәтбаева сияқты тамаша, білікті де, дарынды ұстаздарымның еңбегі де сіңді.

Тазагүл ападан жұққан осы қасиеттер – тән мен жанның тазалығын, киген киім мен ішетін астың тазалығын, үй мен жұмыстағы кабинеттің жинақылығы мен тәртіпті, әрбір істің ұқыптылығын сақтау – менің кейінгі өмірімде, студенттік және Мәскеудегі аспиранттық кездерімде, ұстаздық пен ғылыми қызметкерлік, ғылыми жетекшілік пен ғылыми ұйымдастырушылық жұмыстарымда өзінің орасан септігін тигізді деп ойлаймын.

– Ал институтты бітіргеннен кейінгі кезде сіздің өміріңізде аналардың рөлі қандай болды?

– Мені арнаулы жолдамамен Алматыға Қазақстан ғылым академиясына жіберді. Ол кезде Академияда қызмет істеу деген үлкен мақтаныш еді. Өйткені ғылыми инновациялық Сәтбаев заманы болатын. Мұнда мен отасқанымызға елу жылдай болған болашақ жұбайым Зейнешпен таныстым. Ол арқылы оның байсалды да ақылды анасы Бибінұр анамыздың тәрбиесінде болдым. Ол кісінің дайындаған дәмді мانتасы мен лапшасы әлі есімде. Марқұм анамыз қазақтың тамаша үлгілі отбасы болуымызға көптеген ақыл-кеңесін аяған жоқ. Оның жұбайы Асқаров Әшен әкеміз Қызылорда қаласында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында министрлік қызметте болып, одан кейін Алматыда және басқа өңірлерде көптеген басқарушы қызметтерде адал қызмет атқарып, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған.

– Ал сіздің болашақта ғалым болуыңызға кімдердің ықпалы болды?

– Алматыдағы ғылыми ортадағы Орынбек Жәутіков, Жабайхан Әбділдин, Лев Науменко, Мамия Баканидзе сияқты дарынды ғалымдар көмектесті. Мәскеудегі ұстаздарымды ерекше айта кетуге тиіспін. Солардың ішінде сол кездегі одақтағы жаратылыстану философиясымен айналысқан, бірден-бір атақты ғалым, профессор И.В.Кузнецов – осы саладағы алғашқы аяқ алысыма зор ықпал

еткен адам; менің Мәскеудегі аспирант кезімдегі ғылыми жетекшім болатын. Сондай-ақ Э.В.Ильенков, Б.М.Кедров, В.С.Готт, В.С.Тюхтин, Г.И.Рузавин, В.А.Лекторский, В.С.Степин секілді көрнекті ғалымдардың алдын көру философиядағы өз жолымның қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Аспирантураны ойдағыдай қысқа мерзімде тамамдағаннан кейін 1965 жылы Алматыға қайтып оралдым. Менің отбасым Академияның жатақханасында кішкентай бөлмеде тұратын. Пәтер алу мен үшін өте қиын болды. Сөйтіп қиналып жүргенімде біздің институтта аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейтін заң ғылымының кандидаты Ескендір Қожабаев ағамыз маған жеті жыл дегенде үш бөлмелі пәтер алуға көмектесті.

– Сөйтіп, сіз өскен орта: отбасы, мектеп, институт, Алматыдағы философия және құқық институты, Мәскеудегі аспирантура, Философия және саясаттану институты, осы ғылымдағы елу жыл ғұмырыңызда аналарыңыздың үмітін ақтай алдыңыз ба?

– Аналарымның үмітін ақтасам да қарыздармын. Айта кетейін осы жылдары 600-ден астам ғылыми жұмыстар, қырықтай кітаптар жарияладым, олардың ішінде 75-тен астамы әлемнің жиырма бес тілінде (Ресейде, АҚШ-та, Қытайда, Германияда, Түркияда, Иранда, Вьетнамда, Тәжікстанда, Белоруссияда, Украинада, Болгарияда, Польшада, Венгрияда және тағы басқа елдерде) жарық көрді. Менің ғылыми жетекшілігіммен көптеген кадрлар диссертациялар даярлап, философия, социология, мәдениеттану, саясаттану бойынша халықаралық танымал ғылыми мектеп құрдым.

Халық пен мемлекет тарапынан еңбегім жоғары бағаланды. Қазақстан мемлекеттік сыйлығының (1984), Шоқан Уәлихановтың бірінші сыйлығының (1974), Халықаралық түркі әлемі сыйлығының (2006) лауреаты атандым. Елбасының жарлығымен Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер (1994), Президенттің бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының лауреаты (1998), «Достық» (1998) және «Парасат» (2004) ордендерінің иегері атандым. Көптеген елдің құрметті профессоры, академигі, құрметті азаматы атандым.

Вашингтондағы Американың және Кембридждегі Англияның өмірбаяндық институттары 2008 және 2009 жылдардың аяғында зерттеу мен сараптау нәтижесінде мені 200 тұлғалардан тұратын «XXI ғасырдың ұлы ойшылдары» атты топқа кіргізу туралы шешім қабылдапты. Арнаулы ағылшын тілінде біздер туралы кітап даярлануда, біздерге алтын медаль және сертификат береді. Кітап әлем елдеріндегі кітапханалар, мектептер және ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі зиялы қауым үшін тамаша дереккөзі болмақ. Бұл да болса менің ғылым мен қоғам дамуына қосқан үлесімнің бағасы деп білемін.

Қазақтың дәстүрлі және қазіргі қоғамындағы әлеуметтік, ұлттық болмыс пен ұйысуды, дұрыс ағайын-туыстық қарым-қатынасты

сақтауда отбасындағы аналардың, апалар мен әжелердің берген тәрбиесі мен өнегесі қашанда зор болды емес пе?! Адам дүниеге келгеннен кейін халық ауыз әдебиетінің небір нұсқаларын құлаққа кіргізіп, жүрекке сіңіре отырып, парасаттылық пен сатқындықты, жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен зұлымдықты, тазалық пен надандықты айырып, ұлттық рух пен намысты жоғары қоятын нағыз қазақ болуға, азамат болуға, жақсы және танымал адам болуға тәрбиелейтін көңілі кіршіксіз ақ жаулықты апаларымыз бен әулиедей әжелеріміздің алдындағы қарызымызды өтей алар ма екенбіз? Олардың бізге сіңірген керемет еңбегін, ақ сүтін, айтқан өсиетін, насихатын жиі еске алып, содан ауытқымауға тырысып өмірді адамша сүре білу, олардың биік рухын қастерлеп қадірлей отырып, кейінгі ұрпаққа табыстау әрбір перзенттің парызы болса керек. Олардың жарқын бейнесі үнемі көз алдымда. Бақилық болған осы апаларым мен әжелерімнің рухтарына тағзым етіп, басымды иемін.

Сұхбаттасқан Болатбек Төлөпберген
«Қазақ әдебиеті», 28.05–03.06.2010

Таным қуанышы

– Ұлттық идея деген не? Қандай болуы керек? Бізде бар ма? Өйткені «барлық ұлттарды ұйыстыратындай бізде ұлттық идеология жоқ» деген әңгімелер аракідік айтылып қалады.

– Ұлттық идея халық үшін барлық тарихи кезеңдерде маңызды рухани күш болғаны белгілі. Ал енді, бұл құбылыстың түпкі мәніне, құрылымына назар аударатын болсақ, онда ол ең алдымен өзінің рухани кіршіксіздігімен, болашаққа деген арман-тілегімен айрықшалануы тиіс. Сонда ғана ұлттық идеяның нағыз тарихи маңыздылығы арта түседі. Өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыз халықты үнемі рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көкसेген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген. Осы айтылғандарға орай, қазіргі заманда еліміздің азаматтарына құндылықтық бағдар болатын, болашақтың жарқын жолын анықтайтын ұлттық идея қажет екеніне күмән келтіруге болмайды. Басқаша айтқанда, оның сипаттамасын ұлттық идеологияның нақтыланған, тарихи кезеңге бейімделген рухани моделі іспетті феномен деп беруге болады. Ұлттық идея Қазақстан жағдайында жергілікті тұрғындарды ғана жарқын бола-

шаққа жетелейтін бағдар, көшбасшы ой-тұжырым емес, сонымен бірге ол алыс және жақын шет елдердегі қандастарымыздың жүрегін жібітетін, көңілдерін биікке барынша көтеретін, рухани деңгейде әрқайсысына демеу болатын қасиетке ие болуы керек. Жалпы ұлттық идеяға деген зәрулік қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде бекер туындамайды. Ұлттық идея, негізінен, жас ұрпаққа, жас мамандарға, жас отбасыларға алға қарай жылжуға ауадай қажет құдіретті әлеуметтік-рухани күш болуға тиіс. Ұлттық идеяға негізделген қазақ философиясы еліміздің рухани тәуелсіздігінің көрінісі, ел бірлігінің рухани тірегі. Рухани дамудың негіздері толық қаланбаған елде идея сан қилы бағытта өрбиді, ал ол мемлекетте өмір сүретін барлық азаматтардың игілігіне, мүддесіне қызмет етсе құба-құп. Егер әр түрлі этникалық, діни, әлеуметтік топтарды бір-біріне қарсы қоюды, олардың ара жігін ашуды мақсат еткен жалпы мемлекеттік идея болса, онда ол түбінде сол елдің ыдырауына, мемлекеттің құлдырауына әкеліп соғады. Мұндай жағдайды Кеңес Одағының ішкі саясатынан анық байқауға болатын еді. Онда орталықтың абсолютті басымдық дәрежесі қоғамда басты идеяға айнала бастаған уақытта одақ өз тіршілігін амалсыздан тоқтатты. Жалпы империялардың бәріне тән ортақ осал жері – мылтық пен қара күшке сүйеніп жүйені ұстап тұрудың әдеті мен дәстүрін бекітуі. Сондықтан, әрқилы империялар тарих сынағына шыдамай ыдырап кетіп отырды.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі ұлттық идеясының өзіндік бір вариантын төмендегідей тұжырымдауға болады: «Бастауларды ұмытпастан, біз бірлесіп әрбір қазақстандықтың игілігі үшін күшті, өркениетті, бәсекеге қабілетті және демократиялық Қазақстанды құрамыз». Бұл ой-тұжырымның үш маңызды іргетасы бар екенін байқаймыз: біріншіден, ол рухани бастауларды, халықтың тарихи мұрасын ұмытпауға шақырады; екіншіден, әрбір қазақстандыққа ортақ игілік болатын бірлік мәселесін көтереді; үшіншіден, Қазақстанның бәсекеге қабілетті өркениетті, демократиялық ел болуына ұмтылыс жасау қажеттілігі айтылады. Бұл тұжырымның өміршеңдігі мен оның халықтың көңілінен шығар-шықпасын уақыт көрсетері анық. Дегенмен, оны ұлттық идеяның елімізде қалыптастыруға деген үлкен қадамның лайықты бастамасы деп қабылдағанымыз жөн. Біздің Институттың ғалымдары қазіргі кезеңде ұлттық идеяның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасауға және соның негізінде қазақ философиясын дамытуға тырысуда. Ғылыми танымның нақты әрекеттері өз жемістерін береріне сенемін.

Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығына арналған 10 томдық шығармалар жинағына ортағасырлық кемеңгер ойшылдың бірнеше еңбектерінің нұсқасы еніп отыр. Айта кететін жағдай бұл топ-

тамада әл-Фарабидің «Музыка жайлы үлкен кітабы», «Аналитика», «Мутакаллимдер қолданған кіші силлогизм», «Теология» трактаты және т.б. еңбектері алғашқы рет қазақ тіліне тікелей араб тілінен аударылып беріліп отыр. Әл-Фараби іске асырған антикалық мұраның толерантты герменевтикасы қазіргі жағдайдағы елімідегі өзара түсіністік пен мәдениетаралық сұхбатқа өз әсерін тигізеді. Міне, сондықтан «Екінші Ұстаз» атанған Шығыс ғұламасының бір өзі бір академия іспетті екендігін дәлелдеп отыр. Сонымен қатар 10 томнан тұратын «Әлемдік психологиялық мұра» блогы бойынша алғаш рет мемлекеттік тілде психология саласының әлемдік классиктері аударылып, олар қазіргі таңда толығымен аяқталды. Сонымен менің ғылыми басшылығыммен 60 томнан тұратын әлемдік және ұлттық философия мен психология бойынша туындылар жарияланды.

Қазақ халқы сан ғасырлық тарихы, өзіндік философиялық ой-санасы бар Шығыс халықтарының қатарына жатады. Оның ділінде сонау түркілік заманнан келе жатқан құрылымдар да, мұсылмандық дінмен келген дүниетанымдық әмбебаптықтар да кездеседі. Осылардың бәрін кеңестік дәуірде тереңдеп ашып көрсетуге, жан-жақты зерттеуге мүмкіндіктер болмады. Ал енді қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ философиясының тарихы тереңірек зерттелуде.

– Кезінде Ахмет Байтұрсынов айтқан екен: «Бүгінгі заман, өткен заманның баласы, болашақ заманның атасы» деп. Бүгінгі Қазақстан мен өткен және болашақ Қазақстанды салыстырып не айта аласыз?

– Өткен ғасырдың басында Кеңес империясы өзінің ішінен ыдырап, оның орнында түбірінен жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Солардың бірі Қазақстан Республикасы. Тәуелсіздіктің он тоғыз жылында өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастың ықпалды да беделді мүшесі болды. Елдің ішкі экономикалық жүйесі түбірінен өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Түбірінен жаңа саяси жүйе, азаматтық қоғам және демократиялық құқықтық мемлекет қалыптасуда.

Он тоғыз жыл ішінде елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі жасалды, қазақ халқының ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын, ойшылдарын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы бүкіл әлемге таныту, мәдени және ұлттық бірегейлігін нығайту, бай рухани және мәдени қазынасын әлемдік өркениетпен ұштастыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды.

Тәуелсіз дамудың он тоғыз жылы рухани мәдениетсіз, жастарды жоғары өмірлік құндылықтар рухында жүйелі және саналы түрде тәрбиелемей, тек материалдық игілік жолында тәрбиелеудің табысты болмайтындығын көрсетті, өйткені прагматизм және табыс қуушылық руханилықтан алшақ құндылықтарды егетіні белгілі болды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тек Қазақстан емес, сонымен қатар көптеген елдер, әсіресе, өз дамуының трансформациялық кезеңдерінде заманның алға қойған жаңа талаптары аясында өздерінің тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне қайта бет бұрады.

Менің ойымша, мәдени мұра мен ұлттық бірегейліктің арасында тікелей өзара байланыс бар. Мәдениеттің белгілі бір жүгін арқаламайтындай адамның, тұлғаның болуы мүмкін емес, ал бұл мәдени жүктің ажырамас бөлігін өткеннің мәдени мұрасын қазіргімен қоса білу қабілеті құрайды. Және қоғамның мәдени мұрасы мен руханияты неғұрлым бай және жоғары болған сайын, қоғам тұтастай алғанда соғұрлым бай және сонысымен де өзгелер үшін ашық, себебі қоғамның өзі өз бойына әртүрлі этностардың өзара әсер етуші мәдениеттердің ықпалын бойына сіңіре отырып, этностардың өзара мәдени араласу шекарасында өмір сүреді.

Тек тәуелсіздік жылдарында ғана ашылған және негізделген түбірінен жаңа қазіргі қазақ философиясының мәні неде деген мәселеге келер болсақ, бостандық, азаттық, тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін құрайтын сияқты. Соңғы екі-үш ғасырларда астарлы жүргізілген отаршыл саясатқа қарсы болған үш жүзден астам көтерілістің өзі нені көрсетеді? Құдайға шүкір, халқымыздың аңсаған тәуелсіздігіне де қол жеткізіп, дербес елге айналдық.

– Қазақ елі үшін үлкен тарихи оқиға болғалы тұрған ЕҚЫҰ-ның Астанада өтетін саммиті жөніндегі ойыңыз?

– ЕҚЫҰ – әлемдегі өте беделді де күшті ұйымдардың бірі. Оның құрамында Ванкуверден Владивостокқа дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте орналасқан өркениетті 56 мемлекет бар.

Қазақстан тәуелсіздіктің он тоғыз жылында тамаша экономикалық және әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени жетістіктерге қол жеткізді. Ең бастысы – елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Оның негізін қалаған біздің Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев. Егер, халықтар арасында келісім, ынтымақ, бірлік болмаса, онда ешқандай экономикалық өсу де, халықаралық бедел де болмайды. Ұзақ жылдар бойы қазақ халқы қиыншылықтар мен келіспеушіліктерді бірлік, келісім, толеранттылық, сұхбаттасу арқылы бейбіт жолмен шешіп отырған. Тәуелсіздік жылдары Президентіміз елімізде бейбітшілік пен ынтымақтастықты басты бағыт етті.

Бұл Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығының қажетті алғышарттары болып табылады. Барлық 56 ел қолдайтын қазақстандық төрағалықтың ұрандары: сенім, дәстүр, ашықтық, төзімділік.

Алдымызда 1-2 желтоқсан күндері Астанада өтетін саммиттің тарихи маңызы өте зор. 1) Қазақстанды, қазақ ұлтын бүкіл әлем таниды, құрметтейді және қастерлейді. 2) Батыс пен Шығысты жақындатуда, оларды үнқатыстыруда бұл саммиттің рөлі ерекше. 3) ЕҚЫҰ кеңістігінде әлі шешілмеген бұрынғы және жаңадан пайда болған көптеген өзекті мәселелер бар. Олардың қатарында Ауғанстан, Грузия, Қырғызстан, Армения мен Әзірбайжан, Молдова, Кавказ және тағы басқа мәселелері. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы халықаралық шиеленіскен қиын және қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайында болып отыр. Бұл ұйымның тиімділігін арттыру, оны жаңартумен, сөйтіп, қазіргі заманға бейімдеумен; сонымен қатар ол Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеспен тығыз байланысты. Қазақ елі, әлемдік қауымдастық үшін Астанада өтетін ЕҚЫҰ-ның саммитінің тарихи маңызы өте зор. Қорытынды: Астана арқылы әлемдік және аймақтық мәселелер тиімді сұхбат арқылы талқыланып шешілмек. Тек осы саммитті бүкіл халқымыз болып жоғары деңгейде өткізуіміз керек.

– Бұл саммит бізге не береді? Біздің осы ұйымға төрағалық ете отырып үйренгеніміз не?

– Қазақстанның ЕҚЫҰ-ына төрағалығы, Астанада өтетін саммит бүкіл Қазақ елі үшін өте жауапты да қуанышты миссия. Біз Еуразия аймағында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуге үлес қосамыз. Содан кейін осының арқасында егемен еліміздің сырты мен ішіндегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етеміз. Орталық Азиядағы қордаланған экологиялық және экономикалық мәселелерді шешуге жол ашылады. Елімізде қалыптасқан этносаралық, дінаралық, мәдениетаралық келісімді одан әрі жетілдіру 2020 жылға дейінгі индустриалды-инновациялық даму стратегиясын іске асыру үшін ауадай қажет. Алдымызда өтетін саммиттің бізге берері өте көп. ЕҚЫҰ-ды басқара отырып, Қазақстан мен ЕҚЫҰ кеңістігіндегі елдермен арақатынасымыз жақсарып, болашақта еліміздің тәуелсіз ел ретіндегі мәртебесі жоғары болмақ.

– Осы ұйым аясында қандай игі бастамалар көтере білдік?

– 1999 жылы Ыстамбұлда өткен саммиттен кейін бүкіл әлемде үлкен өзгерістер болды. Шешуі қиын түйіндер, даулы аймақтар, ұлтаралық және дінаралық соғыстар, экологиялық және антропологиялық мәселелер, ғаламдық маңызы бар тағы да басқа мәселелер пайда болды. Осындай өзекті де қиын мәселелерді шешу жолдарын қарастыру Қазақстанға жүктеліп отыр. Саммиттің

біздің елімізде өтуі, біріншіден, еліміздің халықаралық деңгейде абырой-беделінің артқанын көрсетеді. Екіншіден, дүниежүзі Қазақстанды, Қазақ елін, қазақ ұлтын таниды, біледі және құрметтейді.

Адами даму – ЕҚЫҰ-ның үшінші өлшемі. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы ЕҚЫҰ мен ТМД елдері арасындағы өзара әсерге қосымша серпіліс береді. Қазақстан өзінің ұлттық заңдарын еуропалық стандарттарға жақындастырады. Ресейге қажетті еліміздің этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудегі тәжірибесін ескере отырып, ЕҚЫҰ кеңістігіндегі толеранттылық және мәдениетаралық сұхбат мәселелері Қазақстанның төрағалығының басым бағыты ретінде анықталды. Менің пікірім бойынша, Қазақстан мен Ресей арасында өзара бір-бірімізге пайдалы істер бар. Мысалы, бізге Ресейдің мемлекеттік-конфессионалдык серіктістік тәжірибесі қызғылықты. Сонымен қатар, екі елге этносаралық қатынастар саласында қызмет атқаратын азаматтық қоғамның институттарының өзара әсері және үйлесімділігі құнды. Сол сияқты Еуразиялық ынтымақтастықта, соның ішінде Қазақстан мен Ресей арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықта аймақтық деңгейде ғана шешімін табатын миграция мәселелері басым бағыттың бірі болып есептеледі. Қазақстан өркениетті миграцияны қолдайды. Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыру шеңберінде мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімшарттың жобасы келісілуде.

2007–2015 жылдарға арналған миграциялық саясаттың Тұжырымдамасы қабылданды және «Тұрғындардың миграциясы туралы» заңның жобасы даярланды.

Қазақстан мен Ресей арасында БАҚ-ды дамыту бойынша үлкен мүмкіндіктер бар. Бұл жерде мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі тұр. Сонымен қатар Ресейдің қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бойынша үлкен тәжірибесі бар.

Сонымен, Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығы республика үшін осы Ұйымның ішіндегі шынайы серіктестіктермен ынтымақтастыққа қол жеткізуіне, ал ЕҚЫҰ үшін ТМД кеңістігіндегі елдердің абырой-беделінің артуына септігін тигізді.

– **Қазір немен айналысып жатырсыз?**

– Қазіргі уақытта мен «Глобальдық әлемдегі қазақстандық даму жолы: философиялық-дүниетанымдық және саяси-әлеуметтік мәселелер» (2009–2011 жж.) атты институттық іргелі зерттеулер бағдарламасының ғылыми жетекшісімен және өзім басқаратын Ғылым және техника философиясы бөлімі шеңберінде орындалатын «Глобальдық әлемдегі жаңа Қазақстан. Қауіп-қатерлер және

бірегейлікті сақтау» жобасының жетекшісімен және оны орындайтын ғалымдардың бірімін. Екіншіден, «Современная социальная политика в Белоруссии, Казахстане и России: сравнительный анализ» атты жоба бойынша Ресеймен және Белоруссиямен бірігіп жүргізетін халықаралық зерттеулерге қатынасамын. Осыған орай биыл Новосибирск қаласында «Социальная политика. Мифы и реалии» атты тақырыпта көлемді монография жарияланды. Сонымен қатар, «Евразийская доктрина Нурсултана Назарбаева» және «Н.А.Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия» атты екі көлемді кітап жарияланды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа пән аралық зерттеулер жалғасуда, солардың негізінде ұлттық және әлемдік философия бойынша қазақтың дәстүрлі этикасы, аксиологиясы бойынша жұмыстар атқарылды.

Қазіргі Қазақстанның ішкі саясаты бойынша менің ғылыми жетекшілігіммен 2003 жылдан жүргізіліп келе жатқан қысқа мерзімді зерттеулер топтамасы өз жалғасын табады.

Біздер күнделікті өмірдегі болып жатқан саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени ахуалды ғылыми-сараптамалық талдау арқылы болжам жасаймыз, оның нәтижелерін отандық баспасөз беттерінде, радио және теледидар арқылы жиі жариялап тұрамыз.

Жалпы адамзаттың болашағы адамшылық пен руханиятты дамытуда екені даусыз. Бәсекеге қабілетті адам болу, толық, рухани жағынан жетілген адам қалыптастыру бүгінгі күннің өскелең талабы. Руханият дамымаған жерде әртүрлі кикілжің де, қақтығыс та көп болады. Басты принциптерінің бірі толеранттылық болатын қазақ философиясы еліміздің бірлігінің рухани тірегі болып табылады. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын.

Зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми форумдарда баяндалады. «Қайнар» университетінде кафедрара меңгеремін, студенттерге және магистранттарға лекциялар оқимын.

Өңгімелескен Б. Сатершинов

Ғылым жолындағы жартығасырлық жол (академик Әбдімәлік Нысанбаевпен сұхбат)

– Жуырда еліміздегі ғылым саласында белсенді қызмет атқарып жүргеніңізге тура елу жыл толған екен. Сізді осы

өмірбаяныңыздағы елеулі оқиғамен құттықтай отырып, өзіңіздің ғылым жолындағы шығармашылығыңыздың қайнар бастаулары, ғалым болуыңызға ықпалын тигізген кісілер туралы айтып кетсеңіз.

– Қазақтың кең даласы рухани қазынаға дарқан екені белгілі. Оның әрбір қырында өзіндік тұнып тұрған тарих бар. Оларды елеспекшеп, шынайы тұстарын айқындай алсақ, онда сан ғасырлық рухани байлығымызды бағалағанымыз. Міне сондай халқымыздың жадында өзіндік сүбелі орны бар өлке саналатын қасиетті Сыр өңіріндегі Қарауылтөбе ауылында өткен ғасырдың отызыншы жылдарының аяғында дүниеге келдім. Менің өмірде азамат болып қалыптасуыма, кейін ғылым жолына түсуіме Қатира апам мен Рысты әжемнің сіңірген еңбегі зор. Сондықтан, оларды әркезде құрметпен еске аламын. Ал енді өзім көптеген қазақ жастары сияқты білім мен ғылымның ордасы болған сәулетті ару қала – Алматыға жетуге жастайымнан армандадым. Сөйтіп, 1960 жылы жолдамамен еліміздің Ғылым Академиясының қабырғасында, нақтырақ айтсақ, алдымен Химия ғылымдары институтында, содан кейін Философия және құқық институтында ғылымдағы еңбек жолымды бастадым. Содан бері ғылым кеңістігіндегі қызмет атқарғанымға 50 жыл толған екен. Осы жартығасырлық үздіксіз ғылыми ізденістер мен ақиқатқа ұмтылыстардың мен үшін қиындығы да қызығы да мол болды. Ғылым саласында қазіргі кезеңге дейін ғылыми қызметкерлік лауазымының төменгі сатыларынан Институт директоры және Қазақ энциклопедиясы бас редакторы дәрежесіне дейін көтеріліп ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық, қоғамдық қызметтерді үйлестіре қоса атқарып келдім. Қазақстанның Ғылым академиясын әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаев басқарған инновациялық кезеңде академик С.Зимановтың қолдауымен сол тарихи кезеңдегі еліміздің астанасы болған Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Философия институтындағы аспирантурада оқыдым. «Математикадағы ақиқаттың табиғатын ашудағы сәйкестік принципінiң маңызы» атты тақырыпта кандидаттық диссертацияны көрнекті ғалым, профессор И.В.Кузнецовтың ғылыми жетекшілігімен Мәскеуде 1964 жылдың аяғында мерзімінен бұрын сәтті қорғадым. Ол кездегі ғылым саласындағы диссертациялық қорғаулар қазіргі кезеңдегімен салыстырғанда әлдеқайда күрделірек болатын. Оның үстіне мектеп пен институтты қазақ тілінде сталиндік стипендиат болып бітіріп еліміздің бұрынғы астанасында орыс тілінде математиканың күрделі философиялық-дүниетанымдық және логикалық-әдіснамалық мәселелерін зерттеу де оңай шаруа емес болатын. Бірақ, ерінбей жүйелі талаптану мен еңбектенудің арқасында қиындықтарды жеңіп шықтым. Оған, сірә, қазақтың қанындағы төзімділік, дарындылық, мақсаткершілік, намысқойлық

сияқты түбегейлі қасиеттер көмектескен болар деп ойлаймын. Сонымен қатар, О.А.Жәутіков, Б.А.Розенфельд, А.Н.Колмогоров сияқты атақты математик-ғалымдардың лекциялары мен көмектері көп септігін тигізді. Сол кезеңдегі еліміздегі философия саласындағы Б.М.Кедров, Ж.М.Әбділдин, Қ.Х.Рахматуллин, Э.В.Ильенков сияқты көрнекті мамандармен ғылыми-шығармашылық қарым-қатынаста болып, нағыз кәсіби шыңдалу мектебінен өткеніме қуаныштымын. Кейінірек 1975 жылдың басында «Математикалық білімді синтездеу мен дамытудың диалектикалық-логикалық принциптері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғадым. Шынтауайтына келгенде кейінгі шығармашылық табыстарға жастық шақта қордаланған сапалы білім мен дағдылар үлкен теориялық іргетас болды. Міне, соның арқасында үздіксіз ғылыми ізденістер жасаудың көптеген қыр-сырларын меңгеріп, қазіргі уақытқа дейін ондаған монографиялар мен жүздеген мақалалар жаздым. Олардың ең таңдаулылары қазіргі кезеңде әлемнің 25 тілінде жарық көрді. Бұл менің қазақ жеріндегі философиялық ойлау мәдениетінің өркендеуіне, Қазақстан Республикасының жаңа тарихи кезеңдегі орнықты дамуына, өзінің рухани тәуелсіздігін нығайта түсуіне қосқан үлесім деп білемін. Әрине, болашақта осы ғылыми шығармашылықты өрбітуге, ел үшін қызмет етуді жалғастыруға күш саларым анық. Жарты ғасыр бойы жинақтаған білімнің жалпы ғылыми үрдісте, ғылыми айналымда барынша тиімді түрде көрініс бергенін қалаймын. Қазіргі заманның талабы жаңаданудың жеделдетілген өзгерістеріне негізделген. Дегенмен, ғылымның ежелден қалыптасқан орнықты, іргелі принциптерін, жалпылама заңдылықтарын ешқашан ұмытпау керек. Оңсыз ғылым өзінің мәртебесі мен мәнін жоғалтады. Сонымен, менің шығармашылығымның бастауларын отбасынан, мектептен, институттан, Алматы мен Мәскеудегі философия институтынан іздеген жөн.

– Халықаралық аренада жарық көрген еңбектеріңіз және ғылыми жаңалықтарыңыз туралы нақтырақ айтып өтсеңіз. Жалпы халықаралық деңгейде Қазақстан ғылымының таныла түскені оның бәсекеге қабілеттілігін көрсетпей ме?

– Жалпы мәдениеттің бір көрнекті салалары ғылым мен философия болып табылады. Біз ғылым және соның негізінде техника мен технологияны жан-жақты дамыту арқылы ғана өркениетті елдердің санатына қосыла аламыз. Жаппай бәсекелестік белең алған заманда өзімізді ешқандай әлеуметтік және экономикалық қыспақтардан қорықпай лайықты деңгейде ұстай аламыз. Рухани қауіпсіздікті нығайтудың бір векторы – еліміздегі ғылымның дамуын сапалы деңгейге көтеру екені анық. Әрине, өздерінің қаржысына біздерді шақырып, халықаралық конференциялары

мен конгрестерінде ғылыми баяндамалар жасап, журналдарда мақалаларымызды жариялап, кітаптарымызды жарыққа шығарып отырсақ, онда қазақ халқы мен Қазақстан Республикасындағы ғылым деңгейі мен қазақ халқының рухани әлемі туралы әлем халықтары тереңірек және кеңірек таныса түсетіні шүбә келтіруге болмайды. Ал енді, менің жеке шығармашылығымға келетін болсақ, онда алдымен, Ресейдегі философия, мәдениеттану, социология салалары бойынша әртүрлі өзекті мәселелер бойынша дүниежүзіне танымал «Вопросы философии», «Социологические исследования», «Философия образования», Америка Құрама Штаттарындағы «Культурное наследие и социальная трансформация», Чикагода шығатын «Философия образования» журналы сияқты мамандар арасында беделі өте жоғары, жетекші рөл атқаратын журналдарда мақалаларым жиі шығып тұрады. Мен олардың халықаралық редакциялық кеңесі құрамына мүшесмін. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде Новосибирск қаласындағы Ресей Ғылым академиясының Философия және құқық институтымен және Минскідегі мемлекеттік университетпен тығыз шығармашылық байланысым бар. Жақында үш елдің әлеуметтік саясатын салыстырып зерттеуге арналған үлкен екі томдық монография жарық көрді. Ал енді, АҚШ, Түркия, Иран, Қытай және т.б. елдерде бірнеше іргелі мақалалар мен монографиялар жарық көріп, қазақтар мен жалпы Қазақстанның философиясы мен саясаттану саласы кеңінен әлем кеңістігінде насихатталды. Мысалы, Тегеранда 2002 жылы менің «Қазақ философиясы» атты көлемді кітабым қазақ тілінде жарық көрді. 2004 жылы Вашингтонда ағылшын тілінде «Қазақстандағы мәдени мұра және әлеуметтік трансформация», 2002 жылы Анкарада түркі тілінде «Қазақ түркілерінің фәлсафасы» атты жаңа кітаптар жарияланды. Дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосыла алатындай бәсекелестікке қабілетті елдердің біріне айналу үшін біздің мамандарымыздың сапалы еңбектері шетелдерде жиі-жиі жарық көре бергені дұрыс деген ойдамын. Бұл сындарлы әрекеттерден түбінде ұтылмасымыз анық. Ғылым саласындағы шығармашылығымды шетелдіктер де лайықты бағалауда. Мәселен, 2005 жылы Анкарада «Түркі әлемі сыйлығының» иегері атанғаным есте қалды. Қытайдың Ухань қаласындағы Ғылым және технология университетінің «шақырылған профессоры» атағы берілгені біздер үшін қуанышты хабар болды.

– Өзіңіз басқаратын ғылыми-зерттеу институтының тарихында ғылымды ұйымдастырушы, осы мекеменің басшысы болғаныңызға биыл 20 жылдан асқан екен. Енді осы екі міндетті, яғни танымал ғалымдық пен ұжымға іскер басшы болудың өзара байланысы туралы айта кетсеңіз.

– Иә, танымал ғалым болу өзінше қиын дүние екені ежелден белгілі. Ғылыммен айналысуды – «Инемен құдық қазғандай» деген теңеумен бағалаған халықпыз ғой. Жалпы қазіргі заманда кез келген ұжымға басшы, жетекші болудың өзі оңай шаруа емес. Философия және құқық институтына 1990 жылы 17 мамырда баламалы демократиялық сайлау арқылы директорлық қызметке келгенім рас. Ғылыми қызметкерлер ұжымы үш үміткердің ішінде маған сенім білдіргені мені үлкен жауапкершілікке итермеледі. Міне, сол тарихи кезеңнен бері қазіргі Философия және саясаттану институтының жетекшісі болып келемін. Институтымыздың қабырғасында кезінде заңтанушы ғалымдармен бірігіп өткерген өткен ғасырдың 60-шы, 70-шы және 80-шы жылдардағы ғылыми ізденістермен, шығармашылықпен айналысуларымыз да есте қалыпты. «Теорияны құрудың диалектикалық-логикалық принциптері» атты жаңа көлемді монография үшін біздер 1974 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші сыйлықтың иегері атандық. Одақта белгілі болған академик Жабайхан Әбділдин басқарған диалектикалық логика бойынша мектептің қалыптасуына өз үлесімді қосқанымға қуаныштымын. Сол мектептің негізін салушылардың бірі ретінде бір топ ғалымдармен бірге 1984 жылы «Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» деген атақтың иегері атандым. Ал енді, еліміздің тәуелсіздігіне қол жеткізген алғашқы жылдары қоғамдағы барлық салалар сияқты ғылымның жағдайына да оңай тиген жоқ. Бұрынғы тоталитарлық мемлекет ыдырап, гиперинфляция күшейіп, жағдайымыз өте нашарлап тұрған 1991–1996 жылдары институтқа басшылық жасау өте қиын болды. Директорлық қызметтің өзі ғылыми-ұйымдастыру, зерттеудің стратегиясы мен әдіснамасын өзгерту мәселесімен тікелей байланысты. Сондықтан менің алдымда негізгі философиялық бағыттар мен ғылыми кадрлардың негізгі құрамын Институт қабырғасында сақтап қалу проблемасы тұрды. Сонымен бірге, ескі философияны өзгертіп, жаңа заманның рухани атмосферасына лайықты жаңа философияны қалыптастыру қажет болды. Ондай қиындықтарды тәзімділікпен жеңе білдік. Қазіргі кезеңде жағдай жақсарды, Институтымызда 20-дан аса ғылым докторлары, 25-тен аса ғылым кандидаттары табысты жұмыс атқаруда. Шағын баспаханамыз бар, «Адам әлемі-Мир человека», «Әл-Фараби» деп аталатын екі бірдей халықаралық деңгейде мойындалған ғылыми журналдарымыз әр тоқсан сайын жарыққа шығып тұрады. Оларда қазіргі заманның күрделі теориялық және қолданбалы мәселелері бойынша мақалалар жарияланады. Сонымен қатар, біз өзіміз орындаған ғылыми жобаларымызды уақытылы ұжымдық және жеке монография ретінде шығарамыз. Оларды конференциялар-

да, біріккен теориялық семинарда талқылаймыз. Сонымен қатар, Институтта философияның үш мамандығы бойынша докторлық диссертациялар қорғалатын Диссертациялық кеңесіміз бар. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан келген мамандар диссертацияларын қорғап, кәсіби біліктілігін арттыруда. Қысқаша айтқанда, еліміздегі философия мен саяси ғылымдарының биік теориялық деңгейінің сақталуына, оның үнемі өрбіп, дамып отыруына, осы салалар бойынша білікті ғылыми кадрлардың дайындалуына үлес қосып келе жатқан ғылыми мекемеміз еліміздің рухани тәуелсіздігін нығайта түсу үшін қажет деген ойдамын. 2003 жылдан бері біздің мамандарымыз Президенттік әкімшілік пен Үкімет органдарынан келген шұғыл тапсырыстар бойынша қолданбалы-сараптамалық зерттеулермен де айналысып, мемлекетіміздің рухани және практикалық өміріне көмегін тигізетін ғылыми ұсыныстар, сараптамалар жасап келеді. Бұл теория мен практиканың өзара үндесе бастағанының белгісі деп ойлаймын. Ғылым дамуының жаңа тарихи кезеңге сәйкес келетін келбеті осындай. Еліміздегі ғылым мен білімді, жалпы ғылыми процесті, «Қазақ энциклопедиясын» ұйымдастыру мен басқарудағы қызметтерімді бағалап 2001 жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша еліміздегі «Тамаша адамдар ғұмыры» сериясы ауқымында «Әбдімәлік Нысанбаев» атты көлемді кітап орыс тілінде жарық көрді. Оның авторлары – профессорлар Г.Г.Соловьева мен С.Ю.Колчигин. Бұл еңбекте менің өмір жолымдағы ғылыми шығармашылық еңбегімнің қоғамдық және кәсіби бағасы беріледі. Тағы бір есте қалатын елеулі оқиға – ғылыми көпшілікке арналған «Философ Нысанбаев» деп аталатын екі бөліктен тұратын ғылыми көпшілікке арналған фильмнің «Мир» мемлекетаралық телеарнасының ауқымында түсіріліп, республика жұртшылығына өткен жылдары көрсетілді. Бұл телетуындының режиссері, дарынды журналист Калила Омаров болатын.

– Қазіргі кезеңдегі ғылымдағы дәстүрлер жөнінде ой қозғайтын болсақ, онда жалпы бұл салада жаңашылдық пен дәстүрлер бір-бірімен астасып жатпай ма? Бұрынғы философия мен қазіргі философияның өзара ұқсастығы мен айырмасы қандай?

– Кез келген жаңа дүние қоғамда орнын тауып, шынайы түрде беки алса, онда ол бірте-бірте әлеумет үшін дәстүрге айналады. Ал ескірген дәстүр әрқашанда жаңа құбылыстарға орнын беруге мәжбүр болады. Бұл өмірдің өзіндік диалектикасы. Кешегі коммунистік үстемдікке, идеологияға қызмет еткен философия қазіргі кезеңде адамның әлемді еркін рухани игеруінің саласына айналуға талаптанауда. Дегенмен, ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі адамзаттың

философиялық мәселелері ретінде қойған іргелі дүниелерден ауытқып кетуге болмайды. Мәселен, адами өмірдің мәнін, адам болмысын іздемеген, оны түсіндіруге, зерделеуге тырыспаған философия философия емес, құр ақылгөйсушілік болып табылары анық. Сондықтан, философияның ең негізгі мәселесі адам мен әлемнің қатынасы, адам, оның дүниетанымы, құндылықтары, бостандығы мен құқықтары мәселесі. Ал адамның өмірінің мәні оның руханиятымен тікелей байланысты. Адам өзінің бойындағы рухын асқақтата, рухани қуатын әлемге паш етуі арқылы өзінің өмірінің мәнін рауаждайды. Әрине, тарихта ешнәрсе ізсіз жоғалып кетпейді, ол рухани құбылыс ретінде ұлттың өзіндік санадағы кейбір бейсаналық қабаттарда, рухани салаларға жататын ұлттық өнері мен аңыздарында, халықтың дүниетанымдық, әлеуметтік-мәдени және құндылықтық бағдарларында қордаланады. Қазақ халқының тарихи дәстүрлі және қазіргі руханиятының бастауларына әлеуметтік-мәдени және тарихи-философиялық пайымдаулар жасау маңызды болғандықтан өткен ғасырдың 90 жылдарының басында Институтымызда алғашқы рет «қазақ философиясының тарихын» зерттейтін арнаулы бөлімнің ашылуына күш салдым. Өйткені, философиясы жоқ халық болмайды. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын. Әдетте, қазақ халқы дарынды философ халық деп есептеледі. Қазақ халқында Еуропадағыдай рационалды, жүйелі түрдегі философия болмаған деушілер де табылды. Дегенмен, қазіргі кезеңде философияның бір ғана кейіпте болмайтындығын әлем зиялылары мойындай бастады. Шығыс халықтарында философиялар көп болған. Соңғы уақытта әлемдік философиялық конгрестерде азиялық философия, ұлттық философия, этнофилософия, түркі философиясы мәселелерін талқылайтын арнайы секциялар жұмыс істейді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырудың барысында көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасын 20 том шамасында менің ғылыми жетекшілігіммен біршама антологиялық тұрғыда жинақтап алғанымызға қуанамыз. Бұл үлкен ғылыми ерлік, рухани жаңалық демекпіз. Әрине, бұл үлкен ғылыми зерттеулердің басы ғана деуге болады. Сонымен қатар, әлемдік философияның озық үлгілерінің 20 том түрінде алғаш рет қазақша сөйлей бастағаны да елеулі оқиға деуге тұрарлық. Сонымен бірге әл-Фарабидің он томдық шығармалар жинағы қазақ тілінде тұңғыш рет жарық көрді. Енді біз өзіміздің тілімізде елу томдық философиялық мұрасы бар халықпыз. 2010-2011 жылдарда «Қазақтың дәстүрлі философиясы», «Фарабитану» және «Тәуелсіз Қазақстан философиясы» атты үш том қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылып жарық көрмек. Биыл әлемдік және ұлттық философиялық мұра негізінде «Батыс философиясы»

және «Шығыс философиясы» атты студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған көлемді екі оқу құралы жарық көрді. Жалпы адамзаттың болашағы адамшылық пен руханиятты дамытуда екені даусыз. Абай айтқандай, бәсекеге қабілетті адам болу, толық, рухани жағынан жетілген адам қалыптастыру бүгінгі күннің өскелең талабы. Руханилық дамымаған жерде әртүрлі кикілжің де, қақтығыс та көп болады. Дүниежүзілік қаржылық дағдарыстың түкпірінде рухани азғындаудың белгілері жатыр. Пайдаға деген ашкөздік, қандай жолмен болса да құныққан әрекеттерге бару осы руханисыздықтың анық көрінісі болып табылады. «Қанағат қарын тойғызады» деген ұстанымның ар жағында терең әлеуметтік-философиялық ой жатыр. Демек, адамдар арасындағы ізгілікті қарым-қатынас орнату әруақытта әлеуметтік кеңістікті байыпты етеді, халықтарды, діндерді, мәдениеттерді, өркениеттерді бір-біріне жақындата түседі. Ал енді, қазіргі кезеңде барлық елдерде қоғамдық ғылымдар жаһандандудың әртүрлі қырларын зерттеуге бет бұруда. Өйткені, жаһандану объективті процесс ретінде өмірдің барлық қатпарларына ендеп еніп келеді. Осы жерде айта кететін нәрсе: «глобализация» ұғымын ғалымдар мен журналистер арасында әртүрлі сипатта тәржімелеу белең алған. Солардың ішінде «ғаламдасудан» гөрі, менің ойымша, сәттісі «жаһандану» ұғымы болып табылады. Сол ұғымның белгілі деңгейде ғылыми ортада бекуіне, орнығуына кезінде мен өзіндік үлес қостым. Мен, көбінесе, қоғамның даму үрдісі жайлы «орнықты даму» деген түсінікті қолданамын. Оның мағынасы өте терең және қазіргі Қазақстан жағдайына, оның нарықтық экономика мен демократиялық жолмен дамуына дәлірек сәйкес келеді. Жалпы толеранттылық соңғы он жыл бойы негізін қалыптастырып келе жатқан жаңа өзара түсінісу философиясы қазіргі заманның орнықты дамуына қызмет ететін философиялық жүйе болмақ деген ойдамын. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік орнықтылық, алға қарай сеніммен жылжу, жедел даму әрбір адамның өмірін мазмұнды етуге қолайлы жағдай жасары анық. Сондықтан, қазіргі заманның жаңа интегралдық еуразиялық философиясы – адамға бет бұрған, адам мүддесін қорғайтын философия болуы тиіс деген пікірдемін.

– Қазақ диаспорасы мәселесі еліміздегі теориялық және практикалық жағынан алғанда өзекті проблемалардың қатарына жатады емес пе? Кезінде диаспоратануды ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізген де Сіз болатынсыз.

– Еліміздің тәуелсіздігі жарияланған кезде алғашқылардың бірі болып «диаспоратану» деген ұғымның ғылыми айналымға енуіне үлес қостым. Міне, енді қазіргі кезеңде етек жеңімізді жинап, шетелдік кеңістікте өмір сүріп жатқан бауырларымызды ішке тартып, рухани-мәдени жағынан біртұтас халыққа айналуға қадам

жасап жатқандығымыз қуантады. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайта түсуімен қатар, Елбасы Н.Ә. Назарбаев алыс және жақын шет елдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөліп келеді. Қазақ жерінен кезінде әртүрлі себептермен көшіп кеткен және көшуге мәжбүр болған қандастарымыз қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізге орала бастады. Сондықтан, оларға «оралман» деген ат та берілді. Басқаша айтқанда, халықаралық деңгейде «репатриант» деп аталатын бұл құбылыстың қазіргі жаһандану заманында өзектілігі арта түсуде. Ал енді ғалымдар тұрғысынан жасалған әрекеттерге келетін болсақ, онда жалпы бұл мәселе біздің Институттың ауқымында ғылыми жоба ретінде екі рет кешенді түрде зерттеліп, «Қазақ диаспорасы: мәселелері және болашағы» деген тақырыпта ұжымдық монография формасында жарық көрді. Екінші кітап – Еуразиялық интеграция ауқымындағы қазақ диаспорасы мәселесіне арналды. Әрине, диаспора мәселесінің әлі де көптеген әлеуметтік-философиялық, құндылықтық-дүниетанымдық және практикалық тиімді шешімін табуға тиісті тұстары баршылық. Мәселен, қандастарымыздың азаматтық алуы мен квота мәселесі өзінің күрделі екенін байқатуда. Әрине, бұл мәселелерге біржақты қарауға да болмайды. Ең негізгі концептуалдық бағдар – қазақ халқының біртұтас ұлтқа айналуының сан қырлы тетіктерін іске қосуға тырысуымыз қажет, соның бір қыры әлемдегі қырықтан астам елдердегі бес миллионнан астам халқы бар қазақ диаспорасы мәселесі.

– Сіздің жетекшілігіңізбен құрылған халықаралық деңгейдегі ғылыми мектебіңіз бар, соның ішінде ғылыми еңбектер жазған көптеген шәкірттеріңіз бар. Отбасыңызда да отбасы мүшелері ғылымға жақындығымен танылады. Енді осы мәселелерге тоқталсаңыз.

– Мені оқушыларымның ішінде отандастарымыздан басқа Ресейдің, Түркияның, Өзбекстанның, Қырғызстанның, Әзірбайжанның азаматтары да бар. Қазіргі таңда олар өз елдерінде ғылым мен білім салаларында табысты қызмет атқаруда. Осылай халықтар арасындағы байланыс негізінен ғылым мен білім, мәдениет пен рухани салада өрбісе, онда ортақ руханилығымызды дамыта түсеріміз анық. Жалпы осы руханилық мәселесін күн тәртібіне толыққанды қоя білуіміз керек, оны тереңірек ғылыми мәселе ретінде зерттеуіміз қажет. Профессор Серік Нұрмұратовтың басшылығымен «Қазақ руханиятының қалыптасуы мен дамуының тарихи-философиялық және этномәдени негіздері» атты қызғылықты жоба зерттелуде. Менің оқушыларым диалектика, онтология, таным теориясы, философиялық антропология, аксиология салаларының іргелі мәселелерімен де айналысады.

Жеңгелеріңіз Зейнеш Өшенқызы ғылымдағы ғұмырымда та-
маша жар, өмірлік серік болып отыр. Ол да ғылым саласында
көптеген жылдар бойы жемісті еңбек етті. Химия ғылымының кан-
дидаты. Сол кісінің арқасында ғылым мен білім саласында, жал-
пы шығармашылықта көптеген жетістіктерге жеттім деп айта ала-
мын. Тағы айта кететін нәрсе: ол тек ұлым мен қызымның анала-
ры ғана емес, сонымен қоса шөберелерім мен немерелерімізді де
жақсы тәрбиелей алды. Соның айғағы болар жалпы отбасымыз
ғалымдық жолды таңдаған орта болып табылады. Ғылым мен білім
менің отбасым үшін түбегейлі мәні бар рухани құндылықтар болып
табылады. Менің арманым қазақ халқының әрбір азаматының
өмірлік позициясы өркениетті елдердегідей деңгейге жетсе екен
деймін. Сонда ата-бабамыз көкसेген Жерұйықты Қазақстанда өз
қолымызбен жасай аламыз.

**– Рақмет, Әбеке! Мерейлі тойыңызбен тағы да құттықтай-
мыз! Шығармашылық шабытыңыз шарықтап, халқымыздың
жоғары руханияты мен мәдениеті арқасында еліміздің бірлігі
арта түссін!**

Өңгімелескен Серік Нұрмұратов,
философия ғылымдарының докторы, профессор

Жаңа үкімет бар күшін ауылды көтеруге жұмсауы тиіс

**– Әбдімәлік аға, бүгінгі мемлекеттік комиссияның қолға
алған жұмысы еліміздің саяси жүйесіндегі демократияны
одан әрі жетілдіру мақсатын көздеп отыр ғой. Жалпы біздің
осы уақытқа дейін айтып жүрген «демократиялық қоғам»
дегеніміз қандай қоғам? Өңгімені осыдан бастасақ.**

– Демократия – адамдардың біріне-бірінің үстемдігін жүргізуі,
күш көрсетуі емес, бұл – құқықтық, адамгершілік, сыйластық, көп-
шіліктің және азшылықтың пікірлерімен санасу, яғни адамдар ара-
сындағы жарасымды қарым-қатынас деп түсінемін. Бұл әлемдегі
халықтар, мемлекеттер таңдаған дұрыс жол. Біз тоталитаризмді де,
фашизмді де көрдік. Сондықтан, еліміздегі, жалпы әлемдегі адам-
дар мен мемлекеттер дұрыс жарасымды дамуы үшін демократия
қажет. Дамудың неше түрлері бар ғой, соның демократиялық жолын
Президентіміз, халқымыз таңдап, сөйтіп 1995 жылғы Конституцияда
жазғанымыздай, біз зайырлы, демократиялық, құқықтық, әлеуметтік
мемлекет құрып жатырмыз. Мұның өзі ұзақ жол. «Демократияның
атасы» деген Американың өзінде де кемшілік бар. Мәселен, сол
елдің Президенті кіші Дж.Бушты сайлағанда қаншама кемшіліктер-

дің орын алғанын естідік, білдік. Сондықтан, осы үлкен даңғыл жолға түскеннен кейін, асықпай, кезең-кезеңмен, эволюциялық жолмен демократияның институттарын, демократиялық мәдениетті, демократиялық сана-сезімді қалыптастырған жөн. Қазақ халқында баяғыда қалыптасқан «дала демократиясы» болған, яғни оның қандай да бір нышандары бізде бар, соны ары қарай дамытып, езіміздің өркениетті әдет-ғұрыпты батыстағы либералдық демократиялық үрдістермен жақындатып, жинақтауымыз қажет. Мың жерден талпынғанмен Қазақстан Америка не Англия бола алмайды, әлем бізді Қазақстан деп таниды, қазақ болғанымыз үшін құрметтейді. Сол үшін атамзаманнан қалыптасқан бірін-бірі сыйлау, құрметтеу сияқты тек қазаққа ғана тән жақсы ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлерімізді жоғалтпай, ары қарай дамытып, батыстағы демократиялық үрдістерге жақындауымыз қажет. Сөйтіп, халқымызға қажет жағын икемдеп алуымыз керек деп ойлаймын. Біз жалпы Орталық Азиядағы ең демократияшыл елдің бірі санатындамыз. Әйтсе де, бізді көп жағдайда Еуропа, әсіресе, Америка ғалымдары «әлі демократиясы жоқ» деп сынап жатады. Бірақ мұның бір күнде қалыптаспайтынын ескерсек, даму, өсу, өркендеу жолына 200 жыл болған Англия немесе Америкамен енді ғана тәуелсіздігіне 15 жыл толған Қазақстанды салыстыра алмаспымыз анық. Аллаға шүкір, бірте-бірте демократиялық жолмен келе жатырмыз. Бірақ, осы демократиялық жол барлық салада, экономика, әлеуметтік, ғылым-білім, саясат пен мәдениетте де орнықса. Сөйтіп арасында өзара бәсеке туындаса. Бәсеке болмаған жерде сол саланың бірі ғана үстемдік етіп, тоқырауға ұшырайды. Бүгінгі күні алдымызға мақсат етіп қойып отырған бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін біздің барлық саламызда да бәсеке болуы тиіс. Сонда ғана адам дамиды, ол ізденеді. Жаңа нәрсені ойлап табады. Сондықтан, бәсекеге қабілетті халықты, жастарды тәрбиелеуіміз қажет. Бүгінгі жоғары оқу орындарының барлығы да адам ресурсын тәрбиелеуге қызмет етуі керек. Жапонды қараңызшы, оның экономикалық кереметін жасаған адамдар – қарапайым менеджерлер, инженерлер, экономистер, ғалымдар ғой. Олар Жапонияның тиімді экономикалық жүйесін жасады. Сөйтіп, олар біз өмір сүріп жатқан 2007 емес, 2060 жылдың табалдырығын аттағанмен бірдей өмір кешуде. Ал, алға шыққан сол елдердің жолын басу үшін Қазақстандағы білім беру саласы, әлемдік тәжірибе – ұлттық тәрбие жоғары деңгейде болғанын қалаймын.

Президенттің жаңа Жолдауында мемлекеттік өкімет билігінің үш тармағын (атқарушы, заң шығарушы және сот билігі) одан әрі жетілдіре түсудің, көппартиялық жүйені қалыптастырудың және жергілікті басқару жүйесінің ауқымын кеңейтудің аса маңызды міндеттері

көрсетілген. Өңгіме еліміздегі саяси жүйені жетілдіру туралы болып отыр. Өлеуметтік және саяси тұрақтылық, еркін және алуан пікірлі бұқаралық ақпарат құралдары, тәуелсіз соттар, үкіметтік емес және әйелдер ұйымдарының азаматтық қоғам құрудағы, халықтың демократиялық саяси мәдениетін арттырудағы рөлі, мемлекеттік және үкіметтік емес құрылымдар арасындағы салауатты бәсеке – қазақстандық қоғамды демократияландыруға тән сипаттар, міне, осылар.

Осы заманғы өркениет құндылықтарының арасында адам құқықтарының алатын орны ерекше. Ол құқықтар дүниежүзілік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алған әрбір мемлекетте қоғамдық өмірді демократияландыру қажеттігін толық мойындауға негізделген болуы тиіс. Тоталитарлық қоғам жеке адамның құқықтары мен бостандығының барлығын да сөз жүзінде қаншама көпірте жариялағанмен, шын мәніндегі нағыз демократияны қамтамасыз етуге мүлде дәрменсіз болды. Өйткені, бұлай ету оның табиғатына жат нәрсе болатын. Соның салдарынан да ол қоғамда елдің қожайыны деп жарияланған еңбек адамдары шындығына келгенде орасан зор партиялық-мемлекеттік мәшиненің елеусіз ұзақ тетіктері деңгейінде ғана қалып қойды. Ал, жеке меншіктің болмауы мен жаппай теңгермешіліктің орын алуы жоғары өнімді еңбек етуге деген ынта-жігер атаулыны біржолата езіп-жаншып, басып тастады. Қоғамдағы идеологиялық өктемдік пен өмір сүрудің мейлінше қатаң шектеулі ережелері жағдайында адам өзінің қалауын таңдау құқығынан жұрдай болып шыға келеді. Өйткені, тоталитарлық саяси тәртіп үстемдігі жеке адамның негізгі демократиялық құқықтары мен бостандығын елеусіз қалдырып, аяқасты етуге алып барып соқтырады.

Демократияландыру процесінде мемлекеттік өкімет билігі институттары мен қоғамның азаматтық саяси мәдениетін жетілдіру ерекше рөл атқарады. Қазіргі қоғамдық дамуға тән нәрсе – қоғамның неғұрлым ашық бола түсуі және адамның құқықтарын құрметтеуге мән беруі. Құқықтық мемлекет жағдайында ең алдымен құқықтық заңдардың, Конституцияның басымдығы сөзсіз қамтамасыз етілетін болуы тиіс. Одан соң әрбір адамның, азаматтың, әр түрлі ұжымдар мен ұйымдардың бостандықтары мен құқықтарының заң жүзіндегі кепілдіктері туралы сөз етуге болады. Бұл жерде жеке меншік құқығын іске асырып, танудың айрықша мән-мағынасы бар. Өйткені, онсыз орташа тапты қалыптастыру, экономиканың нарықтық үлгісін дамыту мүмкін емес. Ал, мемлекеттік өкімет билігі институттарының жүйесі бүкіл саяси организмнің жалпыадамзаттық қазыналарға, демократияға, гуманизмге және жеке адамның бостандығына сәйкес қалыпты жұмыс істеуі керек.

Республикамызда құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің негізгі принциптерін сақтауды қамтамасыз ету қоғамдық өмірді демократиялық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан реформалаудың, демократияны күшейте түсудің бірден-бір дұрыс жолы болып табылады.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру мен қоғамдық өмірді демократияландыру – күрделі әрі қайшылықтарға толы ұзаққа созылатын процесс. Мұның өзін біздің ұлттық мемлекеттілігімізді қалыптастыру мысалынан да айқын көруге болады. Тоталитаризм тәртібінен қоғамдық өмірді демократияландыруға көшу қажеттігі айдай айқын нәрсе болғаннан кейін Қазақстан азаматтарының алдында демократиялық жетістіктерімізді сақтап қалудың барынша ықпалды тетігін жасау міндеті тұрды. Ондай тетіктің аса маңызды құрамдас бөлігінің бірі – Қазақстан мемлекетінің нақты іс жүзіндегі егемендігі мен тәуелсіздігі болып табылады.

Президенттің Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауында Қазақстанды демократиялық мемлекет ретінде дамыту мақсаттары мен үлгісі айқын көрсетілген. Онда демократияның дамуы, меншікті қатынастарды реформалау және толыққанды нарықтық экономика жаңа мемлекеттің қалыптасуы мен инвестициялық тұжырымдылығын арттыра түсу үшін қолайлы ахуал тудырудың баламасыз тәсілі ретінде қарастырылады. Саясат саласындағы қойылған негізгі мақсат – күшті президенттік басқарудағы егеменді мемлекетті дамыта түсу. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтар үшін мүмкіндіктердің тең екендігі және жұрттың бәрінің де заң алдында тең екендігі айрықша атап көрсетілген.

Қазақстанды дамытудың Президент ұсынған өркениеттік үлгісі демократиялық әрі бейбітшілік сүйгіш мемлекет құруды көздейді. Ондай мемлекетте адамның құқықтары мен бостандығына, тұрақты азаматтық бейбіт өмірді және этносаралық келісімді, сенімді ұлттық қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін саяси және идеологиялық пікірлердің алуан түрлі болуына нақты кепілдік беріледі. Оның үстіне, мемлекетімізде қалыптастырылатын саяси жүйе меншіктің алуан түрі бар және әлеуметтік жауапкершілігі күшті ұлттық кәсіпкерлігі дамыған, салауатты бәсеке мен шетелдік инвесторлардың ақылға қонымды мөлшерде қатысуы қамтамасыз етілген қуатты нарықтық экономикаға арқа сүйейді.

Сонымен қатар, ондай саяси жүйенің белгіленген әлеуметтік бағыт-бағдары болуы тиіс. Ол жүйе адамның өз қабілеттерін тиімді пайдалана алатын болуы үшін жұрттың бәріне бірдей тең жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызады, олардың материалдық әл-ауқатын жақсартуына негіз қалайды, орнықты даму мен өмір сүрудің негіздері ретінде әрбір этникалық топтың өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап, дамыта түсуіне жағдай жасайды.

Сонымен, құқықтық мемлекет құру мен қоғамдық өмірдің бүкіл саласы (экономикалық, саяси, әлеуметтік, ғылыми және басқа да салаларын) демократияландыру жаңа Қазақстан Республикасының жаңа дүниежүзілік қауымдастыққа әбден лайықты әрі толық құқықты мүше болып кіруінің сөзсіз қажетті шарттары болып табылады. Ал олай етпейінше, мемлекетіміздің әрбір азаматының неғұрлым жоғары тұрмыс жағдайын қамтамасыз етеміз деу бос әурешілік болып шығады, адамның өмір сүру қызметі мен бостандығын мән-мағыналы ету мүмкін емес.

– Аға, әсіресе, мемлекеттік комиссияның демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлейтін топ құрылып, бұл мәселе әңгіме арқауына айналған кезден бастап кейбір саясаткерлеріміз «Баяғыдан экономикамен бірге саяси реформаны да қатар жүргізу қажет еді. Әлемдік тәжірибеде солай» дегенді айтып жүр...

– Сауалыңызды түсіндім. Біздің Президентіміз Қазақстан халқына арнаған Жолдауларының бірінде «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деген қағиданы іске асырды. Бізде өтпелі кезең аяқталған жоқ, бізде әлі қиыншылық проблема ауылда да, қала да да көп. Ал, әлгі президенттік қағида өзінің жақсы нәтижесін берді. Орнықты экономикалық өсу бар. Әйтсе де біздегі экономикалық өсу көбіне шикізатқа, мұнай, газ, металдарды шығарып, сыртқа сатуға негізделген. Айтыңызшы, біз қандай да бір мәшине, не керемет технология жасаймыз ба. Жоқ. Кеңес дәуірінің Павлодарда салынған трактор зауыты, былай қарағанда, трактор шығаратын сияқты көрінетін. Бірақ оның қозғалтқыш, моторы жоқ. Моторды Челябинскіде жасайды. Сонда Кеңес үкіметі басшыларының қулығын көрмейсіз бе. Олардың бар терін төккені – тек үш славян елін (Ресей, Белоруссия, Украина) дамытты, үлкен зауыттарды сонда орналастырды. Ал, біздерді тек шикізаттың көзі ретінде ұстады. Әйтсе де біз, Аллаға шүкір, 15 жылдың ішінде бірталай жетістікке жеттік. Сіздің сауалыңыздың жаны бар, қазір «Алдымен экономика, сосын саясат» деген мақсат бүгінгі күнге сәйкес өзгеруі қажет. Қазіргі саяси реформаның баяулап қалуы экономиканың дамуына кедергі болуда. Соны байқаған Президентіміз саяси реформаларды қолға алды. Конституцияға өзгеріс енгізу керек деді. Ата Заңымыз осыдан бес жыл бұрын өз күшінде болатын, соңғы екі-үш жылда Қазақстан өзгерді, жалпы әлем де, бәріміз де өзгердік. Соған сәйкес, Конституцияға да өзгерістер қажет болуда. Бүгінгі биліктің үш тармағы: атқарушы, заң шығарушы, сот жүйесі арасында тежемелік пен тепе-теңдік болғаны жөн. Саяси жүйені реформалауда, демократияландыруда билікті орталықсыздандыру керек. Яғни биліктің біршамасын жергілікті жерге, ауылға, Парламентке

беру сөз болуда. Иә, күшті президенттік биліктің бізге көп көмегі тигені рас. Соның арқасында бірлік, ынтымақ, экономикалық өсу деген маңызды ұғымдарды сезіндік.

– Қабылданғанына біраз жыл болған «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң әлі де болса өз күшінде емес қой.

– Бұл ең үлкен мәселе. Президенттің ауылға арналған үш жылдық бағдарламасын одан әрі дамыта беруіміз керек сияқты. Міне, бүгінгі жаңа үкімет бар күшін ауылды көтеруге жұмсауы, «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңын іске асыруға бағыттауы тиіс. Біздегі қабылданған заңдардың іске аспауы – сапасының төмендігінде, іске асыру механизмінің жоқтығында.

– Демократияның көрінісі – Парламенттің өкілеттігін кеңейтуде, жергілікті басқаруға баса мән беруде деп жүрміз. Ол үшін Парламент кәсіби, шебер болуы тиіс.

– Біз әлемдік тәжірибеге сүйеніп, бірте-бірте эволюциялық жолмен президенттік-парламенттік республикаға қарай қозғалуымыз қажет сияқты. Елімізде Парламенттің саяси беделін көтеру үшін оның бүкіл саяси қызметін күшейту керек. Ол бюджетті бекітіп қана қоймай, оның орындалуын бақыласын. Бүкіл Есеп комитетін, Орталық сайлау комиссиясын және Конституциялық кеңестің құрамын бекітетін солар болсын. Бұдан президенттік биліктің беделі күшеймесе, нашарламайды.

Сондай-ақ, біздің Үкімет те, Парламент те кәсіби болуы керек қой. Парламентте әлемдік деңгейдегі тәжірибелері бар, білімі мықты экономистер, заңгерлердің отыруы қажет. Өйткені, заң жасау оңай шаруа емес. Заңдар – біздің барлық саладағы қатынастарды реттейді. Конституциямызда да «заңның алдында президент те, қарапайым халық та тең» деп жазулы. Сол заңның үстемдігін қамтамасыз ету керек. Ал, біздегі қабылданып жатқан заңдардың көбісі іске аспай жатады. Себебі, сапасы төменірек, оны іске асырудың механизмі ескерілмеген.

– Еліміздегі демократияландыруға байланысты қазақ тілінің рөлі қалай өзгермек?

– Қоғамдық өмірді демократияландыру саясаттың, экономика мен мәдениеттің барлық саласында жүргізілуі тиіс. Бұл, әсіресе, қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі рөліне қатысты. Қазақ тілі біздің еліміздің негізгі тірегі болып отырған халықтың тілі бола отырып, заң жүзінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Өкінішке қарай, ұзақ жылдар бойына тоталитарлық жүйе кезінде қазақ тілінің қалыпты өркендеуіне қолайлы жағдай болмады, соның салдарынан тілдің атқаратын қоғамдық-мәдени міндеттері азайып, өрісі тым тарылып кетті. Әсіресе, бұл жағдай ғылым мен жоғары оқу орындарында, іс жүргізу жұмыстарында

айқын байқалды. Тек, Қазақстан өз егемендігін жариялап, қазақ тілін дамытуға байланысты арнайы заң қабылдаған соң ғана жағдай өзгере бастады. Мыңдаған қазақ балалары ана тіліндегі бала бақшада тәрбиеленіп, мектептерде оқи бастады. Қазақ жастарының жаңа толқыны жоғары оқу орындарында ана тілдерінде білім алуда.

Демек құқықтық мемлекет құру, қоғамдық өмірді демократияландыру, жалпыхалықтық келісім мен ынтымақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың лайықты, толық мүшесі болып енуінің басты шарты болып табылады. Онсыз мемлекетіміздің әрбір азаматының жоғарғы экономикалық деңгейге көтерілуі, өз өмірін мазмұнды өткізетін еркін адам дәрежесіне жетуі мүмкін емес. Қоғамдық келісім мен әлеуметтік-саяси тұрақтылық еліміздің демократиялық дамуының қажетті бағыты.

Әңгімелескен Айман Сейілбекқызы,
«Заң газеті», 13 наурыз 2007 жыл

2. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫ

Махмұт Қашқаридың дүниетанымы және философиясы

Махмұт Қашқаридың түркі халықтары тарихындағы бір жүйеге түсірілген түрік мәдениетінің тұрмысы мен оның этникалық терминологиясы жайлы жазылған «Диуани лұғат-ат-түрк» еңбегінің бағасы өте зор. Аталмыш еңбек XI ғасырдағы дәстүрлі түрік қоғамының ғұмыры мен кәсібі жайындағы тарихтың бұлағы десе де болғандай. Оның дүниетанымы мен философиясының құндылығы да осында.

Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде алғаш рет түрік мәдениетінің болмысы категориясын сипаттап берді. Бұл түрік тілінің сөздігінде түріктер өмірінің XI ғасырдағы бай сипаты, салт-дәстүрі, өлеңдер мен аңыздардың, материалдық мәдениет заттарының мән-мағынасы ашылып көрсетілді. Бұл кітапта сол заманның тұрмысы мен дүниетанымы ерекше мұқият сипатталған. Рулық-тайпалық қатынастардан бастап болмыс шындығына дейін баяндалған. Философиялық ұғымдар, тек пен ерекшелік терминдері, этнонимдер мен жер-су аттары (топонимдер) ерекше мән-ге ие болған. Еңбекте дәстүрлі халық санасының сипаты, тарихи және мифологиялық құндылықтар, діни және этникалық терминология тіркелген. Сондай-ақ, өз заманының, қоғамының әлеуметтік, саяси және рухани өмірінің сипаттамасы жан-жақты зерттелген, оның өзіндік және сапалық ерекшелігі адамдардың іс-әрекеті мен олардың санасы, қоғамның тұтастығы мен оның даму барысы күрделі қатынаста көрсетілген.

«Мен бұл кітапты алфавит тәртібімен құрастырдым, – деп жазды М. Қашқари, – парасатты – ғибрат сөздермен, ұйқасты ақ өлеңмен, мақал-мәтелдермен, өлеңдер мен қара сөзбен (прозамен) безендірдім. Мен қиынды оңайлаттым, түсініксіз жайды түсіндірдім, жылдар бойы еңбектендім, ақырында іздеуші сөзді өзінің қатарынан таба алуы үшін әр сөзді өз орнына қойып, сөз тәртібін анықтадым. Түрік, түрікмен, оғыз, жігіл, яғма, қырғыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерлерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліппелік тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш, әрі таусылмас әдеби мұра болып қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым (М. Қашқари. Түбі бір түркі тілі «Диуани лұғат ат-түрк»).

Дәстүрлі түркі мәдениетінің тамаша энциклопедиялық ескерткіші Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі. Онда

түрік тілінің тарихы жазылған, түркілердің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері жинақталған. «Мен өз зердеме тірі және рифмделген түріктердің, түркімендердің, оғыздардың, қырғыздардың... тілдерін толық түсіре білдім», – дейді данышпан ойшыл-ғалым. Былайша айтқанда, бұл еңбек лингвистикалық және этнологиялық сипатта ғана емес, сонымен бірге дүниетанымдық-философиялық, этикалық-құндылықтық және эстетикалық сипатта. Мұнда түркі онтологиясы мен тіл мәдениеті, түркі тілдерінің толық жинағы, түркі тілінің ішкі семантикалық және грамматикалық құрылысы, ана тіліне деген үлкен сүйіспеншілік, халықтың рухани дамуында тілдің үлкен рөлі анық көрсетілген. Махмұт Қашқари: «Әдептің басы – тіл», «Тіл – тәрбиелілік пен қайрымдылықтың басы», «Ерен ерлік тілде туады». Тіл жәй қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сол халықтың, оның тарихы мен мәдениетінің өзіндік және бірегей болмысын танытады. Ойлау мен тіл бірлікте. Осыған орай, «ұлттың тілінде оның жері, тарихы, тұрмысы, мінез-құлқы айнадай ашық көрініп тұрады» деген ұлы Мағжан Жұмабаевтың сөзі өте орынды айтылған.

Адам – Махмұт Қашқари дүниетанымының өзекті мәселесі. «Адам мәңгі жасамас, көрге кірсе кері қайтпас» дейді ол. Адамның парасаттылығын, қонақжайлығын, жомарттығын, адалдығын, әділеттілігін, ізеттілігін, тәрбиелілігін жоғары бағалаған. Түріктердің дәстүрлі этикасы Махмұт Қашқаридың халықтық философиясының басым саласы болып табылады. Сонау орта ғасырдағы данышпан түркі ойшылдарынан тарихи бастау алатын қазақ халқының ұлттық философиясы этикалық құндылықтарға өте бай. Қазақ халқы – табиғатынан қиналғанға қол ұшын беруге даяр тұратын, ізгілікке жаны құмар гуманист халық.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының семантикалық діңгегі «құт» ұғымы. Оны «өркендеу басы», «өмірлік күш», «өмір потенциясы», сонымен қатар байлықпен байланысты «бақыт», «игілік», «үлес», «тағдыр» деген ұғымдармен сәйкестендіруге болады. Бұл ұғым онтологияны, философиялық антропологияны және әлеуметтік философияны біртұтас етіп біріктіреді.

Махмұт Қашқари өзінің «Түркі сөздерінің жинағы» кітабында дүниетанымы, әділеттілік пен бақытқа лайық өмірі, адамның өмірі мен өлімі, оның түріктік болмысы мен ойлауы, құндылықтық бағыт-бағдарлары, имандылығы мен мейірімділігі, қонақжайлығы мен парасаттылығы, жалпы алғанда, адамның рухани-адамгершілік, этикалық және эстетикалық құндылықтары жөнінде көптеген құнды ойлар қалдырған. Оның пікірінше, құт-береке қонақпен бірге келетіндіктен қонақ жақсылықтың белгісі. Ол былай дейді:

Қонақты қарсы алған, асыңды күттірме,
Қуана жар салғын, бір затын зыттырма.

Қонақты құт деп білген ерлер кетті өмірден,
Қалыпты жаны жаман, пейілі қарт көмірден¹.

М. Қашқари адамның бақыты белгілі бір мөлшерде қажет болғанымен материалдық байлықпен өлшенбейді, ол шексіз рухани байлықпен анықталады. Ішкі жан дүниесі бай және ақыл-ойы мен білімі мықты адам басқаға жамандық жасамайды, ол бақытқа жетеді. Махмұт Қашқари «Үлкенді сыйласа, құт болар», «Бақытқа бастар жол – еңбекте», тек еңбек қана құт пен бақытты өмірдің қайнар көзі екенін айта келіп, былай дейді:

Байлық – берген абырой – жайлаудағы қоңсыдай,
Опа жаққан әйелдей, тұрақтамас ол шырай.
Алтыныңа, малыңа масаттанба, ағайын,
Күн мен түнің бәрібір өте шығар жолшыбай.
Артық бұйым, адамзат, жауың болар түбінде.
Байлық деген топан су тау боратар
Ол иесін түбінде төмен қарай құлатар.

«Құт», негізінен, өмірлік күшті, алға қарай ұмтылуды білдіреді. Дәстүрлі түркілік дүниетаным үшін адам, өсімдік, хайуан өзара жақын және олар табиғаттағы тіршіліктің көріністері. Адамның дүниеге, әлемге деген қатынасы рухани және құндылықтық негізден құралады және сол арқылы ол әсерленіп отырады. Сондықтан, олардың негізгі идеясы – ең жоғарғы құндылықты дәріптеу, яғни адамды және оның өмірін қастерлеу.

Түркілік онтологияда «өмір және құнарлылық» семиотикалық коды аңғарылады. Бұл кілт арқылы түркілердің үй-жайын, киіз үйдің семантикалық кеңістігін, адамның үстіне төңкерілген аспанның моделін түсіндіруге болады.

Герменевтикалық әдіс дәстүрлі мәдениеттегі тамақтану жүйесінің рәміздік қызметін ашуға мүмкіндік береді, қонақтарды күту барысындағы тәртіпті анықтауға көмектеседі.

Көшпенділердің шаруашылығына, өмір салтына, әр түрлі өмір кезеңдеріне сай келетін дәстүрлі киім үлгісі болған. Әрбір жасқа келгенде өзіндік құндылықтар болатындығы «құт» ұғымы арқылы байыпталып отырған. Өсіресе, балалық шақ пен кәріліктің ортасында орналасқан кезең адамның нағыз кемелденген уақыты екендігі ескеріледі. Кәрілік – жәй ғана қартаю емес, оның екі түрлі элеуметтік қызметі бар: бір жағынан, белсенді іс-әрекеттерден шеттеп қалғанымен, екінші жағынан, адам рухтар мен ата-бабалар әлеміне жақындай түседі, сондықтан ерекше құрметке ие болады.

Дәстүрлі мәдениетте бақыт, негізінен, «құтпен», некемен, құнарлылықпен байланыстырылып келді. Құнарлылық игіліктің, та-

¹ М.Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993, 38, 74, 82 бб.

быс пен бақыттың басы, сондықтан бала көтермеген әйел мен үйленбеген еркек әлеуметтік тұрғыдан құрметке лайықты емес деп танылған. «Адам болу» деген сөз «отбасын құру» деген ұғымды білдірген. Некеге үлкен сакралды мән беріліп, ол болмыстағы адам өмірінде болатын елеулі оқиға екендігі мойындалады.

Рудың өзіндік санасы «аруақ», «қыдыр», «ырым» ұғымдары арқылы қалыптасады. Қиын қыстау сәттерде ата-бабалар аруағына олардың рухына сыйынып, адам өмірде рухани тіреу тапқан. «Адамның күні – адаммен» деген мақал көшпелілердің моральдық-этикалық кредосына айналған. Көшпенділердің түсінігі бойынша, әрбір адам өзінен кейін балаларына тек қана киіз үйін, байлығын, байланыстарын, атағын ғана қалдырмайды, сонымен бірге тірілердің арасында жүретін, олардың тағдырына әсер етіп отыратын өз аруағын, ата-бабалар рухын да қалдырады. Егер, адам бұл өмірде жақсы болса, артында жақсы із қалдырса, онда оның рухы балалары мен немерелеріне қиын кезеңдерде көмектесіп отырады. Егер, адам дұрыс өмір сүрмесе, онда оның аруағы ондай көмек бере алмайды, керісінше, ұрпағына қырсық болып, кесірін тигізеді.

«Диуани лұғат ат-түрк» энциклопедиясында, нормалар мен салттар, адамдар құлқының қалыптары мен қасиеттері сипатталған, қоғамның өзара байланысты жалпылық және ие болған рухани күйі сараланған. Аталған еңбектен түрік қоғамының X-XI ғасырлардағы игіліктерінен сусындауға болады, оның рухани жүйесін, ырымдарын, қатынас тілі мен әдісін, сол замандағы нышандардың жаңғыру қалыптарын түйсініп, қабылдауға болады. Ол қоғамдағы рухани игіліктің ерекшелігін бағалауға, оның сапалық бірегейлігін, ондағы мәдениеттің, экономиканың және саясаттың мәнділігін зерделі салмақтауға мүмкіндік береді. Рухани игіліктің бұл жүйесін ой елегінен өткізу – өзіндік қоғамдық болмысты бағалауға, оның ішкі бастау көздерін, ерекшеліктерін және қозғаушы күштерін ұғынуға мүмкіндік береді. Махмұт Қашқаридың бұл кітабы тарихи жақтың сақтаушылық және жаңғырушылық рөлін атқарады. Ол тарихи тәжірибені қайта жаңғыртып, бүгінгі жаһандану жағдайында халқымыздың өзіндік ұлттық санасын қалыптастырады. Қоғам осыған қарап көш түзейді және ол сонымен бірге Қашқари мұрасының жинақталған топтамасы болып табылады. Қоғам мен мәдениет тарихи бұл еңбекте бейнелі түрде сипатталған. Оның дүниетанымының тарихи маңызы да осында.

Елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қашқаритану мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдар өте аз. Ол бойынша тек белгілі ғалым-философ Қуаныш Әлжан

өзінің тартымды зерттеулерін жүргізіп келеді¹. Бұл аздық етеді. Сондықтан қашқаритану мәселелерімен тереңірек және жүйелі түрде айналысқан жөн. Махмұт Қашқаридың туғанына 1000 жыл толуына байланысты бүгінгі салтанатты жиында осындай қорытынды жасай отырып, болашақта «Қашқари және түркі әлемі» атты халықаралық конгресс өткізу қажет деп есептеймін. Сонымен қатар осындай тамаша кешті ұйымдастырған Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Атилла Гунай мырзаға үлкен ризашылығымызды білдірейік.

Махмұт Қашқари өзінің артында мынандай өсиет қалдырған:

Махаббат маған күш береді!

Тамшы су тама-тама тау жарар.

Ел ішінде сенің даңқың жайылсын!

Тіліңе абай бол!

Бүгінгі біздер үшін мемлекеттік тіліміздің мәртебесін жоғары көтере отырып, ол туралы арнаулы заң қабылдап және оны іске асыру арқылы сөздік қоры өте бай тілімізді қазіргі заманға сай сақтап, дамытқанды қолдаймын. Ендеше, осындай тамаша тілімізге абай болайық, оны болашақ ұрпаққа мәңгі сақтайық.

Түркі философиясы түркітанудың құрамдас бөлігі*2

Қазіргі түркі философтарының шығармаларындағы ой-толғамдар, басқа өркениет өкілдерін ойларымен қатар, әлемдік философиялық ойдың асыл қазынасында лайықты орнын тапты. Түркі философиясы, әлемдік философиялық ойдың дамуындағы ерекше кезең ретінде, қазіргі Қазақстанның рухани мәдениетін дамыту ісінде ерекше маңызға ие болып отыр. Десек те, ол Қазақстанның мәдениеті үшін ғана немесе қазақстандық ғалымдар үшін ғана керек емес, өйткені түркі елдері мен басқа халықтар дәл осындай қажеттілікті сезініп отыр. Әлемдік философияға арналған жобаны жүзеге асыру, түркі халықтарының мәдени мұрасын зерттеу, түркі философиясының дербес дәрежесі, оның мәні мен мақсаты, тарихи рөлі мен рухани мәдениеттегі маңызы туралы мәселені көтеру, мұның бәрі де заман талап еткен жаңашыл әрі өзекті талпыныс деуге тұрарлық.

Бұрнағы кеңестік кеңістіктегі бірқатар түркі тілдес халықтардың өзін өзі билеп, әлемдік қауымдастықта тәуелсіз саяси-қоғам-

¹ Әлжан Қ. Махмұт Қашқари: дүниетаным айшықтары // Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық серия: 5-том. Алматы, 2005.

* Ғ. Құрманғалиевамен бірге жазылған

дық даму жолына түскеніне аса көп уақыт өткен жоқ. Тарихи маңызына теңдесі жоқ бұл оқиға, өз орнын іздеумен қатар, әлемдік ауқымды кеңістікке енуге байланысты, елеулі мәселелерге жолықты. Өзін өзі бірегейлендіру мәселесімен байланысты қазіргі ауқымды кеңістікке жемісті кіру мәселесі берік негізді қажет етеді және ол түркі тілдес елдердің әлемдік қауымдастықта, әлемдік саясатта, әлемдік мәдениетте өзін өзі жоғалтып алмауының кепілі.

Бұл үдерісте философияның ерекше рөлі мен міндеті бар. Философияның сипаты, мазмұны мен құндылықтары идеологиялық мәнге ие, қоғамдық дамуда ерекше маңызды. Қоғамның рухани адамгершілік ахуалы мен сырттан келетін зиятты рухани ықпалды қабылдауындағы тұрақтылығы сол қоғамда дәріптелетін философияға, онда көрініс табатын құндылықтарға, философияның замана талабының сауалдарына қайтаратын жауабының мәніне тәуелді.

Ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үдерістеріне қауіп төндіретін жаһандану үдерістері күшейген жағдайда тәуелсіздік алған түркі тілдес халықтар үшін мұның маңызы зор. Дәстүрлі өмір салты мен социалистік қоғамды құру кезеңінен мұраға қалған мәдени ықпалдар және қазіргі өмірге енді-енді еніп келе жатқан демократия мен нарықтық қатынастар мәдениетінің құндылықтары тоғысқан қоғамдық жүйенің түбегейлі өзгеріске ұшыраған кезеңінде өзіндік даму жолды таңдай білу – аса күрделі мәселе. Және бұл кезек күттірмейтін мәселе. Өзіндік жолдың қандай болу керектігін түйсіну және түсіну, қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер кезеңінде пайда болатын мәселелердің көкейкестілігін арттыра түседі: өткеннің рухани мұрасына деген көзқарас қандай болмақ? Оны қабылдау қажет па, жоқ па? Өткеннен қалай сабақ алуға болады? Қандай философияны дәріптеу дұрыс және қазіргі әлемнің философиясы қандай болуы керек?

Дамудың стратегиялық жолын таңдаудағы тұтастық қағидасын ескере отырып, біз өткеннің мәдени мұрасы халық жадынан өшірілмеуі тиіс немесе әділетсіздік ұмытылмауы тиіс деген ұстанымды басшылыққа аламыз. Ол біздің бүгінгіміз бен келешегіміздің жағымды құрамды бөлігіне айналуы тиіс. Сондықтан, қазіргі қазақстандық философия үшін, сондай ақ, Қазақстанмен көршілес жатқан елдердегі философияның дамуы үшін де, түркі философиясының тарихы мен қазіргі жағдайын зерттеу мәселесі ерекше маңызды. Өйткені, әлемдік философия тарихында осыған дейін «түркі философиясы» деген ұғым мүлде жоқ болатын, еуразиялық континентте ұланғайыр жерді алып жатқан, бай тарихы мен мәдени дәстүрлері бар халықтарға зиятты дүниетаным мен ой формасын қимай, философияны иеленуге рұқсат етілмеген.

Философияда түркі философиясын, оның тарихын, көпқырлы мәселелер жиынтығының жан жақты зерттелуі белгісіз тақырып болатын, бірақ онда келешек зерттеулердің үлкен әлеуеті бартын. Қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуында стратегиялық маңызға ие болған Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» сияқты Мемлекеттік бағдарламаны дайындаған сарапшылар алқасының қазіргі түркі философиясын назарда ұстауы ерекше, жаңашыл оқиға болатын.

Философия тарихында да, қазіргі философияда да жоғарыда айтылған «түркі философиясы» ұғымының болмауының, аталған тақырыптың зерттелмеуінің, жалпы, түркілердің ұлы тарихы мен мәдениетін елемеудің астарында саяси, идеологиялық себептер жатыр. Қазақстанда түркі мәдениеті жетістіктерінің ауызға алынбауы, төмендетілу факторлары туралы, оның жағдайлары мен себептері туралы, түркі тарихын жадтан өшіргісі келген талпыныстар туралы алғашқы рет биік мемлекеттік деңгейде, ауқымды, іргелі түрде Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты құнды кітабында айтылды. Кітап кіріспесінде ол былай жазады: «Президент, өзінің ұлты, осы ғасырдағы Алтайдағы көптеген түркілер сияқты, жақын арадағы 100-200 жыл ішінде жойылып кетпей, керісінше, барынша гүлденіп, басқа халықтардың әлемдік тобында тарихына лайықты орынды иеленуіне жауап береді».

Бұған тек Елбасы ғана емес, ғалымдар да жауапты. Бұл мақсатқа жету үшін олар өз деңгейінде біраз жылдан бері ғылымда қалыптасқан түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениетіне деген теріс көзқарастың себептерін терең пайымдап, неліктен ұзақ уақыт философияда «түркі философиясынан» жатырқаудың және жаттанудың орын алғанын түйсінуді тиіс. Біз, дәл осыдай рефлексияның нәтижесі, түркі мәдениеті мен тарихына қатысты бір кезде үстемдік құрған әділетсіз көзқарасты еңсеру барысында жасалатын нақты қадамдар гуманитарлық білімнің бұл саласындағы ғылыми зерттеулерге оң әсері болады деген ойдамыз.

Дәл осы тақырыптың саяси мақсатта жабық қалуы, ең алдымен, «кеңестік Шығыстағы» түркі халықтарының отарлық тарихындағы, кейін кенжелеп қалған халықтардың тарихы қазан төңкерісінен кейін ғана басталды деген қағиданы идеологиялық тұғырға айналдырған социалистік құрылыспен байланысты. Тарихта бұрын соңды болмаған жаңа құрылысқа түркілердің ертедегі айбынды тарихы, олардың тарихи үдеріске жасаған әсері туралы, әсіресе, қоғамдық сананың бағдарына тигізген әсері туралы айтылатын тарихтың қажеті шамалы еді. Жаңа социалистік мәдениет орнын басу тиіс болғандықтан, түркі халықтарының елеулі жетістіктері бар мәдениетінің керегі болмай қалды. Біздің кешегі тарихымызда бұқаралық сананы социализмге

өткен кезде капитализмнен аттап, оған соқпай өткен халықтарда мемлекет қана емес, жазу да болмады дегенге сендірді. Кезінде мұны миллиондаған адам шындық ретінде қабылдады.

Түркілердің тарихы, мәдениеті, рухани өмірінің құбылыстары жайлы жақ ашпаудың сыры түсінікті болатын, өйткені социалистік идеология жаңа қоғамдық құрылымды мүлдем жаңа негізде қалау стратегиялық бағытын ұстанып, өткеннің мұрасын ескінің қалдығы деп саналы түрде лақтырып тастады. Түркі халықтарының рухани мәдениетінің өнімдерін «феодал байлардан қалған сарқыншақ» ретінде қарау басым болатын, тек кейбір жағдайларда ғана халықтың ауызекі поэзиялық шығармашылығына назар аударылатын және сонда да, партиялық таптық тұрғыда стихиялық материализм мен диалектиканың, қоғамның кемшіліктерін сынау элементтері преформалық түрде табылып жататын.

Бұған қоса, түркі мәдениеті мен тарихының жетістіктерін көзге ілмей, кемсідудің тағы бір себебі – гуманитарлық ғылымда біраздан бері үстемдік құрған еуропашыл бағдарда жатыр. Бұл бағдар бойынша рухани мәдениеттің асқақ үлгілері, олардың шыңы саналатын философия – өркениетті деп аталатын халықтарға ғана тән рухтың шығармашылық қызметінің нәтижесі-мыс. Ал, оларға қарама қарсы тұратын, яғни, өркениетті дамуды білмейтін халықтар биік зиятты рухани қызметке қабілетсіз болып шықты, демек, олар жасаған мәдениетте терең философиялық рефлексияның болуы мүмкін емес.

Мұндай дүниетанымдық-идеологиялық тұрғы түрін Гегельдің «Философия тарихынан дәрістерде» және «Философия тарихында» жүйелі, айқын көрініс тапқанын философтар жақсы біледі. Оның баршаға мәлім сентенцияларын еске түсіруге болады: «Шын мәнісінде, философия Батыстан басталады», «...біз, Батыста, шыннайы философия топырағында тұрмыз», «Сонымен, шығыстық ойды философия тарихынан алып тастау қажет», «...бұл тұста философиялық танымға орын жоқ» және т.б.

Философия құбылысына, оның тарихына мұндай бағаның берілгеніне екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, ол түбегейлі жойылмай, ықпалын сақтап келеді. Бірақ мұндай көзқарас белгілі бір әлеуметтік не идеологиялық көзқарасты білдірмейді, мұндай көзқарасты қазіргі демократиялық қағидалар мен мұраттар, сондай-ақ Шығыстың өз философиясы, оның ерекшеліктері мен бірегейлігі болу құқығын мойындайтын философияның парадигмасы жоққа шығарады. Мұндай көзқарастың өміршеңдігін: философия деген не, оның мәні мен мақсаты неде, философияның ғылыммен, өнермен, поэзиямен, дінмен және т.б. байланысы мен арақатынасы қандай? – деген пікірсайыстың өзектілігімен түсіндіруге болады.

Философия құбылысы жайындағы түсінікте, әсіресе, егер ол мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси мағынамен, мәдени ерекшеліктермен, халықтың жағрафиялық жағдайларымен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен байланысты қарастырылса, әртүрлі пікірлер мен түсініктер пайда болады. Осындай когнитивті жағдайдың салдарынан философия қалай пайда болды, оның әмбебап құбылыс ретіндегі дәрежесі бар ма, жоқ па; бұл құбылыс кез келген халықта немесе мәдениетте бола ма деген келіспеушіліктер туындайды. Бұл жағдай философияның ұлттық және ұлттан тыс сипатына, философиямен айналысудың түрлері мен стильдеріне, философияның мәдениеттегі орны мен дәрежесіне қатысты маңызды мәселелерді көтереді.

Осындай күрделі мәселелердің болуы философтардың көзқарастарын философиядағы ұлттық бейнені жоққа шығаратындар мен оны мойындайтындарға жіктейді. Сонымен қатар, философтардың философияның пайда болуына деген көзқарасы да әртүрлі болатын. Ойшылдардың кейбірі философия – ежелгі Грекия, Үндістан, Қытай елдерінде ғана белгілі бір қалыптасқан жағдайда пайда болып, кейінгі тарихта басқа аумақтар мен мәдени әлемдерге тарайтын бірегей құбылыс дегенді айтады, ал басқалары философияны кез келген мәдениетке тән және әр халықтың дамуында болған нәрсе деп біледі. Осы мәселеге қатысы бар басқа мәселелерде де келіспеушіліктер аз емес. Сонымен, қазіргі гносеологиялық жағдайда философияның мәнін, орнын, сипаты мен мақсатын түсінудегі көзқарастар алуан түрлі, алуан мәнді екен, ал бұл философияның «арабтық», «африкалық», «индонезиялық» және тағы сол сияқты түрлерін (бұлардың қатарында түркі философиясы да бар) мойындамауға әкеліп соғады.

Біз түркі философиясы – түркі тілдес халықтардың философиялық ойының барша жетістігін қамтитын философия дегенді негізге алдық. Түркі халықтарының тарихи сияқты, оның да «ақтаңдақтары» жетіп жатыр. Өйткені, соңғы жылдарға дейін кеңестік ресми философия оны елемей келген. Өзінен бұрын болған бүкіл философияның тарихын материализм мен идеализмнің күресі ретінде қарастырып, философия тарихын маркстік-лениндік философияның кепіл тұтқынына айналдырып, оны преформалық түрде түсіндірді. Өйткені философияның барлық тарихи маркстік-лениндік идеялардың тарихи дайындығы ретінде қарастырылды.

Саяси тұрғыдан алғанда бұл идеология терең ұлттық-этникалық тамырлары үзілген, этностың жаны, негізінен, формальды символға айналып, өткізілетін шаралардың сыртқы нышаны ғана болатын жаңа құрылымның, яғни, жаңа социалистік мәдениеті бар совет халқының пайда болғанын жариялап, ұлттық-этникалық

ерекшеліктерді жоюға тырысты. Идеологиялық тұрғыда ресми философия ең озық дүниетаным ретінде коммунистік қоғамда тұратын адамның дүниетанымын жаппай дәріптеп бақты, бірақ оның ішінде түркілік тарих пен мәдениет мойындалатын тарихи жадқа орын табылмады. Жаппай жүргізілген идеологиялық қысымда коммунистік партияның тарихына тым көп көңіл бөлініп, түркі халықтарының тарихы ұмыт қалды. Түркі тарихын, руханиятын, мәдениеті мен дүниетанымын түркологиямен, түркітанумен айналысатын түркітанушы-мамандардың шағын тобы ғана зерттеді.

Ең бір қызығы, кәсіби түркологтардың өздері де түркі философиясы туралы жақ ашпайтын. Кеңестік түркология оған арнайы мәселе деп қарамады, өйткені сол кезде ғылымда кең тараған түсінік бойынша, түркі халықтарының рухани өмірінде, тарихы мен мәдениетінде ондай нәрсеге орын жоқ болатын. Дегенмен де, зерттеушілер түркілердің ежелгі, ортағасырлық дүниетанымын егжей-тегжейлі талдап, олардың дүниетанымдық әмбебаптарын, космологиясы мен антропологиясын, қоғамдық дәстүрлері мен рухани құндылықтарын зерттеді. Мұндай жағдай ғалымдардың кінәсінен емес, орталық ұстанған идеологияның салдарынан қалыптасқан болатын.

Философия феноменінің пайда болуын еуропашыл бағытта ұғынатын тұрақты түсінік бойынша түркі тілдес халықтардың көшпелі өмір сүру салты философияның пайда болуына кедергі болған-мыс. Мұндай көзқараста көшпенділік пен зиятты қызметтің ең жоғарғы формасының арасы, яғни көшпенділік пен философияның арасы жер мен көктей, олар өзара сәйкеспейді деген ұғым болды.

Түркі халықтарының руханияты, мәдениеті мен тарихын зерттеген әділ зерттеушілер партиялық органдардың партиялық-таптық нұсқауларына қайшы болса да, елеулі жетістіктерге қолжеткізді. Ғылыми зерттеудің озық дәстүрлерін дамытқан бірқатар тамаша түркологтардың есімдері белгілі. Олардың арасында В.В.Бартольдт, В.В.Радлов, П.М. Мелиоранский, Б.А.Серебрянников, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, Л.Н.Гумилев, Н.Т.Сауранбаев, Ә.Қайдаров, М.Б.Балақаев, А.И.Ысқақов, С.А.Аманжолов, С.Кляшторный т.б. бар. Бұл ғалымдар түркілер тарихын, тілін, дәстүрін, сондай-ақ түркі мәдениетінің озық ойлы өкілдерінің дүниетанымын зерттеуге қомақты үлестерін қосты.

Дегенмен де, қазір белгілі болып отырғандай, кеңестік түркітанудың ортақ кемшілігі рухани өмір құбылыстарын назардан тыс қалдырып, оны баршаға ортақ форма ретіндегі тілдің болмысына қарай немесе халықтың ауызекі шығармашылығына қарай бұруында еді, яғни филологиялық зерттеудің парадигмасы басым еді, сондықтан тіл білімі, филология, түркі халықтары тарихы түрко-

логиядағы басым бағыттар болатын. Ал, философия арнаулы пән және кәсіби білімнің саласы ретінде қоғамның рухани өмірінде ерекше қызмет атқарғандықтан, идеологияға тым тәуелді еді, оның шырмауынан шыға алмай, «түркілік» тақырыптан да алыстай берді, ақыры, оны жоққа шығарды.

Сондықтан, қоғамдық сана үшін түркі философиясы беймәлім нәрсе болатын. Осындай ахуалдың қалыптасуына «кеңестік Шығыс» республикаларында пантюркизм мен панисламизм идеяларына қарсы жүргізілген большевиктердің революциялық күресі де үлесін қосты. Көзқарастардың алуан түрлі болуы, басқаша ойлауды қабылдамау, барлығы да бірдей ойлаушылық, ақырында, қан төгіспен шындығын дәлелдеуді заңдастырып, ресми қабылданған пікірден басқа пікірлердің барлық түрлерін жоюмен аяқталды. Большевизм қабылдамай жойып жіберген идеологияда белгілі бір түрде түркі тарихы мен мәдениетіне қатысты идеялар бар еді, енді сол идеологиямен қоса түркі мәдениеті мен тарихының жетістіктері де лақтырылды. Қоғамның тарихи жадынан олардың ізін өшіріп, жаңа буын өз тарихи тамырын білмеу үшін басқарушы билік барын салды.

Пантюркизм идеологиясына қарсы революциялық күрестен туындаған түркілердің рухани мәдениетін төмендетіп, ол туралы айтпау кеңестік билік орнаған алғашқы кезеңде саналы түрде жүргізілсе, кейін идеологиялық қысыммен қоғамдық дамудың жаңа міндеттеріне орайластырып, өз жалғасын тауып отырады. Ондай міндетке, алдымен, ұлттық дүниетанымның тамыры мен қайнарының ерекшелігін елемейтін рухани мәдениетті бірегейлендіру кіретін. Сонымен, кеңестік биліктің жетпіс жылдан астам тарихы ұлттар мен ұлыстардың гүлденуі мен жақындасуын жария еткен, бірақ, шын мәнісінде, халықтарды мәңгірттендіру заманы еді.

Бүгінде біз, кеңестік билік жылдары большевиктердің басқаша ойлауға, яғни «ұлы Түркістан» идеологиясына, ислам дініне және т.б. қарсы жүргізген революциялық күресі түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына орасан зор зиянын тигізді дей аламыз. Жаңа мемлекеттің аумағына кірген жерлерде өмір сүрген түркі халықтары өз тарихында өркениеттік сипаттағы талай шығынды бастан кешірді. Олардың қатарына, біз мынадай факторларды жатқыза аламыз: шикізат көзі ретінде ғана пайдалану арқылы өркениетті дамудың негізгі жолынан аластату, ұлттық тілдердің дамуы мен таралуына қысым жасау, ұлттық тілде білім алуға шектеу қою және т.б.

Кеңес Одағы аумағында мемлекеттік құрылымдар шеңберінде түркі тілдерін мемлекеттік тіл ретінде мойындамау дерегінің өзі, сол елдердің мәдениетіне өте үлкен нұқсан келтірді. Тілді кириллицаға көшіру әртүрлі буындардың арасын жалғап тұрған мәдени желіні қиып тастаумен бірдей нәрсе болатын. Мәдени дамудың алдыңғы

кезеңіндегі жетістіктер жаңа буын түркілер үшін қол жетпес нәрсеге айналды.

Тоталитарлық жүйе ыдырап, бұрынғы кеңестік кеңістікте жаңа тәуелсіз түркі тілдес елдердің пайда болуына орай түбірлі өзгерістер де көріне бастады. Сол елдердегі тарихи сананың жаңғыруы, жан дүниенің тереңінен өткенге, өз тарихына, рухани мәдениеттің ең асыл үлгілеріне деген махаббат – түркі тілдес халықтардың азаттығын, бір кезде жоғалған қадір-қасиеті мен өзіне деген құрметтің оралуына дәлел. Зиятты ортада ғана емес, бұқаралық санада да пайда болған түркілік өркениеттік пен мәдени қайнарларға деген «ренессанстық» қызығушылық ұмыт болуына қарамастан, сол қайнардың тірі екенін көрсетті. Ол тарихи жадтың арқасында бізге қайта оралды.

Қазақстан тәуелсіздік алған жағдайда бастауын алған тарихи жадты қайта қалпына келтіру, әлемдік тарихқа өз тарихының қатыстылығын түйсіну, ұлттық мақтаныш пен отансүйгіштік сезімді тәрбиелеумен қатар, қоғамдық санада қазақ жерінде болған тарихи-мәдени үдерістің үздіксіздігі, ұзақтығы туралы идеяны қолға ала бастады. Бұл, бір кезде күшті түркілер мемлекеті болған деген жаңалыққа қайтадан қол жеткізген мемлекеттіліктің қадірін терең түйсінуге жетелейді. Ол бізге, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жайлы, ресейлік не кеңестік тарих пен мәдениетке қатысты болғандықтан емес, өзіндік біртума, әлемнің тарихы мен мәдениетінде маңызды өз орны бар түркі мәдениеті мен тарихы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Өзбекстанда, Қырғызстан мен Әзірбайжанда, Татарстан мен Башқұртстанда, басқа да түркі тілдес аймақтардағы өзгерген әлеуметтік-саяси жағдайларға орай, түркі мәдениетіне, тарихы мен философиялық ойына арналған зерттеулер дами бастады. Өзекті қоғамдық талапқа жауап ретіндегі бұл зерттеулер, алған егемендіктің әсерінен болған қоғамдық санадағы серпілістер мен өзгерістерді, қоғамның төлтума тарихы мен рухани мәдениеті туралы шынайы білімді қажетсінуін айнытпай көрсетті.

Өзінің тарихы мен мәдениетін жаңадан тани бастаған үдерісте мынадай өзгерістер болды: біріншіден, олар ғылыми қызметтегі саяси басшылық қағидаларының өктемдігі мен қысымынан арылды, соның арқасында ғылыми зерттеулердің өзі, бұрыннан үстемдік құрып келген партиялық және таптық қағидалардан тазарды. Екіншіден, ғылыми зерттеулердің өрісі мен ауқымы кеңейді, енді оған бұрын зерттелуге тиым салынған, қарастырылмаған тақырыптар мен мәселелер енетін болды. Үшіншіден, дәстүрлі түрде қалыптасқан философиялық мәселелер жиынтығын, өзінің зерттеу өрісі мен бағыты, тарихы мен мәдениетінің мәселелеріндегі түркілік

ықпалға, оның қайнары мен өкілдері аясындағы рефлексиялық пайымға алып келді. Оны жаңадан құрылған түркі тілдес елдердегі ғылыми мекемелердің зерттеулерінен байқаймыз. Айталық, Қазақстанда «қазақ философиясы» бағытын жаңадан дамыту, философиялық зерттеулердің, кеңестік кезеңге қарағанда, тым ілгері басқан қадамы болатын.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия және саясаттану институтының ғылыми-зерттеу құрылымында 1992 жылы жаңа – қазақ философиясының тарихы бөлімі ашылды. Оның бірінші жетекшісі еліміз бен шетелде танымал ғалым, профессор, философия ғылымдарының докторы М.С.Орынбеков болды. Бұл бөлімнің ғалымдары Қазақстан қоғамтанушыларымен бірге қазақ даласының мәдениетін ашық, әділ түрде зерттеуге белсене кірісті. Олардың жаңарған дүниетанымдық және әдіснамалық парадигма тұрғысында жазған еңбектерінде қазақтың рухани мәдениеті бұқара көпшілікке терең дәстүрі бар күрделі, көп қырлы әрі көп деңгейлі құбылыс ретінде көрініс тапты.

Тәуелсіздік жылдары бұл бөлім қазақ философиясын зерттеуге көп еңбек сіңірді. «Қазақ даласының ойшылдары» атты көптомдық ғылыми зерттеу жарық көрді, жаңа кәсіби-теориялық деңгейде қазақ философиясының өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелері зерттелуде және, ең бастысы, қазақ философиясының біртума философиялық еңбектері қазақ тілінде дайындалып, басылды, ал мұның қазақ тіліндегі философиялық терминтануды дамытып жетілдіруге, қазақ философиясының болмысына барабар ұғымдар мен ойды жеткізетін тәсілдерді жасауға септігі мол болды.

Жоғарыда айтылғандай, кеңестік философияда «түркі философиясы» деген ұғым болмады, дәл осындай нәрсені «қазақ философиясына» қатысты айтуға болар еді, өйткені философия дегеніміз жүйелілік, дәлелділік, ғылымилық тән ойлау қызметінің бір түрі әрі ол теориялық дүниетаным деп есептелетін. Сонымен қатар, қазақ халқының руханияты, рухани мәдениеті мен дүниетанымы кеңестік Қазақстанда терең зерттелмеді.

Өткеннің және осы ғасырдың философиялық тәжірибесі алуан түрлі өмірлік, философиялық тәжірибелерді анықтап берді, философияның өнермен, ғылыммен, поэзиямен, дінмен шекаралас салаларға дейін жетіп, психология мен кәдімгі өмір аясына енуге ұмтылуы көрсетілді. Қазіргі заманда философияның алуан түрлі, Шығыста тарихи әртүрлі болатыны анықталды. «Қазақ философиясы» деген термин философиялық терминологиялық қорға еніп, философия сөздігін толықтырды.

Қазіргі кезде өркениеттің көшпелі түрінің заттық, рухани мәдениетіне, қоғамдық, мемлекеттік құрылысына қатысты түсініктер

түбегейлі өзгеріп, олардың жағымды құндылық бағасы қалпына келтірілуде. Зерттеулер дәстүрлі көзқарастардан арылып, көшпенділердің өркениетін – дамудан тым алыс жатқан жол ретінде емес, өндірісті табиғатқа барабар биологиялық құралдармен жүргізу арқылы табиғатты игеруге негізделген әлеумет пен табиғаттың өзара байланысынан туындаған ерекше тәсіл ретінде түсіндіреді. Әрине, көшпелі өмір салты көшпендінің дүниетанымын айқындайтын өзіндік ақыл-ой универсумын, рухани ғарышын да қалыптастырды.

Тарихи қайнар көздер дәлелдеп бергендей, отырықшы халықтарға қарағанда, көшпенділерге өз мәдениетінің ерекшеліктерін терең түйсіну тән. Айталық, мысалы, олар ғаламды, тарихты, уақытты, кеңістікті, адамның табиғатпен, қоғаммен байланысын, өмір мұратын, ар-намыс кодексін ерекше ұғынатын. Дәл осылай философиялық дүниетанымды да дәстүрге жатпайтын құралдар арқылы жеткізуге болады, біз оны қазақ мәдениетінен де, басқа түркі тілдес халықтардың мәдениетінен байқаймыз.

Егер философияны байырғы мәнінде, яғни рационалды-логикалық білімнің ерекше түрі ретінде ғана емес – жалпыға ортақ ойлау формасында көрінетін даналыққа, сана-сезімді тануға, өмірді тануға деген құштарлық деп түсінсек, онда Қорқыт Ата, Асан Қайғы сияқты ойшылдарды «көшпелі философтар» деуге толық негіз бар. Алғашқы пайғамбар Заратустра да, әйгілі «жеті данышпанның» бірі Анахарсис те скифтердің көшпелі ортасынан шыққан данышпан тұлғалар.

XV–XIX ғасырлардың қазақ поэзиясы философиялық-поэзиялық шығармашылықтың теңдессіз үлгісі ретінде болмыстың шекті негіздерін жалпылай түйсіну дәрежесі бойынша Рудаки, Сағди, Хафиз сынды өкілдері бар иран тілдес поэзияның әйгілі сыршыл-философиялық дәстүрінен кем түспей, өзінің айқын әлеуметтік сипатымен ерекшеленді. Қазақ халқының философиялық ақыл-ойы әр түрлі түрде: қоршаған ортаны діни-аңыздық, философиялық-көркемдік түрде, әлемді мистикалық, рационалды-логикалық, сондай-ақ, философиялық публицистика мен лирика түрінде игеру формасында дамыған.

Қазақ философиясының тарихында Асан Қайғы (XV ғ.) сынды көшпелі философ аса құнды рухани мұра қалдырды. Оның көзқарасы айқын әлеуметтік, рухани-адамгершіл бағытты айқындап, этикалық пайымдаулары баршаға ортақ үйлесімге апаратын жолды іздеуді негізге алды. Асан Қайғы дүниедегі әуелден бар үйлесім өзара сыйластықтың этикалық императивінде нормативті көрініс табады деп есептеген. Әлемде игіліктің не зұлымдықтың салтанат құруы адамдар арасында, адам мен табиғат арасындағы өзара сыйластықтың болуына не болмауына байланысты.

Дүние сырын ашуды мақсат еткен Асан Қайғы адамның қоршаған ортаға құрметпен қарау дәстүрін енгізеді. Адамның барлық ниеті мен әрекеті, асқақ сенім-нанымы әділдікке бағынуы тиіс. Қоғамдағы әділдік өзара сыйластық пен түсіністік, адамдар арасында игі әрекеттер бар болғанда ғана мүмкін болмақ.

Асан Қайғы бірнеше этикалық ұғымның нақты анықтамасын жасаған және ол Абайды қоса алғанда, кейінгі қазақ ойшылдарының шығармашылығындағы философиялық моральдің даму бағытын анықтап берді. Оның «Жерұйықты» аңсауы – қазақ философиясындағы әлеуметтік-философиялық тақырыптың дамуын куәландырады. Ал, оның дүниетанымы – әлем мен табиғаттың үйлесімін сақтауға бағытталған, сондықтан да адамның араласуын қажет етпейтін дамудың ішкі қозғалысы бар дүниетүсініктің үлгісі.

Асан Қайғының әлеуметтік-философиялық ойлары, жерұйықты іздеуі одан бұрын не кейін өмір сүрген көптеген еуропалық философтардың, атап айтқанда, Мордың, Сен-Симонның, Фурьенің идеяларымен таңқаларлық түрде үндесіп жатыр. Асан Қайғының философиялық шығармашылығын зерттеу қазіргі зерттеушілер қазақ философиясындағы көптеген жаңа, тамаша беттерді, жаңа есімдерді, тағдырлар мен идеяларды әлі де ашатынын көрсетті.

Кеңестік дәуір кезеңінде қазақтық және шығыстық философиялық ойдың өзара байланысы, сондай-ақ Шығыс пен Батыста ХХІ ғасырда қалыптасқан философияның жаңа түрлерін игеру туралы өзекті мәселе қойылуда. Осы жаңа философияда демократиялықділменазаматтыққоғамдықалыптастырудыңбайтәжірибесі қамтылған, рационалдықтың балама үлгілері ұсынылды. Біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескерсек, мұндай тәжірибе біз үшін құнды болмақ, өйткені ол теориялық деңгейде ұлттық мәдениеттің басқа мәдени кеңістіктермен келісімге, бірлікке, өзара түсіністікке қол жеткізген кездегі даму мүмкіндіктерін анықтайды.

Сонымен, Орталық Азия ғалымдарының басқа түркі тілдес халықтардың ғалымдарымен үйлесімді ынтымақтастығы түркі халықтарының дәстүрлі ұлттық мәдениетін, оның дүниетанымдық әмбебаптарын, дәстүрлі дүниетанымы мен дүниетүсінігін кешенді зерттеуге ықпал жасады. Біздің мәдениетіміздің тарихи тамырында, Қорқыт Ата, әл-Фараби, Ибн Сина, Ж. Баласағұн, әл-Хорезми, Қ.А. Иасауи, әл-Бируни, әл-Фергани, М. Қашқари, А. Науаи сияқты өткен дәуірдің көрнекті ойшылдарының рухани мұрасында ортақ дүниетанымдық-философиялық мәселелер өте көп. Олар түркі философиясының классиктері болып есептеледі, ендеше, түрік философиясы түркітанудың құрамдасы болып табылады.

Өзінің «Тарих толқынында» деп аталатын монографиялық зерттеуінде Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев Орталық

Азия елдерінің ортақ аймақтық мүдделері туралы айта келе, Орталық Азиядағы бұрынғы кеңестік мемлекеттердің әлеуметтік-саяси өзгерістерінде және олардың бірігуінде мәдени мұра жағымды қызмет атқара алатынын атап өтеді. Өйткені өткенде салынған негіздерсіз болашақты құру мүмкін болмайды. Өткен көзге көрінбесе де, халықтың ойында, жадында, сезімі мен мінез-құлқында, материалдық және рухани ескерткіштерде сақталады.

Қазіргі жағдай, әсіресе, жаңа ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығының соңында басталған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс, әлемнің көптеген елдері үшін интеграциялық сипаттағы мәселелерді ушықтырып жіберді. Ол Орталық Азияны да айналып өтпеді. Интеграциялық үдерісте, бұрынғыдай, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері арасындағы қарым-қатынастар өз маңызын жоя қойған жоқ. Осыдан он жыл бұрын Н.Ә. Назарбаев: «ұлттық стратегияны жасаған кезде, қазақ, өзбек және қырғыз саясаткерлері жасалып жатқан саясаттың нәтижелеріне өзара жауапкершілікті басшылыққа алып, барлық орталық-азиялық елдердің ұлттық мүдделеріне деген өзара сыйластыққа негізделуі тиіс. Сонда ғана біз өзіміздің ортақ ұлы бабаларымызға лайық боламыз», – деп жазған еді.

Бұл стратегия қазіргі кезде де маңызын сақтап отыр. Бұған қоса, дәл осыны біз осы елдердің қоғамтанушы ғалымдарына қаратып айта аламыз, өйткені әр елдің ұлттық мәдениетін зерттеу стратегиясы, жалпы түркі тілдес халықтардың рухани мәдениетінен оқшауланбау тиіс.

Орталық-азиялық елдерінің қоғамтанушылары, философтары мен тарихшылары, мәдениеттанушылары мен дінтанушылар өз елдерінің ғылыми бағдарламаларын дамыту стратегиясында бірқатар аймақтық кешенді зерттеулерді жүзеге асырып, түркі халықтарының руханияты, философиясы, тарихы мен мәдениеті бойынша, заман талабына сай бірқатар өзекті іргелі зерттеулерді бірлесіп жүргізе алар еді. Осы мақсатта ғылыми зерттеулер мен басылымдардың орталықазиялық қорын құру, Орталық Азия философтар ассоциациясын құру, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару, мысалы: «Түркі халықтарының философия тарихы», «Орталық Азия халықтарының философия тарихы», «Түркі философиясы» және т.б.

Қазіргі философия өзгеру үстінде және ол ғылыми ізденістің жаңа басым бағыттарын анықтап отыр. Бұл тұрғыда түркі философиясы бойынша зерттеу Шығыс философиясын, оның ерекшеліктерін жаңаша, терең пайымдауға септігін тигізеді. Батыстық философиямен салыстырғанда Шығыс философиясы адамның әлемге деген тұтас көзқарасының қисынына бағынады, сондықтан жаңа тарихи

уақыттың ойлауын Шығыс мәдениетінің логикасында рационалды түрде ұғынып, пайымдауға болады. Бұл зерттеудің осындай бағыты мен көзқарасын өзектендіре түседі, өйткені қазіргі қалыптасып келе жатқан жаңа интегралдық дүниетаным мен ғаламдық ойлау стилі замана болмысы мен талаптарын әлемге деген тұтас көзқарас қисыны тұрғысынан пайымдауды көздейді.

Түркі философиясы ғылыми қауымдастық тарапынан терең зерттелуге әбден лайық. Оның философиялық дәстүрде де, әлемдік тарихи-философиялық үдерістің зерттелуінде де орын алуға толық құқығы бар. Оның дамуында, түркі мәдениетінің дамуындағы сияқты, белгілі бір кезеңдер болған, оларды алдын-ала жалпы түрде: ежелгі, ортағасырлық және қазіргі кезеңдер деп көрсетуге болады. Өз кезегінде ондай кезеңдерді әрі қарай жіктеуге болады және біздің қазіргі кезең деп белгілеген нәрсеміз өз дамуындағы бірнеше кезеңдерге жіктеледі, мысалы, кеңестік кезең, тәуелсіздік алған кезең және т.с.с. Дәл осындай жіктеуді ортағасырлық кезеңге қатысты жүргізіп, оның ішінен түркі философиясының дамуындағы классикалық кезеңді бөліп алуға болар еді. Түркі философиясы зерттелген салаға айнала бастаған кезде, кезеңге бөлу мәселесі де нақтыланып, өзгеріп, тереңдей түспек. Жалпы алғанда, түркі философиясы туралы түркі әлемінде пікірталас ұйымдастырған жөн деп есептейміз.

Әлеуметтік, саяси және рухани дамудың дербес жолдарын таңдауына қарамастан, орталық-азиялық аймақтағы елдердің арасындағы көптеген ортақ нәрсе сақталған. Бұл – мәдени-тарихи тамырлардың, діннің, кеңестік кезеңнен қалған экономикалық, білім беру және басқа да стандарттардың ортақтығы ғана емес, әлемнің осы аймағында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан көрнекті ойшылдардың қалдырған ортақ рухани құндылықтары да. Әл-Хорезми, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашқари, әл-Бируни, Бахманийар әл-Өзірбайжани және көптеген басқа көрнекті қайраткерлер Қазақстанда, Түркіменстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда жаңа ғасыр мен мыңжылдықтың жаңа руханиятын жасауға бірдей атсалысқан. Түркі халықтарының ортақ рухани құндылықтары мен мәдени-тарихи тамырларында терең із қалдырған түркілік рухани мәдениеттің Қорқыт Ата сынды тұлғасының бір өзі – түркі халықтарының бөлінбес бөлігі мен жалғаушы негізі.

Қорқыттың философиялық дүниетанымының мәні – номадтардың мәдени-дүниетанымдық философиясының көрінісі. Өмір мен өлімнің, фәни мен мәңгіліктің, адам тіршілігінің терең негіздерінің экзистенциалды мәселелерін көтеретін ол туралы аңыздың мазмұнының өзі түркілердің номадтық дүниетанымының философиялық маңызын айқындап тұр. Қорқыттың ел кезгенін

баяндағанда, ол болған жерлер нақты сипатталып, көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениеттен ерекшелігі көрсетіледі.

Қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның жан дүниесіндегі толғаныстың мәнін нәзік жеткізетін, терең экзистенциалды мазмұны бар мұндай баяндаудың көшпелі қоғамның рулық жадында сақталмауы мүмкін де еместін. Мұнымен қоса, адам болмысының мәніне терең бойлағандықтан ол жай ғана отырықшы мәдениет жағдайында емес, оның дамуындағы ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да тарихи игілігіне айналды. Өлімді музыка күшімен жеңуі, адамды мәңгі ететін жасампаздық пен шығармашылық – Қорқыт туралы аңыздың бұл идеясы қазіргі дүниетаным үшін ең бір керемет, әсерлі нәрсе. Түркілердің ұлы гуманизмінің, рухтың еркіндігіне, табиғатпен, ғарышпен бірігуге деген шексіз ұмтылысының мәні осында.

Орталық-азиялық аймақтан шыққан ұлы ғалымдардың есімі орта ғасырлардан бастап әлемдік ғылымда белгілі болғанын тоталитарлық идеология жасырып келді. Айталық, көне Хорезм шаһарында дүниеге келген Орталық Азияның өкілі, әйгілі математик Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми антикалық философтар мен ғалымдардың еңбектерін араб тіліне аудару мәдени жұмысын жүзеге асырған «Даналық үйдің» жетекшілерінің бірі болған. Аударма қызметімен қатар, антикалық философия мен ғылым негізін қалаған идеяларды шығармашылықпен дамытудың арқасында, ежелгі грек ойшылдарының көптеген идеялары мен еңбектері ортағасырлық Еуропаға мәлім болды.

Қазіргі кезде түркі тілдес халықтардың тарихындағы, мәдениеті мен философиялық ойындағы ақтаңдақтарды мұқият зерттеу мен анықтау жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа тарихи деректер жинақталып, материалдық мәдениет ескерткіштерінің жаңа археологиялық табылымдары белгілі болып жатыр, философияның дамуындағы алдыңғы кезеңдер философиялық сынға алынып, алынған білімді жалпылау мен жүйелеуді қажет ететін ғылыми зерттеулердің жаңа эмпирикалық қоры жасалуда. Етгеріп отыратын пәндік сала, оның тарихи деректер мен құжаттарда, мәдени мәтіндерде толық ашылмауы түркілік зиятты-рухани аймақтың философиялық зерттелуіне қатаң талаптар қояды.

Қазіргі философияда жаңа деректер жаңа әдіснамалық және дүниетанымдық тұрғыда талданып, мәдениет пен философиялық ойдың терең ішкі талдауы жүзеге асырылса да, жалпы әлемдік философияның да, түркі философиясының да мәні, тағдыры, мағынасы сияқты іргелі сипаттағы мәселелер мәңгі мәселелер болып қала береді. Бұл мәндегі олардың үнемі ашықтығы мен толық шешілмеуі – тоқтамайтын философиялық ізденістердің пәні.

Аталған жағдай, өткен – қазіргіні түсінудің кілті деген белгілі ақиқатты қуаттайды. Біздің бүгініміз – күннен-күнге жаһанданып бара жатқан әлем және бұл әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара тәуелділігі де күн сайын артып барады. Өте бай Абай философиясынан шығатын рухани әлеуетті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайда дамыту – бүгінгі біздің, біздің замандастарымыздың міндеті. Болмысымыздың шынайылығын түйсінуге жақындататын өткеннің құтты дәндері, оны баға жетпес нәрсеге айналдырады. Олар бізді кемелділікке ұмтылдырады. Сондықтан да Абай – қазақ руханиятының шоғырланған көрінісі, қазақ халқының жүйке тамыры, жүрегі мен ақылы, жаңа ғасырдың жаһандық әлеуметтік-мәдени өзгерістер дәуірінде рухани дамудың, ағарту мен адамгершілік тәрбиенің қайнарына айналады.

Генетика, синергетика, астрономия, медицина т.б. салалардағы революциялық ғылыми жаңалықтар ашылған кезде, ең жаңа ғылыми эксперименттер қойылып, ғылымның дамуындағы жаңа деректер табылып жатқан дәуірде ғылымның осындай түбегейлі әрі тағдырлы құбылыстары мен мәселелерін философиялық жалпылаусыз қалдыру мүмкін болмайды. Философия қоршаған әлемді және өзін-өзі тануға ұмтылған адам ойының жетістіктерін назардан тыс ешқашан қалдырған емес. Сондықтан қазіргі түркі философиясындағы аталмыш бағыттың болашағы жарқын болмақ.

Қазіргі түркі философиясына жасалған шағын шолуды аяқтай келе, оның ішіндегі жарияланымдар оқырманның, түркі әлемінің философиялық мұрасын, оның тарихы мен бүгінгісін бағалайтындардың қызығушылығын оятады дегенге сенгіміз келеді. Із салғандар мен өткеннің көрнекті ойшылдарының асыл дәстүрлерін жалғастыратын қазіргі түркі философиясы әлемдік философиялық аймаққа кіріп, қазіргі мәдениетті дамытады және Орталық Азия, Ресей, Түркия елдеріндегі түркі тілдес халықтардың рухани-адамгершілік негізін құрайды.

Оның септігі Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің күшеюіне, ортақ мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды нығайтуға, білім беру мен адамгершілік мінез-құлықтың гуманистік стандарттарын жасуға тиеді. Түркі философиясының зерттеу өрісі эмпирикалық материал мен жаңа тарихи-мәдени деректер көбейген сайын, объективті түрде кеңейе бермек. Өлде де онда беймәлім және зерттелмеген нәрселер көп, осыған байланысты ол болашақ философтардың тарапынан шынайы қызығушылыққа ие болады.

«Қазақстан-Заман», 08.10.2009

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық мәртебесінің артуы

– Әбдімәлік аға, Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етпек. Сарапшылар қазақтай ұлттық мәртебесін асқақтатқан ақжолтай жаңалықты Елбасының әлемдік деңгейдегі абырой-беделі десе, енді бірі Қазақстан дипломатиясының шеберлігі, ұзақ жылғы маңдай терінің өтеуі деп те жатыр. Дегенмен мемлекетіміз бен беделді халықаралық ұйымның арасын жақындастыратын терең мүдделестік және ерекше ынты-ықылас бар сияқты. Беделді ұйымға төрағалықтан Қазақстанның ұтары қайсы, ЕҚЫҰ-ның көздегені не?

– Сөз жоқ, Мадрид кеңесінің нәтижесінде Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін болып келісілуі біздің еліміздің де, Елбасының да, отандық дипломатияның да үлкен жеңісі. Бұл мәселе көтерілгелі бері жүргізілген табанды еңбектің жемісінің арқасында біздің мемлекетіміз посткеңестік елдердің арасында тұңғыш рет осындай мәртебеге ие болып отыр. Еліміз бен осы аталмыш беделді ұйымның арасында қандай мүдделестік бар дегенге келер болсақ, алдымен ЕҚЫҰ жұмысының үш бағытта жүретінін айта кету керек сияқты.

Алдымен, экономикалық-экологиялық бағыт. Еуропада нарықтық экономиканың үстемдік еткеніне төрт жүз жылдай уақыт болды. Ал бізде нарықтық қатынастар социалистік жүйе ыдырағаннан кейін ғана қалыптаса бастады. Өтпелі кезеңдегі реформалар негізінде біз оның негізгі институттарын қалыптастырып үлгірдік. Жоспарлы, тәуелді экономикадан нарықтық ашық экономикаға өтіп, мемлекеттік иеліктен жекешелендіру процесі аяқталды. Ұлттық тәуелсіздіктің мәнді белгісінің бірі ретінде ұлттық валюта табысты енгізіліп, еліміз әлемдік нарық жүйесіне кірді. Ұлттық қаржы институттары, қалыпты екі деңгейлі банк жүйесі, тең құқықты меншік түрлері қалыптасып, кәсіпкерлік өмірге енді. Соған сәйкес қоғамның әлеуметтік құрылымы да өзгерді. Бұл мәселеде бұрынғы кеңестік елдерден оқ бойы озып кеткенімізді Батыс елдері де мойындайды.

Дегенмен, біздің экономикамыз шикізат көздерін, әсіресе мұнай ресурстарын сату арқылы өсіп отыр. Табиғи ресурстар қорының шектеулі екенін ескерсек, мұның алысқа अपармайтын жол екендігі түсінікті болып шығады. Біз экономикалық әл-ауқатымызды арттыру үшін өзіміз тауар өндіруіміз, шикізатты өндеп сатуымыз керек. Әлемде бәсекелестікке қабілетті ел болу үшін өзіміздің ұлттық мүдделеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеруіміз қажет. Мысалы, ауыл шаруашылығынан біз кенде емеспіз. Дәнді дақылдарды, олардың ішінде бидайды, ет-сүт, жүн-былғары өндіруден біздің зор мүмкіндіктеріміз бар. Осы

өнімдердің сапасы мен тауарлық кейпін жетілдіріп, әлемдік нарыққа шығарған дұрыс. Бұл үшін индустриалды-инновациялық стратегияны іске асырудамыз. Еуропаның озық технологияларын қолдану арқылы, жұмысшылардың еңбекке деген сана-сезімін көтеру арқылы Батысқа жақындар едік. Бұл екі жаққа да тиімді деп ойлаймын.

Экологиялық мәселе бүкіл біздің ғаламшарымызға ортақ мәселе болып тұр. Еуропа мұны басқалардан бұрын аңғарды, сондықтан олардың стандарттарына ұмтылғанымыз абзал.

Екінші бағыты, кәсіби әскери бағыт. Бізде де солардағыдай кәсіби әскер жасақталуы тиіс. Халықаралық терроризм, діни экстремизм, наркотрафик, заңсыз миграция мәселелерін Еуропада қалай шешсе, біз де осы озық үлгіні пайдалануымыз керек. 2010 жылға дейін біз де Қарулы күштер мен қорғаныс саласындағы реформаларға басты көңіл аударғанымыз дұрыс.

ЕҚЫҰ-ның үшінші маңызды бағыты ұлтаралық, дінаралық, мәдениетаралық келісім бағыты. Жиырма бес елдерді біріктірген Еуропаның жекелеген аймақтарында ұлтаралық шиеленістің ушығып тұрғаны бәріңізге де аян. Ал көпэтносты, көпдінді біздің еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілікті, келісім мен ынтымақтастықты сақтап тұру оларға үлгі боларлықтай деп ойлаймын. Бұған біздің Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында, елімізде Қазақстан халқы ассамблеясын құрып, оның атқаратын қызметін кеңейту арқылы қолымыз жетті деп ойлаймын.

Өзіңіз көріп отырғандай, ЕҚЫҰ-ның атқаратын жұмысының негізгі бағыттары аясында бұл ұйым мен біздің мемлекетіміз арасында терең мүдделестік пен ерекше ынта-ықылас бар. Ал, мұнан Қазақстанның ұтары көп. Бұл біздің дипломатиямыз бен көпвекторлы сыртқы саясатымыздың көрегендігін көрсетіп берді. Бұл әлемдегі бәсекеге анағұрлым қабілетті елу елдің қатарына кіреміз деген мақсатты жүзеге асырудың басты қадамы болады деп есептеймін. Біз еуразиялық ел болғандықтан, өзіміздің геосаяси жағдайымызды пайдаланып, Еуропаға тартылудан ұтыла қоймаймыз. Тағы бір ұтарымыз, өзімізге қажетті озық, жаңа технологияларды пайдалана отырып, өмір деңгейімізді көтеруде оларға жақындаймыз. Әрине, біз барлығын Еуропадан алып қана қоймай, ұлттық мүддемізді сақтай отырып, оларға да береріміз мол, мұны ЕҚЫҰ да ескеріп отыр деп санаймын.

– Қазақстан ЕҚЫҰ-ға 2009 жылы төраға орынбасары, 2010 жылы төраға, 2011 жылы тағы да төраға орынбасары болады екен. Бұл – жас мемлекетіміз үшін үлкен жетістік, зор жауапкершілік. Қазақстан болашақта ЕҚЫҰ төрінде жаһандық үрдіске нендей ықпал етуі мүмкін? Бәлкім, Батыс пен Шығыс, христиан әлемі мен мұсылман дүниесін өзара түсіністікке

жетелейтін шығар. ЕҚЫҰ-ға төрағалық бізге қандай реформаларды жүзеге асыруды жүктейді?

– Дұрыс айтасыз, бұл бізге көрсетілген құрмет қана емес, бізге жүктелген зор жауапкершілік те. Қазақстан осы жылдары ЕҚЫҰ төрінде жаһандық үрдістерге айтарлықтай ықпал ете алады деген ойдамын. Бұл үшін біздің елімізде алғышарттар да жоқ емес. Қазақстан өз жерінде, Еуразия құрлығының кіндігі, елордамыз – Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің екі съезін өткізді, үшіншісіне дайындық жүріп жатыр. Бұл біздің абыройымызды асқақтатын шаралар. Біз елімізде ұлтаралық татулық пен келісімді сақтап, өзге мәдениетке деген төзімділікті, толеранттық сананы қалыптастырып қана қоймай, әртүрлі діндер мен конфессиялар арасындағы түсіністікті де насихаттап отырмыз. Бұл біздің Елбасы мен Үкіметіміздің жүргізіп отырған мәдени саясатының нәтижесі. Мәдени сұхбат мәселеріне қатысты бірнеше ірі халықаралық конференциялар да өткіздік. Әртүрлі ұлттар мен діндердің өкілдері ынтымақпен бас қосып отырған біздің қоғамымыздың өзі мультимәдениетті біздің жербесігіміздің бір кішкентай үлгісі тәрізді. Сондықтан да біздің Батыс пен Шығысты, христиан әлемі мен мұсылман дүниесін өзара түсіністікке жетелеуге құқымыз бар тәрізді.

Біз тәуелсіз мемлекет ретінде өмірімізде Батыстың саяси жүйесінің көптеген институттарын пайдаланып отырмыз. ЕҚЫҰ-ның бізге қояр талаптары түсінікті: әсіресе, саяси саладағы демократиялық реформаларды тереңдету. Біздің Ата заңымызда жазылғандай, біздің мақсатымыз – демократиялық, әлеуметтік, құқықтық зайырлы мемлекет пен ашық азаматтық қоғам құру. Бұл жолда біздің мемлекетімізде басты қадамдар да жасалды. Президенттік биліктен президенттік-парламенттікке көшудеміз, азаматтық қоғамның нышандары – жергілікті өзін-өзі басқару институттарын қалыптастыру мен жетілдіру және т.б.

– Батыс сарапшылары арасында Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалықта Ресейдің «Троя атына» айналады деген пікір әредікте айтылып қалады. Шынымен солай ма?

– Менің ойымша, бұл әрқилы мүддені көздейтін саясаткерлердің шығарып жүрген қитұрқы пікірі. Қазақстан бұл ықпалды ұйымның төрағасы лауазымына өз мүддесімен қатар, өзгелердің де мүдделерін ескеретін байыпты саясатпен барып отыр. Рас, соңғы кездері ЕҚЫҰ мен Ресейдің арасы салқындады. Қазақстанның осы аталмыш беделді ұйымнан басқа да ұйымдардың мүшесі екендігі белгілі. Қазақстан 2010 жылы өзінің ұлы көршілері Ресеймен және Қытаймен арадағы достық қатынастарын сақтай отырып, өзінің басқарушы міндетін лайықты түрде атқарады деп ойлаймын.

– Жуырда Ұлыбританияда, Лондонда депутаттар мен ғалымдармен кездесіп, пікір алмасып қайттыңыз. Бұл сапардан не түйдіңіз?

– Біз үстіміздегі жылдың 26-29 қарашасында Қазақстан халқы асамблеясы делегациясының құрамында Ұлыбритания-да болдық. 27 қараша күні Лондон қаласында біздің делегация өкілдерінің, Ұлыбритания Парламентінің лордтар және қауымдар палаталары өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Осы мәжілісте қауымдар палатасының өкілі Джон Манн мырза және лордтар палатасының өкілі Килклуни мырза біздің еліміз туралы өз пікірлерін ортаға салды. Бір айта кететіні олар біздің аймақта өтіп жатқан үдерістерге қанық екен. Олар Қазақстанның саяси-экономикалық жетістіктеріне үлкен мән беретінін, Президенттің әрекетін жоғары бағалайтынын атап өтті, тіпті Қазақстанды Орталық Азияның жарық жұлдызы деп дәріптеді. Әңгіме ұлтаралық және дінаралық мәселе төңірегінде де өрбіді. Бұл оларда да үлкен әрі өзекті мәселе екендігі белгілі. Ұлыбританияның құрамындағы ағылшындардың, шотландтықтардың, ирландтықтардың арасында шиеленіс бар. Сұхбат барысында біздегі тұрақтылық пен келісім, ынтымақ пен бірліктің сақталуы, халық асамблеясының құрылу тәжірибесі оларды қызықтыратыны байқалды. Мұқият саясатты талап ететін бұл нәзік мәселе аса сақтықты қажет етеді. Біздегі қалыптасқан ынтымақты одан әрі баяндау үшін ұлтаралық, дінаралық қатынастарды сапалы түрде зерттеп, үнемі жүйелі мониторинг жасап отыру қажет.

Мен жоғарыда айтып кеткендей, Англияда нарықтық экономика әлдеқашан қалыптасқан, парламенттік биліктің пайда болғанына тоғыз жүз жыл болыпты. Сондықтан біздің олардан үйренеріміз көп екені сөзсіз. Депутаттар өз мемлекетінің бізді қолдайтынын айта отырып, мұсылман экстремизмі туралы, біздің саяси жүйе мен жоғарғы заң шығарушы билікке қатысты ашық та сыни пікірлер айтты. Мұсылман экстремизмі мен лаңкестікке қатысты айтылған пікірлерге біздің тарапымыздан Бас мүфти Ә. Дербісәлі мырза дәлелді уәждермен ұтымды жауап берді. Жоғарыдағы сөз тіркесінің ойдан шығарылғанын, шындығында ислам дінінің гуманистік дін екенін дәлелдеп берді. Тағы бір көтерілген мәселе таяуда бізде өткен сайлаудың нәтижесінде бірпартиялық негіздегі парламенттің қалыптасуы болды. «Бұл жағдайдан кеңестік кезеңде өтіп едіңдер, енді неге сол қателікті қайталап отырсындар» деген пікір айтылды. Біз екі немесе көп-партиялылықтың болашақтың ісі екендігін, қазіргі жағдайда бірпартиялылықтың қажеттігін дәлелдеуге тырыстық.

– «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынғанына бірнеше жылдың жүзі болды. Өзіңіз жетекшілік ететін институт бұл бағдарлама аясында қандай жұмыстар атқарды? Әл-Фараби

бабамыздың мұраларын зерттеп, насихаттаумен айналысатын Фарабитану орталығы туралы естігеніміз болмаса, одан кейінгі бар-жоғынан хабарсыз қалдық.

– Күні бүгінге дейін жинақталған халқымыздың бай рухани және мәдени қазынасын біз ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан таразылай бастасақ, оның болашақта бүкіл әлемді елең еткізуі мүмкін ерекше қуаты, ең алдымен, философиялық-дүниетанымдық және рухани-адамгершілік астары өте терең сөз өнеріміз бен саз өнерімізде жатқанына көз жеткізер едік.

Философиялық-көзқарастық және рухани-адамгершілік астары тереңде жатқан бай рухани және мәдени мұрамыздың туындыларының мазмұны мен бояуын төмендетпей өзге тілдерге аударып, әлем жұртшылығына таныта алсақ, қазіргі қазақ мәдениетінің әлемдік мәдени арнаға қосар кәусар бұлағының басы сол болар еді.

Осындай жүйелі және қомақты жұмыстар еліміздің рухани-мәдени тәуелсіздігін одан ары нығайтуға септігін тигізеріне, еліміздің жаһандану процесіне енуінің қажетті баспалдағы болатынына кәміл сенеміз. Ол үшін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген әдебиеттер негізінде дайындалған жаңа хрестоматияларды еліміздің білім беру саласына тиімді формамен тезірек енгізген жөн деп есептеймін. Сонымен қатар осы бағдарлама шеңберінде жүйелі тарихи-философиялық және философиялық-мәдениеттанулық, антропологиялық-гуманистік және әлеуметтік-дүниетанымдық зерттеулер жүргізуге даярланудамыз. Ендеше, бай мәдени мұраны белсенді игеру арқылы ұлттық санамыз бен рухымызды жандандырамыз, соның арқасында бәсекеге қабілетті 50 өркениетті елдер қатарына қосылып, өзіміздің рухани тәуелсіздігімізді одан ары нығайта бермекпіз.

– Биылғы сайлаудың нәтижесінде бірпартиялық Мәжіліс жасақталды. Демократияны тереңдету жолында саяси жүйемізге бірпартиялық Парламент тиімді ме?

– Парламентті партиялық тізіммен сайлау биылғы жылдың басты жаңалығы болды. Сайлауға «Нұр-Отан» партиясы үлкен дайындықпен келді. Оппозициялық партиялардың арасында айтарлықтай бірлік болмады. Қазірдің өзінде де біресе бірігіп, біресе ажырап жатыр. Сондықтан «Нұр-Отан» партиясының жеңісі заңды деп есептеймін. Бірақ, біздің қоғамымыздың мозаикалық сипатын ескерсек, сол алуан түрлі пікірді білдіретін және солардың мүдделерін қорғайтын партиялардың болашақта билікке белсене араласатынына сенемін. Оның үстіне партиялық тізіммен сипатталатын биылғы парламенттік сайлау басқа партияларға үлкен сабақ болды, тәжірибе біртіндеп жинақталады. Бір ғана партияның үстемдігі таяудағы ғана кеңестік дәуірден өткенімізді еске түсіреді.

Біздің елімізде көппартиялылық, кем дегенде қоспартиялылық жүйе болғаны дұрыс. Бұл ЕҚЫҰ-ның да демократияны тереңдету жолындағы талаптарының бірі және негізгісі болмақ.

– **7 пайыздық кедергіні Қазақстандағы партияларды былай қойғанда, Ресейдегі «Яблоко», Аграрлық партия, «Оңшыл күштер одағы» (СПС) сияқты ірі партиялар да еңсере алмай қалды. Сіз қандай саяси механизм ұсынар едіңіз?**

– Иә, біздің еліміздегі сайлауда осы жетіпайыздық кедергіні «Нұр-Отаннан» басқа бірде-бір партия өте алмады. Ал, Ресейде «Біртұтас Ресейден» басқа үш партияның өткенін айта кету керек. Меніңше, осы шамадағы кедергі елдегі барлық әлеуметтік топтардың басым бөлігінің мүдделерін білдіретін дұрыс шама. Бұл елімізде партиялық құрылысты дұрыс қалыптастыруға жетелейді. Тек сайлау науқанында ғана емес, соның аралығындағы уақытта да үздіксіз тұрғындармен жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Кедергіні алып тастауға үндегенше, сайлаудың, сайлау алды науқанның әділ өтуіне, жергілікті әкім-қаралардың әкімшілік ресурстарын орынсыз пайдаланбауына көңіл бөлу керек.

– **Сан ғасырлар аңсап жеткен Тәуелсіздігімізге 16 жыл болды. Осы 16 жыл бізге не берді? Американдық саясаттанушы Збигнев Бжезинский посткеңестік елдердің дербестігін орыссыздандыру, отарсыздандыру баянды етеді деген еді. Сіздіңше, Тәуелсіздік тұғырын нығайтушы факторлар қандай?**

– Тәуелсіздік пен дербес дамуға деген ұмтылыс әрбір халыққа, ұлтқа, елге тән табиғи құбылыс. Бірнеше ғасырлар бойы азаттық жолындағы азапты жолдан өткен қазақ халқының да тәуелсіздік пен егеменділікке қол жеткізгеніне он алты жыл толғалы отыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі төмендегідей саяси аса маңызды шаралармен айшықталған оның атрибутикасынан айқын көрінеді: 1990 ж. 25-қазандағы Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы (елдің территориясында республика Конституциясы мен заңдарының үстемдік етуі, республиканың жерге, жер қойнауындағы ресурстарға, халықтың мәдени-тарихи құндылықтары мен экономикалық, ғылыми-техникалық потенциалға – жалпы ұлттық байлықтарға иелік етуі және халықаралық қатынастарда Қазақстанның дербес субъект ретінде қимылдау құқығы сияқты аса маңызды мемлекеттік-құқықтық нормаларды бекітті); 1991 ж. 16-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң (Қазақстанды тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде бекітті); 1993 ж. 28-қаңтардағы және 1995 ж. 30-тамыздағы тәуелсіз Қазақстанның Конституциялары (ол бойынша Қазақстан – президенттік басқару формасындағы республика, унитарлық мем-

лекет); 1992 ж. 2-наурызынан БҰҰ-ға толыққанды мүше ретінде қабылдану; Қарулы күштерді құру; көпбағытты сыртқы саясат жүргізу; мемлекеттік шекараның бекітіліп бітуі және т.б.

Қазіргі жағдайда тәуелсіздік тұғырын нығайтушы факторларға мыналарды жатқызар едім: 5-7 жылдарға арналған қазақ халқын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жасау және оны іске асыру, этносаралық және дінаралық келісімді сақтау, саяси жүйені одан ары демократияландыру, әлемнің бәсекеге анағұрлым қабілетті елу елінің қатарына кіру, ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету сияқты ішкі және сыртқы факторлар.

– Тәуелсіздік дегенде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы еске оралады. Азаттықтың алғашқы қарлығашындай болған оқиға лайықты саяси-тарихи бағасын алды ма?

– 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы өзінің тарихи бағасын да, саяси бағасын да әлі алған жоқ деп ойлаймын. Оның мәртебесі анықталған жоқ. Меніңше, оған оқиға емес, көтеріліс мәртебесін беру керек. Бұл қазақ халқының екі ғасырдан астам отаршылдық пен тоталитарлыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің (тарихта 260-тан астам көтеріліс белгілі) жалғасы әрі тоталитарлық құрсаудың қабырғасын алғаш рет сөккен көтеріліс болды деп бағалау керек сияқты. Желтоқсан көтерілісінің себептері, барысы, салдары архив құжаттарын көтеру арқылы ғылыми түрде зерттелуі керек, ал оған қатысқандар мемлекет тарапынан тиесілі марапаттау мен қолдауға ие болуы тиіс.

Интервью алған Б.Сатершинов

Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясы және оның қазіргі Қазақстанда іске асуы

Ұлт тарихын ұлы тұлғаларсыз, ойшылдарсыз көзге елестету мүмкін емес. Себебі, ықылым заманнан бері ықпалына ерген халқын өрге сүйреп, өркениет жолымен алға бастаған да, сенімді ақтамай орға жығып, азап пен қайғыға душар еткен де жеке тұлғалар болған. Бүгін біз олардың бірінің іс-әрекетін құрметпен еске алсақ, екіншісіне өкінішпен бас шайқаймыз. Ал, әңгіме философия, мәдениет, ғылым мен өнер жайына ауысқанда жеке адамдарды, тұлғаларды ауызға алмау мүлде мүмкін емес. Кез келген философиялық және ғылыми еңбек, мәдениет пен өнер туындысы жеке адамның ғана көкірегінен қайнап шығып пайда болады. Соның кепілі Мұстафа Шоқай қалдырған бай тарихи және рухани мұра.

Еліміздің әйгілі кәсіби саяси элитасының бірі болып табылатын Мұстафа Шоқай туралы тарихи және ғылыми-теориялық

зерттеулер басталды. Біз Кеңестік кезеңде «халық жауы» деп жала жабылып, бай мәдени мұрасын зерттеуге, тіпті атын атауға тиым салынған Шоқайды тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана ауызға ала бастадық. Содан бері өткен жиырма жыл мерзімі ішінде ол туралы беймәлім шындықтарды толық жарыққа шығардық деп айта алмаймыз. Өйткені, Шоқай ұлы тарихи тұлға, ұлы ойшыл-демократ. Оның бай мұрасы бір ғана Қазақстанда ғана емес, Өзбекстан, Түркіменстан, Ресей, Грузия, Әзірбайжан секілді көршілес елдермен қатар Франция, Германия, Түркия, тіпті Америка Құрама Штаттарында шашылып жатыр. Оларды жинау мен жүйелеудің талай уақытты және қаржыны талап ететіні белгілі. Сонымен қатар, сол рухани мұраны зерттеу үшін де сол елдердің тілдерін, атап айтқанда, француз, ағылшын, түрік, неміс тілдерін де жете білу қажет. Міне осы жағдайлар, шоқайтанудың өліге дейін неліктен әлеуметтік-мәдени ортаға толықтай шықпай отырғанын аңғартса керек. Кейде осы күңгірттікті пайдаланып, Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік жолындағы жүйелі күресіне күдіктене қараушылар да қылаң беріп жатады. Алдымызда іске асатын шаруалар баршылық.

Түркиялық қандасымыз Абдуқап Қараның ұзақ жылдық «Түркістан жалыны. Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі» деген көлемді еңбегі Шоқай туралы бізге беймәлім көптеген шындықтардың бетін ашып отыр. 2002 жылы Ыстамбұлда түрік тілінде жарық көрген бұл кітап, Шоқайдың сонау Петербургтағы студенттік кезінен бастап өмірінің ақырына дейін еліне жасаған саналуан қоғамдық-саяси қызметтерін құнды деректер негізінде баяндаған. Шоқай туралды зерттеулердің алғашқысы болған бұл еңбекте Шоқайдың Қазақстанда «халық жауынан» халық батыры болып аталуына дейінгі қандай күрделі де қайшылықты процестің жүргенін де анықтаған.

Шоқайдың саясатта тәуелсіздік идеясына келуі оның ұзақ жылдың ащы тәжірибесінің нәтижесі. Ол бұл пікірді кездейсоқ қабылдап жар сала бастаған жоқ. Шоқай саясатқа ерте кезден араласты. Оның гимназияда оқып жүрген кездің өзінде, атап айтқанда, 13-14 жастан саясатпен айналысқанын айтсақ, асыра дәріптегендік бола қоймас. Өйткені, Ресей патшалығы тұсында Түркістан өлкесінің басқару орталығы Ташкент болғаны мәлім. Шоқай гимназияда оқып жүріп, Түркістан сотына арыз-шағымдарын айтуға келген жерлестеріне жанашырлық танытып, олардың мәселелерін шешуге атсалысты. Петербургта заң факультетінде оқуға түскеннен кейін де бұл жұмысын жалғастырды. Ресей Мемлекеттік думасының мұсылман фракциясының жұмысына көмектесті. Ол кездегі Дума Түркістан өкілдеріне жабық еді. Дума сайлауларына Түркістан халқы қатыстырылмайтын. Міне, осы кемістікті Шоқай жоюға тыры-

сып, Түркістан мәселелері туралы сұрақтар дайындап, мұсылман-депутаттар арқылы олардың мәселелерін шешуге атсалысты. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің Түркістан халқын қыруға дейін барған өрескел шараларын Думада талқылануы үшін Керенский басшылығындағы бір парламенттік топтың Орталық Азияға сапар шегуіне, Бөкейхановтың кеңесі бойынша мұрындық болды. Ақпан төңкерісінен кейін Қоқан автономиясына басшылық жасады. Ол құлағаннан кейін Ресейде демократиялық басқару жүйесінің орнауы үшін белсенді жұмыс атқарған орыс демократтарымен біріге отырып, жұмыс істеді. Демократтар большевиктерден жеңіліске ұшырағаннан кейін шет елге кетуге мәжбүр болып, сонда жұмысын жалғастырды. Міне, осындай ұзақ та күрделі саяси күресте Шоқай ұлттық тәуелсіздік идеясына біртіндеп келді. Шоқай саясатты мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалану тәсілі ретінде бағалап, мүмкіншіліктердің аясынан шығуды шығандаушылық деп білді. Сондықтан, ол бастапқы кезде демократиялық Ресейдің бір бөлегі ретінде Қазақстанда ұлттық демократиялық басқару жүйесін орнатуды жақтады. Осы орайда автономияны жақтап, орыс демократтарымен бір сапта болды. Бұл бағытын шет елге шыққан алғашқы жылдарда да одан әрі жалғастырды. Бірақ, басқару билігін толық қолына алған бөтен халықтың ешқашан бұратана халықтарға өздігінен демократиялық құқықтарды бермейтінін байқады. Ұзақ жылдар бойы Шоқаймен демократия және азаттық үшін күрескен ресейлік демократтар Кеңес үкіметі өзінің өктемдік билігін күшейтіп, империялық мүддесі үшін саясат жүргізе бастағанын көргеннен кейін оған деген оппозициялық бағытын бәсеңдетті. Міне, бұл жағдай Шоқайды бір халықтың шынайы демократиялық билігін саяси тәуелсіздік арқылы ғана іске асыра алатыны жөніндегі қорытындыға келуге жетеледі. Яғни, тәуелсіздік демократияның алғышарты, онсыз бір халықтың өркениетті демократиялық ел болуы мүмкін емес. Ол тәуелсіз болмаған жағдайда мүддесі ескерілмей қала береді де, ешқашан демократиялық билікке қол жеткізе алмайды. Міне осы пікірге Шоқай 1926 жылы келді. Осы жылдан бастап Шоқай өз елінің тәуелсіздік жолындағы күрескері ретінде бой көрсетті. Ол еліне тәуелсіздік беру идеясын қабылдамаған ешбір топқа да, ұйымға да кірмеді. Тіпті, бұл бағыт оның өліміне де себеп болуы ықтимал.

Ұлттық тәуелсіздік идеясы – Мұстафа Шоқай шығармаларының өзегі болып табылады. Ол – ХХ ғасырдың ұлы ойшылы және гуманисі, бұл оның «Яш Туркестан» және «Жаңа Түркістан» басылымдарындағы жұмыстарынан анық байқалады. Мұстафа Шоқай ресейлік және кеңестік отарлау саясатына қарсы күш-жігерін аямай жүйелі күресті, әлемдік даму ауқымында Қазақстанның мәдениеті

мен тәуелсіз мемлекеттілігін қайта жандандырудың бағыт-бағдарын негіздеп берді. 1929-1939 жылдарда ол «еркін және біртұтас Түркістан» идеясын жете зерттеді, Қазақстанның демократиялық даму жолының тарихи қажеттілігін негіздеді.

Мұстафа Шоқай – ХХ ғасырдағы Қазақстанның ұлттық демократиялық интеллигенциясының, әлеуметтік-саяси ойы мен саясаттану ғылымының, қазақтың кәсіби саяси элитасының көрнекті өкілі.

Мұстафа Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік идеясы бүгінгі егемен Қазақстан өмірінде іске асып отыр. Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігінсіз Қазақстан Республикасының шынайы егеменділігі мүмкін емес. Қазақстан халқының өркениетті ел болуы – қазақ ұлтының жан-жақты дамуына, оның өзінің ұлттық болмысы мен мәдениетінің төлтумалығын жаңа заманға бейімдеп сақтауына, ұлттық мемлекеттің орнықты дамуына тікелей байланысты. Бұл орайда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойымызға сіңіріп, қазақтығымызды сақтап, басқалармен бәсекеге түсе алатындай рухани-мәдени деңгейде болуымыз қажет. Әлемдік қауымдастық ауқымындағы ұлттық даму дегеніміз басқалармен мәдени өзара әсерге және бәсекеге түсе отырып, ұлттық болмыс пен келбетімізді сақтау. Сонымен, Мұстафа Шоқайдың ұлттық тәуелсіздік идеясы жаһандану заманындағы Қазақстанның өркениетті және демократиялық ел ретіндегі орнықты дамуын қажет етеді. ХХІ ғасыр – Қазақстан Республикасының, бүкіл түркі әлемінің дамыған және гүлденген ғасыры болмақ.

Сөйтіп, ғасырлар тоғысында Қазақстан дербес елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйесі әлемдік өркениет үлгісіне сәйкес қайта құрылды. Кең мағынада алғанда, қоғамдағы демократиялық принциптердің салтанат құруы тек тәуелсіз елде ғана жүзеге асады. Сондай-ақ, шынайы демократия мен халықтың басым көпшілігінің рухани тұрғыдан осы демократиялық бостандықты пайдалана алатындай кемелденуінсіз мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету де мүмкін емес.

Демек, ұлттық тәуелсіздік – қоғамдағы демократиялық принциптердің орнығуы мен халықтың рухани жаңаруының іргетасы болса, демократия мен жаңару – елдің саяси және экономикалық тәуелсіздігін баянды етудің басты құралы.

Тәуелсіздік – қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы мен мұраты еді. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ ХХ ғасырдың аяғында ешқандай қантөгіссіз қол жеткізді. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды, өркениетті мемлекет құруға ұмтылған қадамымызды құптап, қолдау көрсетті.

Біз – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кемеңгер басшылығы арқасында тәуелсіздігімізді нығайту, экономикалық жүйемізді түбірінен жаңарту, демократиялық принциптерді орнықтыру, ұлттық және мәдени бірегейлену сынды күрделі күрделі процестерді басымыздан өткізіп жатқан елміз. Біз – орнықты түрде экономикалық өсуді іске асырып, азаматтық қоғам мен демократия институттарын дамытып, ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтып жатқан елміз. Мұның өзі қоғамдағы тұрақты саяси ахуал жағдайында, халықтың басым көпшілігінің рухани және мәдени жаңаруы арқасында жүзеге асуы мүмкін процестер.

Қазақстанның тәуелсіз ел болғанына 20 жылдай болса да, әлі де Шоқайдың өз халқына және Отанына деген адалдығына сенбеушілер табылып та қалады. Шоқайдың қазақ халқының тәуелсіздігі жолында жүйелі түрде күрескеніне сенбеушілік, біздің халықтан тәуелсіздік мәнін түсініп, ол үшін жанын қиятын адамдар тоталитаризм заманында өз арамыздан шықпады деген пікірмен пара-пар. Бұл қазақ халқын қорлаушылық болып табылады. Өйткені, шетелдік сарапшылардың кейбіреуі «ортаазиялық халықтар ой-сана, өркениет жағынан артта қалған халықтар болып табылады. Тәуелсіздік сияқты қасиетті де өркениетті елдер ғана түсіне алатын жоғары ұғымды олар түсінбейді. Ал, ортаазиялық халықтардың тамағы тоқ, көйлегі көк болса болды олар отарлық бұғауда қалып жүре береді. Сондықтан, Кеңес Одағы өз ішінен шаңырағы шайқалып опырылып ортасына түспеген жағдайда олар Мәскеудің қол астында мәңгілік жүре берер еді» деген ойда екені белгілі. Жоқ, бұл пікір түбірінен жалған. Ортаазиялық халықтар, олардың ішінде қазақтар ежелден еркін жүріп, еркін ойлап, тәуелсіз өмір кешкен данышпан халық. Олар тәуелсіздікті, ешкімге бағынышты болуды қаламағандықтан көшпелі ел болуды таңдады. Қазақ халқына қаншама мың жылдық тарихы бойында Ресей патшалығы мен тоталитарлық Кеңес Одағы кезінде ғана бұғау салынды. Сол бұғаудан құтылу үшін қаншама ерлері мен ел басшылары бұлқынды, ұлт-азаттық көтерелістер болды. Олар жанын құрбан етті, олардың саны көп болды. Дегенмен, осы екі дәуірдің екі заңғар биігі бар: Ресей патшалығы тұсында Кенесары, ал Кеңес одағы заманында Мұстафа Шоқай. Осы биіктерімізді асқақтатып көтеру өркениеттіліктің белгісі. Қазір шоқайтану туралы зерттеулер жаңа сатыға көтерілуде. Ол туралы көптеген шындықтардың беті әлі де ашылмай жатыр, сонан болар ол туралы мифтер де баршылық. Бұл туралы отандық және шетелдік тарихшыларымыз бен философтар, саясаттанушылар мен құқықтанушылар алда көптеген зерттеулер жасайтыны күмәнсіз. Міне, осы орайдағы алғашқы көлемді тарихи-деректемелік зерттеу түркиялық қандасымыз Абдуқап

Қара мырзаның біз сөз етіп отырған еңбегі. Егер де Шоқайдың Отаны мен халқына деген адалдығына, тәуелсіздік жолында өзін құрбан еткеніне әлі күдіктенушілер бар болса, оларға соңғы кездері қорғалған диссертациялар мен жарық көрген кітаптарды оқып шығуды ұсынамыз. Сонымен, қайталап айтар болсақ, Шоқай халқымыздың тәуелсіздік жаршысы бола білген бірден-бір ұлы ойшыл және тұлға. Оның Берлиндегі бейітінің өзі еуропалықтарға ой салуда. «Сонау мыңдаған шақырым жат жердегі қазақ халқының ұлы зиялысы, ойшылы, саясаткері осында қалайша жерленген?» деген сұрақтың өзі үлкен тарихтың ақтарылуына түрткі болуы ықтимал.

Сонымен, қорыта айтар болсақ Мұстафа Шоқай Қазақстан мен ортаазиялық халықтардың тәуелсіздігі мен демократиялық құқықтарын қорғауға жанқиярлықпен қызмет істеген мемлекет қайраткері. Ол осы орайда «біртұтас Түркістан» идеясын көтерді. Мұстафа Шоқай туралы әлемнің түрлі елдеріндегі бар деректерді жинап, жүйелі зерттеулер жүргізу, оның шетелдердегі бай рухани мұрасына ие болу, оны өз халқымызбен қатар басқа әлем халықтарына таныстыру қажет. Шоқайтанудың тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени, философиялық, филологиялық, социологиялық қырларын тереңірек және кешенді зерттеу аядай қажет.

Мұстафа Шоқай – ұлттық тәуелсіздікті ту етіп көтерген ХХ ғасырдың ұлы ойшылы. Проф. М. Қойгелдиев айтқандай, оның отыз томдық шығармаларының факсимильдік басылымын даярлап, жарыққа шығару, сөйтіп, ғылыми айналымға қосу «Мәдени мұра» ортамерзімдік мемлекеттік бағдарлама аясында іске аспақ шаруа. Ләйім солай болғай!

Алда «Мұстафа Шоқай және түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция өткізіп, Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы, оның көзқарасындағы құндылықтар жүйесі, оның мұрасын кешенді зерттеу өте қажет болып отыр. Халқымыз «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей біздің жаһандану заманында болашаққа нық қадам басуымыздың өзі бұрыңғы ата-бабаларымызды қастерлеу және олардың бай мұрасын танып білу арқылы ғана мүмкін болатынын ешқашан естен шығармаған жөн. Сонда ғана біздің болашағымыз жарқын, жолымыз айқын болмақ.

Еуразия философиясы

Ерекше географиялық дүние іспетті Еуразия тұрғындары не батыс еуропалықтарға, не қиыр немесе оңтүстік-шығыс азияттарына ұқсамайды. Еуразиялық халықтарда славяндардың және тұрандықтардың ерекшеліктері аралас болады. Осыдан барып

«Шығыс-Батыс» жүйесінде Қазақстан мен Ресейдің орны жөніндегі мәселе шешілуі керек. Қазақстан мен Ресей – Батыс та және Шығыс та емес, Олар Еуразияға жатады және біртұтас славяндық-тұрандық айырмашылықты білдіреді. Батыс (орыс) мәдениетінде Шығыс әуендері, керісінше, Шығыс мәдениетінде Батыс әуендері мен элементтері кездеседі. Бұл орыс және басқа еуразиялық мәдениеттің ұқсастығымен, олардың тарихи астасуымен, тіпті орыстардың түріктермен, угро-финдермен, моңғолдармен тарихи достастық байланыстарымен дәлелденеді.

Еуразияшылдық «көп халықты ұлт» (немесе Л.Н. Гумилевтің кейінгі «еуразиялық суперэтнос» атауын пайдалансақ) біртұтас үйлесімділік құрамындағы әрбір халықтың құқығы мен ерекшелігін мойындайды. Бұл мұраттың негізін салушылар көп ұлтты еуразиялық мәдениеттің негізі «материалдық база» немесе «мемлекет алдында бас июшілік» емес, ең алдымен руханият және рухтың биіктігі болуы керек деп түсінді. Осыған орай «еуразия философиясы», «еуразия көп халықты ұлтының философиясы» сияқты жаңа термин енгізу қажет сияқты. Өмірді орнықтырудың сыртқы формасына қарайлаушылық пен мемлекет алдында бас июшілік – бұл Батыстың таңдап алған жолы, ол руханиятты, өзіне тән мәдениет төлтумалылығын жоққа шығарады. Батысқа деген кірпияздық және батыстық центризмді сынау. Еуразия қозғалысы өкілдерінің коммунистік Ресейді, марксизм мен большевизмді сынауымен байланысты болды. Олардың пікірінше, Қазан төңкерісі елді толығымен әлемдік өркениеттік даму жолынан шығарып тастап, Батыстың тұйыққа тірелген, рухтан ада жолына апарып тығырыққа тіреді.

Алғашқы еуразиялықтар еңбегінде Еуразия доктринасы мәселелерінің барлық – географиялық, тарихи, саяси және т.б. қырлары сөз етілгенімен, басты бағыты түпкілікті түрде айқындалған жоқ. «Еуразия» деген ұғымның өзі дүдәмал жағдайда қалды. Ол еуропалықтар үшін Еуропа мен Азияға қатысты дүниенің тұрғысынан біресе «үшінші», біресе азиаттық бастаманың басымдығына байланысты олардың синтезі болды.

Көп халықтық еуразиялық суперэтнос өкілдерінің өзіндік этномәдени бірегейлігіне және идеологияға кереғар руханиятқа ерекше мән беретінін ұмыта отырып, еуразияшылдық көбіне-көп тоталитарлық идеологиямен теңестірілді.

Басқа сыншылар Еуразиялық мемлекеттер одағының (ЕМО) қазіргі жобасын КСРО-ны қайта қалпына келтіріп орнықтыруға тырысушылық деп бағалайды. Бірақ бұл жоба мүлде кеңестік құрылысты қайта жаңғырту емес, бұл қазіргі жағдайда мүлде мүмкін де емес, оның үстіне, «Еуразияшылдық» пен «Кеңесшілдік» синоним емес.

Шынайы адами байланыстар мен еуразия халықтарының (жеке алғанда орыстар мен қазақтардың) достығы идеясы да кейде өрескел қате түсіндіріліп келді: достыққа қарай ұмтылудың өзі мемлекеттік тәуелсіздікке, ұлттық мәдениетке және этикалық тазалыққа қауіп ретінде бағаланып қалады. Еуразиялық адам антропологиялық жағынан толыққанды емес деген пікір айтылуда. Шын мәнінде еуразияшылдықтың терең мәнін ашуға әлі келмеді.

Еуразия континентіндегі және оның ішіндегі мұндай ойларды көдуілгі, қарапайым пікірлердің мұртын аздап басу ғана деп түсінуге болар еді. Бірақ, біріншіден, мұндай түзетулер кейде өте қауіпті жағдайға әкеп соқтырады. Екіншіден, Еуразия идеясы төңірегіндегі әртүрлі көзқарастарды тек жекелеген тараптар ғана аңғартып отыр. Ал мұны оның әрқайсысы шынайы мәні ретінде түсінеді. Сөйте тұра еуразияшылықтың «көп қырлылығы» жөніндегі шашыранды ойлармен шектелуге болмайтыны сияқты көзге бірден түсетін қырлары қайталанбас деп тану дұрыс емес. Еуразиялық идеяның табиғи мәніне барлық тарихи сипаттарға ой сала отырып тереңірек үңілу қажет. Барлық қыры түпкілікті әрі анықтауыш болып табылатын нақты – жалпы, диалектикалық түсінікке ой тоғыстыру керек. Философия тілімен айтқанда, еуразияшылдықтың нақты – жалпы ұғымын айқындаудың мезгілі жетті. Еуразияшылдық – күрделі, көп қырлы және көп өлшемді проблема. Әр түрлі абстрактылы анықтамалардың немес жақтардың бірлігі ретіндегі еуразияшылдықтың нақтылы, диалектикалық түсінігін беретін күн туды.

Еуразияшылдықтың терең мәні неде? Кезінде профессор С.Колчигинмен бірлесіп жазған мақаламызда осы сұрақтарға былай жауап бергенбіз.

Еуразияшылдық мәселесі өз ішіне географиялық, тарихи, әлеуметтік, геосаяси, этнологиялық, этнопсихологиялық жақтарды, яғни табиғи ортамен, адамның қоғамдық дамуымен және оның ішкі рухани әлемімен байланысты нәрсенің бәрін сіңіреді. Яғни еуразияшылдық – жеке ғылыми ұғым емес, керісінше, қамтуы мол, әмбебап немесе философиялық ұғым. Басқаша да мәніне үңілейік. «Еуразияшылдық» деген сөз «Еуропа» мен «Азияны» біріктіреді, бірақ олар философиялық мәні жағынан «Батыс» пен «Шығыс» деген кең және мазмұнды ұғымды білдіреді.

Бұлардың мәнін аша отырып, Батыс пен Шығыс өзінің дүниеге қатыстылық қағидасы, яғни дүниедегі көзқарас пен өмірлік-практикалық бағдарламасы тұрғысынан бір-біріне тікелей қарама-қарсы болып көрінеді.

Батыстық дүниеге қатынас және одан туындайтын негізгі идея адамды қоршаған дүниенің жетілмегендігін және адамның

элеуметтік қажеттіліктеріне толық жауап бермейтінін айқындайды. Демек, дүние одан әрі жақсаруды, қайта құруды, одан әрі толығырақ қалыптастыруды қажет етеді. Басқаша айтқанда, батыстық дүниеге қатынастың басты қағидасы – заттық-практикалық, материалдық іс-қимыл, оның мақсаты – сыртқы дүниені өзіне барынша бағындыру және оны адамның элеуметтік имеденуіне және үстемдік етуіне қарай бағындыру.

Дүниеге шығыстық қатынасты алсақ, ол қарама-қарсы негізге аяқ тірейді және түбірінен басқа мақсатқа бағытталған. Шығыс адамы үшін әлем шексіз, сондықтан да ол өзінің бойында барлығын жинақтайды. Ендеше ол дүниені қайта құруды қажет етпейді. Дүниені емес, адамды өзгертуді талап етеді. Материалдық-тәндік қана емес. Сондай-ақ бір мезгілде рухани жанды нәрсе бола тұрып, адам өзінің физикалық шектелуін және нәпсісін жеңіп шығуы және таза рух деңгейіне дейін көтерілуі тиіс. Сондықтан Шығыстың басты қағидасы – адамның өзін-өзі тануы, өзінің санасын жетілдіруі болып табылатын ішкі-психологиялық-рухани іс-әрекет.

Егер Батыстың ұраны: «Сыртқы дүниені танып, соның негізінде оны қайта өзгерт» десе, Шығыстың ұраны: «Өзіңді өзің танып, соның негізінде оны қайта өзгерт». Ал Еуразияның ұраны: «Ізгілік жасау немесе жақсылыққа, жарастыққа, парасаттылыққа ұмтылу». Ұлы Абайдың сөзімен айтсақ: «Адам бол!», рухани-адамгершілік жағынан жетілген, Шығыстың руханияты мен Батыстың озық технологиясын, ақыл-ойын бойына сіңіріп, екеуін ұштастырған толыққанды адам бол!

Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі Еуразия континентінде ең шешуші суперэтностар – славян және тұран (түркі тілдес) халықтарының кейінгі ұрпаққа қалдырған бай философиялық мұралары бар, олардың жиынтығын Еуразия философиясы деуге әбден болады. Сондықтан Еуразия философиясында тұрандықтар мен славяндардың философиялық дәстүрлері арасындағы сұхбат процесі өте қажет. Осының нәтижесінде Еуразия континентінде мемлекетаралық, ұлтаралық және конфессияаралық тұрақтылық пен қауіпсіздік, ендеше еуразиялық рухани келісім қалыптасуда.

Қазір ХХ ғасырдағы тәжірибемен байыған Еуразия идеясы оның алғашқы даму кезеңіне қарағанда да көкейкесті болып отыр. Бүгінгі күнгі жаһандану заманында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан Шығыс пен Батыстың жақындасуы Еуразия континенті мемлекеттерінің дүниеге деген қатынасы мен интеграциясы іспетті аса тарихи қажеттілікке айналуға. Егер алғашқы еуразияшылдық Ресей империясының күйреуіне жауап ретінде болса, қазіргі еуразияшылдық КСРО-ның ыдырауы, сондай-ақ болашақта орын алуы мүмкін элеуметтік-саяси күйреуге деген

әсер болуы мүмкін. Еуразияшылдықты дүниеге айрықша қатынас түріндегі мәдени-философиялық доктрина, адам тіршілігінің әр түрлі тараптарын үйлестірудің бірден-бір тәсілі болар еді. ХХІ ғасырда Еуразиялық идеяның кең де терең мәнге ие болуы да сондықтан. Осыған орай Еуразиялық философия туралы жаңа зерттеулер, оны Батыс пен Шығыс мәдениеттері сұхбаты ауқымында теориялық негіздеу бүгінгі жаһандану заманының өскелең талабы. Батыс философиясы, Шығыс философиясы сияқты Еуразия философиясының өмір сүруі заңды. Сондықтан Еуразиялық идея Еуразия континентіндегі мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешудің бірден-бір үйлесімді формасы, сонымен қатар көп деңгейлі интеграциялық процестердің қайнар көзі, ендеше, континенттік қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің бірден-бір құралы.

Дағдарыстан шығаратын бірден-бір жол – дамудың жаңа моделін табу

– Біз дағдарыстың экономикалық-қаржылық жағына ғана мән берумен шектеліп отырған тәріздіміз. Мүмкін, бұл дағдарыс әлемдік өркениеттің көш басында тұрған елдер таңдаған даму моделінің де дағдарысқа ұшырауының белгісі шығар?

– Қазір барлық мемлекет басшылары әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстан шығудың тиімді жолдарын жанталаса іздестіруде, әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа модельдерін қарастыруда. Әлем бір кіндікті жаһанданудан көп кіндікті жаһандануға көшуде. Оған осы дағдарыс дәлел. Дағдарыс та жаһандану салдарының бірі. Дағдарыссыз даму жоқ екені баршаға мәлім. Біздер көбіне дағдарыстың экономикалық-қаржылық жағына ғана мән береміз. Шын мәнінде, бұл тек қаржылық емес, қазіргі әлемнің геосаяси жүйесінің дағдарысы, оның қаржы жүйесі алғашқылардың бірі болып осы дағдарысты сезінді. Бүкіл әлемнің конфигурациясын түгелдей өзгерту керек. Ол жөнінде Н.Ә. Назарбаев та, Д.А. Медведев пен Б. Обама да айтқан болатын. Осының аясында дағдарыстың мәнін түсініп барып, Үкіметтің ұсыныстары дағдарыстың осындай түсінігіне негізделгені дұрыс.

– Қазақ елінің өзінің тұтастығы мен ұлттық рухын сақтауына жаһанданудың пайдасынан залалы көп болып жүрмей ме?

– Қазақ халқы еліміздегі этносаралық, мәдениетаралық және дінаралық сұхбат арқылы өзара түсіністікке және одан толеранттық әлемді қалыптастыруға, сөйтіп, өзін одан әрі бірегейлендіреді. Қазақ әлемдік дағдарыс жағдайында да өзінің ұлттық тұтастығы мен ұлттық рухын сақтай алады. Оған шетелдердегі қазақ диаспорасының

ұлттық сипатты сақтай алатын бай тәжірибесі кепіл. Қазіргі таңдағы әлемдік процестерді герменевтикалық және жүйелілік тұрғысынан талдай отырып, жаһандану процесі тек кеңейе және тереңдей береді деген ғылыми тұжырым жасай аламыз. Енді ол кейін қарай кетпейді немесе тоқтап қалмайды. Демек, өркениеттер де өзара кірігу мен өзара әсерлесу жолымен одан әрі дамиды.

– **Қазіргі әлемдік дағдарыстан тезірек шығу арқылы жаңа әлемдік тәртіп қалыптастыру үшін жалпылама мәдени-философиялық деңгейде тиімді сұхбат жүргізудің және Батыс пен Шығыстың, Азия мен Еуропаның өзара өркениеттік ықпалдастығының тиімді үлгісін жасау қажет деген ой айтып жүрсіз. Ол қандай болады деп ойлайсыз?**

– Мәселенің қойылу кеңдігі мен қарастырылу шеңбері төмендегі жағдайлармен де анықталады: егер осы сұхбатқа қатысушы позицияның маңызды бір жағы назардан тыс қалса, онда өзара түсіністік туралы айту да мүмкін емес. Бұл процесте қарым-қатынас жасаушы мәдениеттердің дамуына қажетті құндылықтардың өзара алмасуы жүріп жатады, сондықтан осының негізінде рухы бірліктегі адамзат қауымы, шынайы тең құқықты адами бауырмалдық калыптасады. Осындай мақсатқа жету үшін сұхбаттың өзі талапқа сай түсіністік пен келісімге, сенімге алып келетін кезеңдерден, фазалардан өтуді қажет етеді. Сұхбаттың осы деңгейдегі алғашқы фазасы немесе оның жағдайы – сұхбатқа қатысушы ең кемінде екі жақтардың өзара түсінісуі мен сенімі болғаны жөн. Бұл жолдағы күдіктер алға жылжуды баяулатуы, тіптен басқаға қарсы шығуға бөгет жасауы мүмкін. Мәдениеттердің бір-бірін тануы – тек сенім мен ашықтық арқылы жүзеге асады, соның нәтижесінде өзара мүдделестік және өзара сыйласушылық туындайды, өйткені кез келген мәдениет құрамында басқаларды қызықтыратын құндылықтар бар. Сонда ғана, сұхбат бірте-бірте жалпы мақсатқа жетуді көздеген тығыз және өзара тиімді ынтымақтастыққа айнала бастайды.

– **Күштінің – әлсізді, көптің – азды жұтып қоятыны немесе «Біреудің жоғын біреу «өлең айтып жүріп» жоқтайтыны» дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Олай болса, сіз айтып отырған мәдениеттер сұхбаты қаншалықты шынайы болады деп ойлайсыз?**

– Мәдениеттер сұхбаты, өзара түсіністікке жету қажеттілігі туралы, бірлік пен келісім, ынтымақтастық пен сенім туралы айтқанда, біз шынайы сұхбатты меңзейміз, яғни әртүрлі жақтар бір-бірін ести алатындай, тыңдауға тырысатындай сұхбатты айтамыз. Түсіну – басқа мәдениеттің деректерін тек теориялық, рациональды түрде ұғыну ғана емес, сонымен қатар шынайы жүрекпен қабылдау. Біз үшін келісім – бірін-бірі амалдың жоғынан «шыдап қана» қабылдайтын

формалды шарт емес, ол мақсаттар мен мүдделердің шынайы ортақтығын көрсететін құбылыс. Қорыта айтқанда, біз әлеуметтік тұтастық пен бірлікті – бірыңғайлану немесе бір мәдениеттің екінші мәдениетке сіңіп кету немесе олардың бір-бірін өзара жұтып жіберуі, тіптен мәдени көптүрлілікті жасанды түрде сақтау деп түсінбейміз. Бірлік ұғымын формалды түрде емес, мазмұнды-диалектикалық мағынада алсақ, ол – барлық өзара ықпалдасушы жақтардың жасампаздық байланысы (мәселен, адам мен Құдайдың, адам мен адамның, мәдениет пен басқа мәдениеттің шынайы бірлігі және т.б.). Басқаша айтқанда, біз бірлікті көптүрліліктің ішкі үйлесімді байланысы, бірліктегі көптүрлілік деп түсінеміз. Сондықтан, оны көптүрліліктің дамуы ретінде түсінуге болады. Дамудың өзі өзара шығармашылық баюдың, тұтастықтың көп түрлі жақтарының өзара әсері арқасында жүзеге асады, ал басқа жағдайда көптүрлілік дамымайды, ыдырайды.

– Мүмкін, тума мәдениет пен ұлттық бет-әлпетті жоғалтпаудың бір әдісі түгелдей болмаса да қажетті шамада оқшаулануда жатқан шығар? Жаһандануды жанталаса жақтау мен әсіреуразияшылдық өзіңіз айтқан көптүрліліктің түбіне жетіп жүрмей ме?

– Соңғы жылдардың қайғылы оқиғалары көрсеткеніндей, оқшаулану тұғырлары, жабық және қозғалыссыз мономәдениеттің талаптарымен «қалайда бірегейлікке жетеміз» деген шектен шыққан халықаралық ауқымдағы радикализм мен экстремизмге, терроризм мен фанатизмге итермелейді. Бұл – шынайы адамдықтың, кісіліктің, ашықтықтың, төзімділіктің, сенімнің, танымның және бірігей шығармашылықтың бал шырындарынан ада қалған қарым-қатынас.

Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанда қалыптасқан гуманизм, төзімділік (толеранттық), ынтымақтастық, этносаралық және дінаралық рухани келісім, тұрақтылық, сенім, халықтың демократиялық әдет-ғұрпы, сөз бостандығы сияқты құндылықтар әлемдік дағдарыстан нығайып барып шығудың құндылықтық негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы – еуразиялық ел, ендеше, оған еуразиялық идеясы өте жақын. Еуразиялық идея Еуропа мен Азияны біріктіреді, бірақ олар өзінің философиялық мәні тұрғысында Батыс пен Шығыс деген терең ұғымды білдіреді.

Біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміз географиялық тұрғыдан ғана емес, демографиялық және мәдени тұрғыдан да Еуропа мен Азия, христиандық пен исламның тарихи әлемі аралығында жатыр. Еуразия кеңістігі бойынша біздің елімізде ғана славяндар мен түркілердің іс жүзіндегі сұхбаты арқылы үйлесімді қатынасы, достығы,

ислам мен христиандық арасындағы рухани келісім іске асып отыр. Осының арқасында Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Кеден одағы, Орталық Азия елдерінің экономикалық қауымдастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты аймақтық ұйымдар құрылып, жаһандану процесінің зиянды салдарларына тосқауыл қойылуда.

– Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түсер жаһандық тұтастану, өзара халықтар мен мемлекеттердің тәуелділігі, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Жұтылып кетпей өз кейпімізді сақтап қалу үшін не істеу қажет?

– Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи санасы мен жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымы мен дінін, ана тілі мен ерекше ділін, бай дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталасуы қажет.

Қазір қазақ халқы үшін жасанды, виртуальды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өз тәлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырдағы рухы биік мәдениетімізді одан ары қалыптастырған жөн. Рухы мен мәдениеті биік деңгейдегі халық пен мемлекеттің болашағы жарқын. Оған ешқандай күмән болмас.

– Ол үшін әр қазақстандық «Тәуелсіздік, Еркіндік, Азаттық, Егемендік» деген ұлы ұғымдарды өзінің өмірінен де жоғары қоюды үйренуі керек шығар. Еркіндікке қол жеткізген 17 жыл ішінде біз жаңа ұрпақты сол Тәуелсіздік атты баға жетпейтін байлығымызды қадір тұтуға үйрете алдық па?

– Шынында, жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсімдік екеш өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады. Жан-жануар атаулының да аңсары сол. Ал адам ше?! Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, құндақтауға көнбей еркіндікке талпынған тірі пенде қашан жер қойнына кіргенше өз мүддесі жолында тырмысып, тырбанып өтпей ме?! Тіпті нағыз тәубешіл де тәзімді кісінің жан сарайына үңіліп қараңыз, оның да көкірегі – еркіндікке бұлқынған арман мен мұратқа толы.

Шыққан тегі мен өскен тарихының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының, табиғи ортасы мен шаруашылығының, ең соңында, ұлттық ойлауы мен тілінің, дүниетанымының тығыз байланысы бір ұлт етіп ұйытқан кез келген халықта әлгі жеке адам сияқты ғұмыр бойы азат және тәуелсіз ел болуды, жұмыр жер бетінен, адамзат тарихынан өзіне лайықты орнын алуды армандап өтеді. Арманынан

айырылған, сенім мен мұратын жоғалтқан адам да, халық та, мемлекет те дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып, ақырында жоғалып бітеді.

«Үш жүз жыл бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп дербес мемлекетін орнатып, айналасы он жеті жылдың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күш еді», – деп таңғалатындар болса, сол ұлы күш осы – ғасырлар бойы халқымыз көкірегінен өшпеген ұлттық намыс пен азаттық рухы. Сонау көк түріктер заманында айбынымен жарты әлемді ықтырған жауынгер жұрттың тікелей мұрагерлері кейін адамзат көшінің соңына сырғып, бодандық қамытын мойнына киеді деп кім ойлаған?!

– Бәлкім, бұл – түркі жұртының қайта түлеуі алдындағы бір сын болар?

– Бәлкім. Бұл кезінде ертеңгі болашағын парасатпен бағамдай алмай, қауіп-қатерді елең қылмай, өзге жұрт жаппай меңгеріп жатқан жаңалық атаулыны көзіне ілмей астамсыған тәкаппарлығымыздың жазасы болуы да бәлкім. Бұл бәлкім, адамзат дамуының ұлан-асыр дамуының өн бойында көшбасшылық тізгінін алма-кезек қолына алған халықтарды дүркін-дүркін сынға салып, ділі мен тілінің, рухы мен төзімінің беріктігін тексеріп отыратын тарих заңы болар. Қалай болғанда да, бір кезде ат тұяғы жетер маңдағы жұртты айбынымен сескендіріп, Еуразия құрлығының орталығын емін-еркін иемденген бостандық сүйгіш халқымыздың сыртқы және ішкі қайшылықтар мен жанжалдар шырмауынан шыға алмай, ақыр соңында бодандық бұғауына маталып тынғаны ақиқат.

– Ұлы Абай айтқандай, «Өз еркіміз өз қолымыздан кетіп», жатжұрттың қабағына жалтақтаған үш ғасырда отарлаушылар қазақты өздерінің сол баяғы «айбынымен жарты әлемді ықтырған жауынгер жұрттың тікелей мұрагерлері» екенін ұмыттыру үшін жазған жалған тарихқа әлі сеніп отырғанымыз қалай?

– Үш ғасыр бойғы өзгеге тәуелділік халқымыздың бірнеше буын ұрпағының бойындағы елдік, отаншылдық, ұлтжандылық рухын езіп-жаншып, дүниетанымымыз бен ділімізді әртүрлі қитұрқы идеологиялық қисындар қалыбына салуға тырысып баққаны рас. Бірақ, халық көкірегіндегі тәуелсіз елдігін қайта орнатсақ деген сенім мен үміт ұшқыны өшкен жоқ. Әсіресе, ХХ ғасырдың басында қалыптасқан демократиялық ұлттық интеллигенция, ұлттық кәсіби саяси және интеллектуалдық элита өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму бағдарын айқындауға білек сыбана кірісті. Олардың қатарында Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Дулатов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қарашев және тағы басқа даныш-

пандар болды. Жан-жақты білімдарлық пен парасаттылықты, саяси күрестің тәсілдері мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген демократияшыл қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаң қылыш пен зеңбіректің аузына қарсы шабатын ақкөз басшыларынан мүлдем өзгеше тұғын. Олар туған халқының көзін ашып, көмескі тартқан рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте ұлттық тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса, ең сенімді жолын саналылықпен таңдап алды. Бірақ осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қоңырауының сарыны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған азаматтар рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз ел болуға жеткізіп отырған да сол рух.

Халық жадында жаңғырып, оның күнделікті өмірімен аста-сып, сабақтасып отырмайтын тарих – өлі тарих. Жансыз тарих жер бетінен жоғалған халықтарда ғана болады. Бұрын қазақ елінің тарихы қазақ халқының жүріп өткен ұлы тарихи жолы құр деректер тізбегі түрінде самарқау баяндалып келсе, бүгінгі талап – басқа. Біз осы тарихымызды ұлттық және стратегиялық мүдде тұрғысынан, халқымыздың ізгілікке, елдікке ұмтылуының үздіксіз саяси процесі ретіндегі ұлт-азаттық күресі түріндегі қасіретінен сабақ алып, жарқын тұстарына орынды мақтана отырып, қайта жазып шығуымыз қажет. Осы орайда, халқымыздың қоғамдық-саяси ойы дамуының елеулі кезеңінің шежіресі іспетті тәуелсіз ел тарихын қайта бір парақтап шығу бүгінгі бізге де, болашақ ұрпаққа да пайдалы болмақ. Сондықтан сонау ХХ ғасыр басындағы зиялы қауым ұстанған ұлттық идея бүгінгі күні тәуелсіз елімізде іске асуда.

– Тарихта әйгілі, атақты, кемеңгер, данышпан, танымал тұлғалар болғаны белгілі. Олардың ұлттың, мәдениеттің, тіпті бүкіл қоғам мен мемлекеттің дамуында үлкен рөл атқарғаны рас. Олар артында еш уақытта өлмейтін із қалдырды, қоғамның көптеген саласында керемет жаңалықтар ашты. Ал бүгінгі күнде танымалдылық деген не? Бүгінгі танымалдар елге қызмет ете ме, әлде қалтасына қызмет ете ме?

– Танымалдылық қай заманда да жеке адамның қоғамдағы мәртебесіне ықпал еткен. Бағзы замандағы ғалымдар мен сазгерлер де, абыздар мен бақсылар да өздерінің белгілі бір қауым ішіндегі атағы мен беделінің арқасында билік жүргізуге, байлық табуға ұмтылған. Байлық пен ақша әлеуметтік күшке айналған кейінгі қоғамдарда танымалдылықтың бағасы, тіпті өсіп кетті. Әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының, олардың ішінде киноның, теледидардың, интернеттің, электронды хабар тарату құрылғыларының және шоу-бизнестің пайда болуы – бұқара халықтың санасына ықпал етуге кең жол ашты.

Қарапайым адамдар кино мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілікке кең танымал болған актерлердің, әншілердің, журналистердің, жазушылардың, ғалымдардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, т.б. пікіріне құлақ түретін болды, олардың отбасылық өміріне, не ішіп, не жейтініне қызықты, реті келсе солармен аралас-құралас болуға, қолтаңба алуға, бірге суретке түсуге ынтықты. Бұл – қарапайым адами тілек. Алайда, ақша табу үшін қайсыбір пысықтар танымалдылықтың қыруар байлық жинау көзі екенін бірден ұқты.

– Танымалдылықтың дәл осылайша құны түсіп, пайда тапқыштық пен билікқұмарлықтың қолындағы қуыршаққа айналып кетпеуі үшін біз не істеуіміз қажет?

– Ең алдымен, қалың көпшіліктің асыл мен жасықты айыра алатындай биік мәдени және саяси талғамын өзіміздің бай ұлттық құндылықтарымыз арқылы тәрбиелеуге күш салған абзал. Сонда жылтырақ әуесқойдың әнін ешкім тыңдамайды. Жақсы адамды дөрекі қаралаушылардың, бақырауық саясаткердің сөзіне жан баласы құлақ аспайды. Қолдан жасалған жасанды танымалдылықтың құны «көк тиын» болып қалады.

Екіншіден, қазақта «хан айтқан сөзді қара да айтады, бірақ аузыныңдуасыжоқ» деген сөз бар. Демек, танымалдарынды адамның сөзі қашан да өтімді. Демек, танымал адам әр сөзін салмақтап, асқан жауапкершілікпен айтып, өмірде шынайы белсенділік танытқаны жөн.

Танымал тұлғаға, атақты ғалымға, ғұлама ойшылға еркін ойлау мен еркін сөйлеу, халық пен ұлт мүддесі үшін қажетті терең ой қозғау мен құнды пікір айту тән. Ол – халық пен билік басындағы кісілер арасындағы халық мүддесін қорғайтын жан.

Үшіншіден, ұлттық, аймақтық және әлемдік танымалдылық оны иеленетін жеке адамның ғана мәртебесі емес, бұл – бүкіл халықтың, қоғамның, мемлекеттің бет-бейнесін танытатын әлеуметтік қазына. Белгілі дарынды адамдары жоқ қоғам – сұрқай қоғам, зиялы қаймағы жоқ халық – тобыр. Сондықтан, халықтың, ұлттың, қоғамның мүддесіне қызмет етуге тиіс мемлекеттік билік тармақтары қоғамдағы танымал тұлғалар пікірімен санасып, олардың кездейсоқ арызқой біреулердің шылауында кетпеуіне, азғындамауына қамқорлық жасап отыруы шарт.

– Нарық адамның құлқын бұзды ма, түзеді ме?

– Өткен ғасырдың басында данышпан, ойшыл-ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы «Білімділерге бес сауал» атты мақаласының бесінші сұрағы былай қойылған: «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара ма? Қай түрлі жауап берсеңіз де дәлеліңіз не?» Бүгінгі күні көріп отырғанымыздай,

адамдардың адамшылығы, кісілігі, парасаттылығы, имандылығы бұзылып бара жатқан сияқты. Оған дәлел көп. Адам атымыздан гөрі пенде деген затымыз басымырақ болып бара жатқандай. Бұл – бүкіл ұлтқа, мемлекетке үлкен қауіп.

Шәкәрім өзінің «Адамдық борышы» атты өлеңінде өзі қойған сұраққа былай жауап қайтарады:

«...Өміріңді сарп қыл өлгенше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып
Қауымға келмейсің.
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!»

Қандай терең мазмұнды жауап десеңізші. Мен заман өткен сайын әрбір адам «барын, нәрін тірлікте беріп, ғибрат алар артында із қалдырып» отырса, шынайы бақыт осы екенін терең ұғынса екен деген тілектемін.

– Қазақ жаһандану заманында өз бейнесін жоғалтпау үшін қай қасиетін, мінезін жоғалтпауы керек?

– Сонау орта ғасырдағы данышпан түркі ойшылдарынан тарихи бастау алатын қазақ халқының ұлттық философиясы этикалық және аксиологиялық құндылықтарға өте бай. Қазақ халқы – табиғатынан қиналғанға қол ұшын беруге даяр тұратын, ізгілікке жаны құмар гуманист халық. Қонақжайлығы да, кеңпейілділігі де, жомарттығы да осы сезімнен туындаған. Діні қаттылықты, бар бола тұра ештеңе татырмайтын шығайбай сарандықты әжуа етумен келеміз. Бәлкім, ата-бабаларымыздың дұрыс байлық жинай алмай кеткені де осыдан болар. Алайда ұлттық діліміздегі бұл қасиетті мансұқ етуге болмайды. Керісінше, жарлы-жақыбайға көмектесуді дәстүрге айналдырғаннан ұтылмаймыз. Бұл – бір.

Екіншіден, ізеттілік – яғни үлкенді сыйлау, кішінің көңіліне қаяу салмау – атадан балаға көшіп келе жатқан асыл қасиеттеріміздің бірі. Қазақтар тіпті ренішінің өзін ишаралап жеткізеді. Бұл – шығыстық қулық емес, шын көңілден шыққан ибалылық пен имандылық. Үшіншіден, қоғамның кішкентай ұясы түріндегі отбасындағы ынтымақ – аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы рухани келісім қазақ қоғамында, тіпті ежелгі түркі қоғамында да, көздің қарашығындай сақ-

талған. Ата-ананы, аруақтарды қастерлеу, анасының, әйелінің, қарындасының, әжесінің, апасының арына кір жұқтырмай сақтау – биік адамгершілік, имандылық, парыз деңгейіне көтерілген.

Төртіншіден, адалдық. Досқа, ағайынға, ұлтқа, Отанға адалдық қазақ халқының ұғымында айрықша әспеттеледі. Ата-бабаларымыздың ғасырлар тереңінен жеткен аманаты сынды батырлық жыр-дастандарымызды қайта парақтап шығайықшы. Олардың бәріндегі негізгі трагедиялық желі жауын жапыра жеңіп келген батырдың ту сыртынан жасалған опасыздықтан туындап жатады. Бейне опасыздық пен сатқындыққа айтылған лағнеттің үні құлағыңа келгендей болады.

Бесіншіден, қазақтар баласын жастайынан білімге, ғылымға ұмтылуға тәрбиелеген. Баланың оқығаны мен тоқығанына біздер үлкен мән берудеміз. Осылайша бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелей аламыз. Мен біздің жастарымыздың білімі әлемдік, ал тәрбиесі ұлттық деңгейде болғанын қалаймын.

Алтыншыдан, қазақ – еркіндікті, әсіресе, ой еркіндігін, пікір дербестігін, жеке басының бостандығын, ешкімнен тәуелсіз болғанын жоғары қоятын халық. Жағымпаздық, мансапқорлық сынды теріс әдеттер бізге кейін жұққан. Бұрынғы қазақ қоғамындағы «Дат!» деп аталып, ханға да қарсы уәж айта беретін дәстүрді қоғамтанушылар «далалық демократия үрдісі» немесе «көшпелі демократиясы» деп атапжүр. Хан да, батыр да, сұлтан да, бай да, қара халықтың мүддесіне сай уәжімен есептесуге мәжбүр болған. Ендігі жерде қазақтың болашағы қазақтың және оған жаны ашитын қазақстандықтардың қолында. Бұл – бүгінгі шындық. Оған да шүкіршілік етейік.

– Қазақтілі Қазақстан халқын ұйыстыратын, мемлекетшілдік және патриоттық сезімдерін оятуға ықпал ете алатын бірден-бір фактор бола ала ма?

– Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің, қазақ халқының, бүкіл қазақстандықтардың болашағы өте бай қазақ тілінде болып отыр. Ол шынайы мемлекеттік мәртебеге ие болу үшін мемлекеттік тіл туралы Парламент тезірек арнаулы заң қабылдауы қажет. Содан кейін бүкіл халық болып, ел болып ол заңды іске асырамыз деп ойлаймын. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен қазақ тілін зерттеу мен дамыту үшін Ұлттық қор құрылып, ол өз жұмысына кірісіп те кетті. Сонымен бірге елімізде ауқымды «Мәдени мұра» мемлекеттік стратегиялық жоба іске асуда. Жоғарыда айтылған қазақтың бай мәдени қазынасы бәрімізге ортақ Отанымыздың одан ары гүлденуі мен көркеюінің бірден-бір рухани негізі екені рас.

Қазақтың ұлттық дамуы үшін елімізде іштей тұрақтылық пен қауіпсіздік, этносаралық және дінаралық келісім, қазақ ұлтының маңына топтасқан басқа этностардың жақсы көңіл күйі қамтамасыз

етеді. Осы жағдайда әлемдік экономикалық дағдарыстан тезірек аман-есен шығып, әлемдік қауымдастықта дербес дамуымызды одан ары жемісті жалғастырамыз. Оған қазақ халқының ешқандай күмәні болмас. Сөйтіп, халқымыздың жемісті еңбегінің арқасында құрылған сәулетті де қуатты тәуелсіз Қазақстан Республикасы бүгінгі жаһанданушы әлемде өзінің жоғары орнын иеленеді деген сенімдеміз. Қазақстан дербес дамудың сара жолына түсті, сол жолмен нық жүріп келеді. Енді жаһандану жағдайында өз төлсаналығын жоғалтпай, осы үдеріске кіріге отырып, оның серпінділігін сезінуші жақ қана емес, сездіруші жақ ретінде де әрекет етуді игеруі керек.

Әңгімелескен Әділ Бек Қаба
«Айқын», № 17, 4 ақпан, 2009 ж.

Жетістіктеріміз өз қазанында қайнаумен шектеліп, әлемдік аренаға шыға алмай отырғанын мойындау керек

– Әсілінде, кеңестік билік тұсында ғылымның көптеген саласы жоғары жақтың қамқорлығының арқасында өркен жайып, елімізде әлемге мәшһүр ғылыми мектептер қалыптасты. Қазір Тәуелсіздік алғалы жетімнің күйін кешкен отандық гуманитарлық ғылымның дағдарысы туралы арагідік айтылып қалады. Осындай пессимистік пікірлермен келісесіз бе? **Отандық гуманитарлық ғылым Тәуелсіздікке, ұлтқа не берді?**

– Иә, мұндай қамқорлықты ғылыми тілде патернализм дейді. Кеңестік дәуірде қазақтың дәстүрлі қоғамында бұрын-соңды болмаған батыстық түбірдегі кәсіби ғылым қалыптасты. Әсіресе соғыс жылдарында еуропалық өңірдегі ғылым ордалары мен өндіріс ошақтарының Қазақстанға эвакуациялануы ғылым мен өнеркәсіптің өркендеуіне түрткі болды. Қазақстанда Ғылым академиясы құрылды, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қазақстандық ғылымды қалай ұйымдастырып бергені бәріңізге белгілі. Басқа да ғылым салалары секілді қазақстандық философия да өркендеп, қанат жайды.

Аталмыш дәуірде Қазақстанда өзіндік кәсіби философиялық мектеп қалыптасып қана қоймай, оның өкілдері жалпы кеңестік, әлемдік философиялық білімнің дамуына да өзіндік үлестерін қоса білді. Бұл диалектикалық логика және ғылым әдіснамасының мәселелеріне қатысты қосылған елеулі үлес болды. Қазақстандық философтардың осындай салмақты ғылыми жаңалықтары – бірнеше монографиялар мен мақалалар тізбегінің жариялануы оларға бүкілодақтық танымалдық әкелді. Осы кезден бастап Қазақстанда

кәсіби философияның қалыптасуы туралы толық негізде айтуға болады.

Тәуелсіздік тұсында қазақстандық гуманитарлық ғылым дағдарысқа ұшырады дегенмен келіспеймін. Тәуелсіздікке қол жетісімен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру жолында қыруар жұмыстар атқарылды. Отандық гуманитарлық ғылымның Тәуелсіздікке, ұлтқа бергені, жасағаны айтарлықтай, әлі де берері мол.

Біз жоғарыда «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 50 томдық философиялық еңбек жарияладық дедік. Бұл еңбектің басым көпшілігін герменевтикалық және компаративистік әдістер арқылы зерттеулер, аудармалар мен түсініктемелер құраса, болашақта біз кешегі Елбасының бұл бағдарламасын жаңаша жандандыру жолында мәдени-рухани мұра негізінде тарихи-философиялық және антропологиялық зерттеулерді өрістете түсеміз. Бұл – отандық философия ғылымының атқарған жұмысының бір ғана бөлігі. Мұны Тәуелсіздікке, ұлттың рухани дербес дамуына қосылған үлес демекпіз.

– Мемлекет пен ғылымның байланысы қандай болуы керек? Біреулер саясаттың жетегінде жүруі керек дейді, біреулер дербес болуы керек дейді. АҚШ-та ғылым тәуелсіз түрде, мемлекеттік билікпен әріптестік байланыста тапсырыспен жұмыс істейді деседі. Кей елдерде ғылымның мемлекеттік саясатсыз, мемлекеттің демеуінсіз күні жоқ. «Ғылым – мемлекеттік билік» моделі қандай болуы керек? Бәлкім, ғылымға менеджмент жетпей жатқан болар?

– Адамзат тарихына көз жіберсек, ғылым, рухани мәдениеттің әдебиет пен өнер секілді басқа да салалары сияқты, күні кешеге дейін мемлекеттің қамқорлығында, үстемдік етуші сарайдың аялы күтімінде болып келді. Бұл әсіресе ғылымның қоғамдық-гуманитарлық саласына қатысты. Көне заманғы және орта ғасырлардағы Рим императоры Август пен халиф Аарон Рашидтің кезіндегі ғылымның гүлденуін еске алсақ та жетіп жатыр. Тіпті, Жаңа дәуірде де Англиядағы, Франциядағы, Швециядағы, Ресейдегі жаратылыстану ғылым академиялары король мен императорлар сарайының жанынан құрылды. Табиғаттың сырларын адам игілігіне жаратуды көздеп ашылған бұл жаңа замандық еуропалық білім мен ғылым ордалары кәрі құрлықта белең алған буржуазиялық қатынастардың күрт дамуына да қызмет

етті. Ғылым да өз кезегінде қарқынды дамып, оның жаңалықтары тез арада өндіріс пен өнеркәсіпке енгізіліп, пайда табудың шапшаң тәсіліне айналды. Тіпті философияның өзінде прагматизм мен утилитаризм алдыңғы орынға шықты. Нәтижесінде, ғылым табиғатты тағылықпен тонайтын тұтынушы қоғамның құралы болып шыға келді.

«Ғылымның дербестігі» деген түсінік – шартты ұғым. Ол мемлекеттің қамқорлығында болмаған жағдайда, қалталы меншікиелеріне күні түсіп қалады. Шындығында, қашанда ғылым адамдарына өздерінің сүйікті істерімен алаңсыз айналысуы үшін салыстырмалы түрде оқшаулық, жақсы жағдай мен әлеуметтік қорғалу керек. Олардың ғылымды ұйымдастыру, оның өнімдерін өткізу, табысты үлестіру мәселелерімен айналысуға уақыты да, мүмкіндіктері де жоқ. Сондықтан, бұл рөлді өз қолына мемлекет немесе жеке бизнес ұйымдары алуы керек. Бұл заманның талабы болып отыр. Әрине, ғылым өз елінің, халқының, ұлтының мүддесіне қызмет етуі тиіс, бұл үшін ғылымның мемлекет қарамағында болғаны абзал. Дегенмен, бүгінгі таңда, жалаң сциентизмнің дағдарысы жағдайында ғылым мен білімді гумандандыру мен гуманитарландыруды өрістету керек. Ғылымдар да өз кезегінде өздерінің кәсіби этикасын сақтағаны дұрыс. Сонымен бірге ғылым саласындағы менеджментті барынша дамытқан жөн.

– Кеңестік екі сатылы (кандидаттық, докторлық) ғылым жүйесінің орнына батыстық үш сатылы (бакалавриат, магистратура және Ph.D докторантура) жүйесінің енгізілуі біраз даудамай тудырып отыр. Соның салдарынан еліміздегі 7 мыңдай ғалым мен ізденушінің жатпай-тұрмай жасаған еңбектері зая кетіп, тиесілі ғылыми дәрежелерін ала алмау қаупі бар. Мұны қалай оңтайлы шешуге болады?

– Біздің еліміз Болон келісіміне қол қойды. Интеллектуалдық тұрғыда дамуымыз үшін, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін де әлемдік ғылыми-ақпараттық кеңістікке енуіміз қажет. Бұл үшін батыстық білім беру жүйесінің қызметі аясынан тыс қала алмаймыз. Бакалавриат, магистратура және Ph.D докторантурамен сипатталатын үш сатылы батыстық білім беру жүйесіне өту осындай қажеттілікпен түсіндіріледі. Осыған орай, аспирантурада оқытудың тоқтатылғанына үш жыл болды, бұрынғы жүйемен ғылым кандидаттары мен докторларын қорғату биылдың желтоқсан айымен доғарылатын болды. Бұл шешім, жаңа өзіңіз айтқандай, ізденушілер арасында үлкен әбігершілік тудырып отыр. Оның үстіне жаңа жүйемен докторлар қорғатудағы тәжірибеміз жоқтың қасы, жетістігін де, жемісін де әлі бағалай алмаймыз. Бұл мамандар даярлаудың ұйымдастырушылық-техникалық базасы да дайын емес әрі көп шығынды да қажет ететін тәрізді. Менің

бұл мәселеге келгендегі ұстанымым мынадай: бұл екі жүйені де уақытша, ең болмағанда өтпелі үш жылдай кезеңде қатар жүргізу керек, қорғауға қойылатын талаптар мен тәртіпті күшейту керек, тек білім мен ғылым саласындағы еңбектерімен көзге түскендерге қолдау көрсеткен жөн сияқты.

– Тарихта философтарды көп дүниеге әкелген және мықты философиялық мектептерді қалыптастырған неміс, қытай, орыс сияқты халықтар бүгінде өркениет көшбасшылары болып отыр. Халықтардың пассионарлық қуатының қайнар көзі философияның асыл қазынасында жатса керек. Жаратқанның сырларын, табиғат тылсымын жүрегімен танып, түйсінген қазақ та – асқан философ халық. Қазақ философиясының мәні неде? Қазақ философиясының тума бастауы қайда жатыр және оны бүгінгі өмірде қалай көдеге асыруға болады?

– Дұрыс айтасыз, кез келген халықтың дамуының қайнар көзі оның сырттан енгізілген технологиялар мен материалды меңгеруінде емес, оның ішкі рухани импульстарын пайдалануында жатыр. Классикалық неміс философиясы да, қытайдың даолық даналығы да осы импульстарды пайдаланды. Мемлекет біздің халқымыздың рухани мәдениетінің лайықты қызметіне үлкен көңіл аудара отырып, уақыттың сұранысын өтеуге ұмтылуда, ал ата-бабамыздан қалған бай рухани мұраның тасымалдаушылары мен сақтаушылары – біздің еліміздің өскелең ұрпағы, біздің балаларымыз бен немерелеріміз жаһандану дәуіріндегі Қазақстанның болашақ күш-қуатын білдіреді.

Сіз айтқандай, қазақ – тумысынан философ халық. Сондықтан, ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық тұғырларын қалпына келтіруде философия маңызды орын алады. Қазақ философиясы этика мен антропологияға көбірек көңіл бөледі, аксиологиялық мәселелерге, әсіресе, рухани құндылықтарға ерекше назар аударады.

Қазақ философиясындағы осы рухани сабақтастықты ғасырлар қойнауынан тапжылтпай тануға болады: бұл сарын сонау сақ дәуіріндегі дана Анарыстан бастап, кемеңгер Тоныкөктен, қарт абыз Қорқыттан, ойшыл баба әл-Фарабиден, данышпан ақын Жүсіп Баласағұннан, әулие Қожа Ахмет Иасауиден, халықтың қамын жеген Асан Қайғыдан, қазақ ақын-жырауларынан, Абай мен Шәкәрімнен табылады.

Қазіргі қазақ философиясының мәні неде деген мәселеге келер болсақ, бостандық, азаттық, Тәуелсіздік идеясы жаратылысынан еркіндік сүйгіш қазақ халқының өмірінің мәнін құрайтын сияқты. Қазіргі қазақ философиясының мәні, қайталап айтамын, барлық жағынан алғандағы еркіндік және еркін ойлау мәселесі болуы керек деп ойлаймын.

– Нарық келгелі қазақтың өмірлік философиясы қатты өзгерді, адамшылық философиясының орнын ақша фәлсафасы басып кетті. Зерттеушілер әлем халқы дағдарыстан шыққан соң, ендігі жерде ғаламдық қатерлер ушыға түседі дегенді айтады. Компьютерсіз ойлай алмайтын ұрпақтың өсіп шыққаны, ойын-сауыққа, арзан құндылықтарға бой алдыру қауіп-қатерлі тенденцияға ұласып барады. Осыған орай Фукуяманың, Атталидің, Бодрийярдың, Тоффлердің басын қатырған адамзаттың ортақ проблемаларын шешудің жолдары қандай болмақ?

– Кешегі ғаламдық қаржылық-экономикалық дағдарыс қолданыстағы банк жүйесінің сенімсіздігін көрсетіп берді. Оның қасында пайыз алуға тыйым салатын ислам банкингінің әлеуеті зор және бұл қазақстандық нарыққа біртіндеп ене бастады. Біздің неше ғасырдан бергі дәстүрлі салт-санамыз ислами құндылықтармен астасып кеткен, енді одан несіне жерінеміз, қайта әркімді даралайтын осы өздігімізге қайтып келген дұрыс емес пе?! Оның үстіне, өзіңіз айтып отырғандай, біздің төл мәдениетімізге мүлдем жат нарықтық қатынастарға негізделген құндылықтар мен пайдәкүнәмдік философия халқымыздың мінез-құлқына, адамшылыққа құрылған әлеуметтік қарым-қатынасымызға кері әсерін тигізіп отыр. Ақша тапқан, мал тапқан да жақсы ғой, бірақ осы қандай жолмен табылғаны белгісіз табысты жөнімен жұмсамай, жаңағы айтылғандай, бос желікке, ойын-сауыққа және арзан құндылықтарға жұмсап, желге ұшырып жіберу үрдісі белең алуда. Ал, мұсылманшылықтан шамалы да болса хабары бар адам ысырап жасаудың, мағынасы жоқ сөз айтып, мәні жоқ іс істеудің, бос, пайдасыз нәрсемен айналысудың немесе құр босқа жатудың терістеліп, керісінше, Құдайдың разылығы үшін өзіңе ғана емес, өзгелерге де үнемі пайда әкелетіндей әрекет үстінде жүру керектігін жақсы біледі. Мұндай ислами әдетті бұрын ата-әжелеріміздің бойынан байқайтынбыз. Дағдарыстан кейін ғаламдық қатер ушығады деп ойламаймын. Керісінше, бұл дағдарыс адамдарға үлкен сабақ болады, тойымсыздықтан тыйылып, қанағатқа, ысыраптан бойды аулақ ұстап, салауатты үнемілікке үйретеді деп ойлаймын.

Адамзаттың болашағы кім-кімді болса да толғандырады. Әрине, философтар да мұнан тыс қала алмайды. Болашақ қоғамды біреулер постақпараттық, біреулер постмодернистік, біреулер биоинженерлік, біреулер постгуманитарлық деп атап жүр. Енді біреулері «ақырзаман» туралы идеяны үдетіп, мұндай эсхатологиялық көңіл күй тарихи, діни және ғылыми-фантастикалық шығармаларда («Апокалипсис», «2012», «Сукұйғыш дәуірі» және т.б.) үнемі бой көрсетіп отыратын көркем жанрға айналды. Әлемді екіге жарған социалистік лагерь ыдырағанда Ф.Фукуяма «тарихтың

ақыры» басталды деп жар салып еді. О.Тоффлер болашақтан адамзаттың үшінші технологиялық революциясын күтеді. Ж.Аттали де әлемдік тәртіп өзгеріп, ендігі ойын алаңы Оңтүстік Азияға қарай ойысады деп есептейді.

Әрине, бұл құбылыс адамзаттың тарихи санасы үшін таңсық емес. XX ғасырдың өзінде діни эсхатологиялық жүйелермен (мысалы, мормондар мен «Иегов куәгерлері» секталары, Рене Генонның, Тейяр де Шарденнің ілімдері, New Age қозғалысы, әртүрлі теософиялық құрылымдар және т.б.) қатар, неміс ұлтшылдығы және орыс коммунизмі де милленаристік идеологияны бүркенді. Алайда бұлар өздерінің зайырлы түсіндірмелерінде тарихтың ақыры ретінде «жарқын болашақтың» келуін дәріптесе, қазіргі экологиялық апат жағдайындағы қоршаған ортаны адамдардың одан ары лаптауы және өзімшіл тұтынушылығы, сондай-ақ адамның жаттануы мен тамырдан ажырап, жалғызсырауы нәтижесіндегі сенімсіздік келешекті тұманды етіп көрсетеді. Осыған жауап ретінде бүгінде дін рухани қажеттілік ретінде көзге түсіп отыр.

Құбаш Сағидоллаұлы
«Алаш айнасы», 17 тамыз 2010

Философия мен саясаттанудың ғылыми ордасының мерекесі

– Биыл Сіз басқаратын ғылыми-зерттеу институтының тарихындағы елеулі оқиға болып отыр. Алда келе жатқан Институттың жартығасырлық мерейтойымен құттықтай отырып, оның осы тарихи кезеңде өткен белестеріне қысқаша тоқталып өтсеңіз?

– Өткен XX ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік, мәдени және рухани әлеміндегі оқиғалардың бірі – Қазақстанның Ғылым Академиясының қалыптасуы болатын. Ол ондаған жылдар бойы еліміздегі іргелі ғылымның жүйеленуіне, пәрменді дамуына үлкен ықпалын тигізген орталық болды. Ал сол ғылыми орданың ауқымында 1958 жылы Философия және саясаттану институтының тарихы басталды. Алдымен Сектор кейпінде қалыптасқан ғылыми құрылым сол жылы өзіндік дербес институтқа айналды. Оның алғашқы директоры болып әлемге әйгілі академик С. Зиманов тағайындалды. Философтар мен заң ғылымын зерттеуші мамандардың одағы оның іргетасын құрады. Ол осы кейіпте 1991 жылға дейін өмір сүрді. Одан кейін ғылыми ұйым Философия институты, ал 1999 жылдан Философия мен саясаттану институты болып ресми тіркелді. Соны-

мен, биыл кәсіби философияның қыр-сырын зерттейтін еліміздегі өзіндік орталығына жарты ғасыр толып отыр. Ол көп пе, аз ба? Оны тарихтың өзі сараптан өткізе жатар. Ал енді кәсіби мамандар дайындайтын Философия факультеті елімізде Қазақтың мемлекеттік университетінде 1949 жылдан бері философтар дайындап келе жатқанын ескерсек, онда ХХ ғасырдың екінші жартысы елімізде нағыз кәсіби философияның орныға бастаған кезеңі деуге болады. Біздің Институттың осы 50 жылдық тарихи кезеңінде бес директор жетекшілік еткен екен. Олардың қатарында Т. Жангелдин, академиктер – С. Зиманов, Ж. Әбділдин, М. Баймаханов және мен де бармын. Жалпы мен тарихи кезеңнің алғашқы жылдарында осы институттың қабырғасында еңбек жолымды бастадым. Содан бері де 51 жыл өткен екен. Кеңес үкіметі дәуірінде Қазақстан философтары біршама кәсіби биік беделге ие болып, «Диалектикалық логикадан алматылық мектеп» деген мәртебеге жеткенімізді, бір топ ғалымдар Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанғанын мақтанышпен айта аламын. Сол кезеңдегі Мәскеулік, алыс және жақын шет елдердің атақты философия саласындағы мамандарымен біздің әріптестер ғылыми шығармашылық қарым-қатынаста болып, жалындаған жастық шағымызда кәсіби шыңдалу мектебінен өткізгенімізге қуаныштымыз. Міне, зерттеудің әдіснамалық, теориялық негіздері анықталып, ғылыми ізденістер жасаудың көптеген қыр-сырларын меңгеріп, қазіргі уақытқа дейін іргелі монографиялар мен проблемалық мақалалар көптеп жазылды. Олардың біршамасы қазіргі кезеңде әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, жарық көргенін айта кету керек. Бұл біздің Қазақстан Республикасының жаңа тарихи кезеңіндегі орнықты дамуына, өзінің тәуелсіздігін нығайта түсуіне қосқан үлесіміз болып табылады. Әрине, болашақта осы шығармашылық шабытты шыңдауға, ел үшін қызмет етуді жалғастыруға күш салатынымыз анық. Яғни, қоғамымызда бәсекеге қабілетті интеллектуалдық ұлтты, зиялы қауымды қалыптастыруға атсалысу біздің кәсіби және өмірлік мақсатымыз болып табылады. Қазіргі заманда білім мен ақпараттың гуманизациялануы мен гуманитарландыруы өзекті бола түсуде. Сонымен қатар, күн тәртібіне аксиологиялық және әлеуметтік-этикалық мәселелерді қарастыру көкейкестілігі тұр. Философиялық зерттеулердің бағыт-бағдарлары осындай болмыстық құбылыстарға, мәселелерге бет бұруда. Институтымызда 20-дан аса ғылым докторлары, 25-тен аса ғылым кандидаттары табысты жұмыс істеуде. Көптеген аспиранттарымыз бен докторанттарымыз бар. «Адам әлемі-Мир человека», «Әл-Фараби» деп аталатын екі бірдей халықаралық деңгейдегі ғылыми журналымыз әр тоқсан сайын жарыққа шығып тұрады. Оларға ЮНЕСКО-дан

куәлік берілген. Оларда қазіргі заманның философия және саясаттануы бойынша күрделі теориялық және қолданбалы мәселелері жарияланады. Сонымен қатар, біз орындаған ғылыми жобаларымызды өзіміздің баспамыздан уақытылы ұжымдық монография ретінде шығарып тұрамыз. Институтта ұйымдастырылған біріккен теориялық семинарда қазіргі заманның өзекті мәселелері бойынша пікірталастар жүргізіліп тұрады. Сонымен қатар, Институтымызда философияның үш мамандығы бойынша докторлық диссертациялар қорғалатын Диссертациялық кеңесіміз бар. Қазақстанның әр түрлі аймақтарынан келген мамандар диссертацияларын қорғап, кәсіби біліктілігін арттыруда. Қысқаша айтқанда, еліміздегі философия мен саясаттану ғылымдарының биік теориялық деңгейінің сақталуына, оның үнемі өрбіп, дамып отыруына, осы салалар бойынша білікті ғылыми кадрлардың дайындалуына үлес қосып келе жатқан ғылыми мекемеміз еліміздің тәуелсіздігін бекіте түсу үшін қажет деген ойдамын.

– Енді алыс және жақын шет елдерде жарық көрген әріптестеріңіздің еңбектеріне тоқтала кетсеңіз. Өйткені еліміздегі гуманитарлық саланың жетістіктерінің әлемде насихатталуы үлкен мәселе. Сондықтан біздің беделді ғалымдарымыз, әр түрлі ғылым салаларындағы зерттеушілеріміз өздерін халықаралық деңгейде танытқаны да жөн емес пе?

– Ойыңызға толық қосылуға болады. Шетелдің беделді баспалары мен журналдарында, халықаралық конгрестері мен конференцияларында әр қилы ғылыми мақалаларымыз бен баяндамаларымызды жариялап, кітаптарымызды жарыққа шығарып жатсақ, онда қазақ халқы мен Қазақстан Республикасы туралы әлем халықтары тереңірек, кеңірек біле түсері анық. Айта кететін жәйт: Ресейдегі философия, социология мен саясаттану салалары бойынша әр түрлі өзекті мәселелер бойынша «Вопросы философии», «Социологические исследования», «Высшее образование в России», Америка Құрама Штаттарындағы «Культурное наследие и социальная трансформация» сияқты журналдар мен басылымдар мамандар арасында беделі өте жоғары, жетекші рөл атқарады. Міне соларда мақалаларымыздың үнемі жарық көріп тұратынын атап өтуге болады. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде Новосибирск қаласындағы Ресей Ғылым Академиясының бөлімшесімен де тығыз шығармашылық байланыстар бар. Ал енді, АҚШ, Түркия, Иран, Қытай және т.б. елдерде бірнеше іргелі бірлесе зерттеулердің нәтижелерін айшықтайтын монографиялар жарық көруде. Сөйтіп, жалпы Қазақстанның философия мен саясаттану салаларының жетістіктері әлемнің гуманитарлық кеңістігінде кеңінен насихатталуда. Қазіргі дамыған 50 мемлекеттің қатарына

қосыла алатындай, бәсекелестікке қабілетті елдердің біріне айналу үшін біздің мамандарымыздың еңбектері шетелдерде жарық көре бергені абзал. Осындай әрекеттерден түбінде ұтылмасымыз анық. Біздің гуманитарлық саладағы шығармашылығымызды, ғылыми нәтижелерімізді шетелдіктер де жоғары бағалауда. Мәселен, биылғы жазда Корей Республикасының астанасы Сеул қаласында өткен XXII Әлемдік философиялық конгресс соның айғағы. Институттың жетекші ғылыми қызметкерлері Қазақстанның және қазақтың философиялық ойын орыс және ағылшын тілдерінде баяндамалар жинағы түрінде конгрестің қатысушыларына арнап, алдынала дайындаған болатын. Міне, осы қазіргі біздің интеллектуалдық деңгейімізді әлемге танытатын кітап көптеген елдердің өкілдеріне таратылды. Канадалық Д.Свит, Америка Құрама Штаттарынан келген Дж. Маклин, жапониялық Имамиши, ирандық Авани, ресейлік В.Степин мен А. Гусейновтердің және т.б. жоғары бағасына іліктік. Сөйтіп, осы конгрестің барысында бұрынғы қатынастар тереңдетіліп, болашақ философиялық ғылыми ынтымақтасудың негіздері қаланды. Қазіргі кезеңде жаһанданудың мәселелері барлық халықтар үшін ортақ екені пікірталастар барысында тұжырымдалды. Өсіресе, ғылыми ықпалдасуға жастарымыз араласа бергені еліміздің болашағы үшін тиімді. Қазіргі тәуелсіздікке қол жеткізген тарихи кезеңде жастарымыздың «Болашақ» атты Президенттің мемлекеттік гранттары арқылы дамыған елдерде сапалы білім алуға талаптанып жатқандығы қуантарлық нәрсе. Яғни біздің келесі ұрпағымыз білім мен ғылымдағы, мәдениет пен өркениеттегі әлемнің тарихи қордаланған барлық алдыңғы қатарлы құндылықтарын бойына жинақтауда, осы әрекет өз кезегінде қомақты нәтижелер берері анық.

– **«Философия және саясаттану институты» деген атқа ғылыми мекеме Қазақстанның тәуелсіздігіне қол жеткізген кезеңде ие болды. Ол сонымен қатар еліміздің демократиялық процестерге бет бұра бастаған дәуірімен сәйкес келеді. Енді ұлттық философияның қайнар көздерін айқындап жатырмыз, сонымен қатар философия мен саясаттанудың өзара байланысын іздеудің қажеттілігі туралы да айта кетсеңіз.**

– Бұл Институтқа 1990 жылдан бері Философия институтының жетекшісі болып келемін. 1991 жылы елімізде алғашқы рет қазақ философиясы бөлімін ашуға бастама жасадым. Соның нәтижесінде халқымыздың сан ғасырлық даналығын ғылыми жүйелеуге мүмкіндіктер ашылды. Міне содан бері бұл бөлім «Қазақ даласының ойшылдары» деген атпен төрт кітаптық топтаманы дайындап, жарыққа шығарды. Одан кейін екі ұжымдық монография баспаға дайындалу үстінде. Қазақ тілінде кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалып, бұрын зерттеу нысанына айналмай

келген Қорқыт, Қожа Ахмет Иасауи, Иүгінеки, Асан Қайғы, Ғұмар Қараш, қазақтың би-шешендерінің философиясы терең зерделеулерден өткізілді. Алғашқы рет елімізде ислам философиясын жан-жақты зерттеуге шынайы қадамдар жасала басталды. Сөйтіп, қазақ руханилығының тұңғыықтары кәсіби сараптаудан өткізілу үстінде. Ал, 1997 жылдан саясаттану саласын игеруге бетбұрыс жасай бастадық. Ол өмірдің өзінің заңынан туындады. Соңғы жылдары біздің мамандарымыз Президенттік әкімшілік пен Үкімет органдарынан келген тапсырыстар бойынша қолданбалы зерттеулермен де шұғылданып, мемлекетіміздің практикалық өміріне көмегін тигізетін ғылыми ұсыныстар, талдамалар жасап берумен де айналысуда. Бұл теория мен практиканың үндесе бастағанының белгісі деп ойлаймын.

– Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының ауқымындағы философия саласының өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған орай бүкіл бағыттың жетістіктері мен қиындықтары туралы айта кетсеңіз.

– Қазіргі кезеңде еліміздің тарихында болашақ ұрпақ үшін қомақты рухани мағынасы зор істер атқарылып жатқанын атап өтуіміз керек. Осы бағдарламаны іске асыру барысында «қазақ философиясы» деген термин біздің санамызға еркін еніп, өзінің шынайы өмір сүретіндігін дәлелдеді. Оған қарсы заман болғанын естен шығармайық. Дегенмен, философиялық тәсілдердің көмегімен терең зерделеуді қажет ететін ұлттық өзіндік сана, әлемнің ұлттық картинасы, ұлттық құндылықтар және рухани әлемдік қатынастардың өзге де формалары бар екені белгілі. Олар әрі қарай ғылыми ізденістерді жалғастыруды қажет етеді. Ұлттық және әлемдік мәдени мұраны жүйелеу, оны жастар мен әр түрлі этникалық және демографиялық топтар арасында насихаттау елімізде ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастыру мен дамытуға үлкен септігін тигізеді деген ойдамын. Топтамаларға енген шығармалар еліміздің стратегиялық бағдарларына қайшы келмейтін, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін, адам болмысының маңызды тұстарын ашып көрсететін, тәуелсіздігімізді рухани жағынан нығайта түсуге негіз болатын және теориялық мағынада халқымыздың рухани жетілуіне лайықты болатын еңбектер деуге болады. Мәдени мұраны игеру мемлекеттік тілдің сөздік қорын байытады, оның мәдени және әлеуметтік қызметінің аясын кеңейтеді, еліміздегі этносаралық келісімнің орнығуына гуманитарлық негіз болады. Философия саласындағы еңбектердің жарық көруі қоғамдағы этносаралық қатынастарды үйлесімдендіруге, қоғамымыздың пәрменді дамуына негіз болатын ұлттық идеяны қалыптастыруға интеллектуалды түптамыр, этномәдени қайнар көз болатыны

анық. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру қоғамда ой еркіндігін қалыптастырады, жаңа зерттеулер мен оқулықтардың мемлекеттік тілде сапалы және ғылыми негізде орындалуына іргетас болады. Ал, енді кейде әдеттегі қисындарға, ғылыми параметрлерге, заманауи талаптарға сәйкестене бермейтін, қазақи ділге «жағымды» бола бермейтін, тарихи сипаттағы өткен замандағы шығармалардан кейбір үзінділері томдарда келтіріліп жатса, онда бұл шығармалардың мәтінімен қазіргі заман қазақ тілді тұлғасының да таныс болғаны жөн деген қадамды білдіреді. Ол түп негізінде субъектінің дүниетанымдық көкжиегін түрлендіреді, әрқилыландырады және тарихи танымның мағынасы тек оң сипаттағы бір қалыптан шыққандай емес екендігін білдіреді. Менің пікірімше, жалпы өмірдегі жақсы мен жаманды айыруды оқырманның өзіне беруге тиістіміз, оның шығармашылық және таңдау еркіндігіне құрметпен қарауға да үйренуіміз керек іспетті. Бұрынғы тоталитарлық қоғамдағыдай бір сыдырғы ақпарларды қордалап, ойлау жүйесін шектеп тастау дәстүрінің заманы өтіп кеткенін еске салуға болады. Онсыз демократиялық принциптерді еліміздегі мәдениет пен руханият саласына пәрменді енгізе алмаймыз, оны халқымыздың мәдениет кеңістігіне тарата алмаймыз.

Тәуелсіздік ғылымның кеңес дәуіріне дейін тарылып келген тынысын, қысылып келген қадамын ашты, еркін әрі шынайы даму жолына түсірді. Кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның қалыбына келмейтін кез келген нәрсе кейінге ысырылды. Қазақтың бүкіл дәстүрлі мәдениеті, ұлттық философиясы мен құндылықтар жүйесі «ескішілдіктің сарқыншағы» деп жарияланды, халқымыздың тілі мен ділі, тарихы мен дәстүрі, діні жапа шекті, атеизм мен ғылыми коммунизм үстемдік етті. Әрине, кеңестік дәуірдегі жетістіктерді де жоққа шығармаймыз. Бірақ «қорқытып дамыту» деген бола ма, тоталитаризмнің жан түршігерлік қыспағының ұлттық мәдениет үшін ауыр салдарлары болды. Тәуелсіздікке қол жетісімен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи жады мен өткенін толығымен жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, ұлттың тарихи санасын қалыптастыру арқылы мәңгірттік жағдайдан арылу, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру жолында қыруар жұмыстар жасалынды.

Қазақ даласы рухани қазынаға бай екені белгілі. Оның тұнып тұрған тарихын елеп-екшеп, айқындай алсақ, онда сан ғасырлық рухани байлығымызды бағалағанымыз. Қасиетті Сыр өңіріндегі Қарауылтөбе ауылында өткен ғасырдың отызыншы жылдарының

аяғында дүниеге келдім. Әкемді бұрынғы кеңестік саяси жүйе «халық жауы» деп әділетсіз жала жапқандықтан тоталитарлық режимнің қыспағының қандай болатынын жастайымнан етене сезініп өстім. Кейін ол кісінің ақталуына қол жеткізгеніме тағдырға ризалығымды білдіремін, бұл ғұмырда адам үшін әділдік пен әділеттіліктің орны ерекше екен. Әділдікке қарай ұмтылу – менің өмірлік принципіме айналған еді. Жастайымнан арманым жақсы ғылыми жұмыс пен тартымды еңбектер жазу арқылы әкеге ескерткіш орнату.

– **Қазақстанның әр түрлі аймақтарында, тіпті, алыс және жақын шетелдерде Институт ғалымдарының жетекшілігімен көптеген ғылыми жұмыстар жазылып, шәкірттер тәрбиеленіп келгенін айта кету керек шығар. Осыған орай іргелі гуманитарлық ғылымның еліміздегі болашағы жайлы айтсаңыз.**

– «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дейді дана халқымыз. Философия мен саясаттану ғылымдары бойынша біздің Институтымыздың профессорлары жетекшілік етіп, дайындаған көптеген ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары білікті маман ретінде тек еліміз ғана емес, сонымен қатар Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан және т.б. әлемнің көптеген елдерінде табысты қызмет атқаруда. Осылай халықтар арасындағы байланыс негізінен, ғылым мен білім, мәдениет саласында өрбісе, онда руханиятымыз бен руханилығымызды дамыта түсеріміз анық. Бүгінгі күнде осы руханилық мәселесін күн тәртібіне толыққанды қоя білуіміз керек, оны тереңірек ғылыми мәселе ретінде зерттеуіміз керек. Жалпы адамзаттың болашағы руханилықты барынша дамытуда. Адамдар арасындағы ізгілікті қарым-қатынас әруақытта әлеуметтік кеңістікті байыпты етеді, халықтарды бір-біріне жақындата түседі. Осыған орай жаңа интегралды өзара түсінісу философиясы өте өзекті болып отыр. Сондықтан, егер біздің мамандарымыз шет елдерге барып ғылыми гранттарды ұтып алу арқылы білімін жетілдіруден өтіп жатса, бізге сондай мамандар басқа елдерден келіп жатса көп жатсына бермеуіміз керек. Себебі, планетарлық сана, планетарлық этика жөнінде толығырақ, нақтырақ айтатын уақыт та келді. Адамзаттың тағдыры күннен күнге біртұтастана түсіп келе жатқанын ескеруіміз керек. Сондықтан ХХІ ғасыр гуманитарлық білім ғасыры болуы тиіс. Ал, ол философияны игермей дүниені біртұтас ұғыну мүмкін емес.

– **Жаһандану, бір жағынан, объективті процесс, екінші жағынан, ол өмірдің барлық қатпарларына еңдеп келеді. Жаһанданудың жақсы жағы да, теріс жағы да бар екені белгілі. Жақсысы – біз мемлекет ретінде оқшауланып қалмаймыз, сан түрлі бағыттарда әлемдік және аймақтық интеграцияның барлық**

көріністерін сезінеміз, ақпараттық байланыста боламыз. Ал енді оның теріс жақтары да бар екені белгілі. Соған тоқтала кетсеңіз.

